



ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 4(80)/2015
Серия ФИЛОЛОГИЯ

ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА



ISSN 0142-0843

**ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА**

ISSN 0142-0843

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
№ 4(80)/2015
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

Қазан—қараша—желтоқсан
30 желтоқсан 2015 ж.

1996 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Октябрь—ноябрь—декабрь
30 декабрь 2015 г.

Издается с 1996 года
Выходит 4 раза в год

Собственник РГП **Карагандинский государственный университет
имени академика Е.А.Букетова**

Бас редакторы — Главный редактор
Кубеев Е.К., д-р юрид. наук, профессор

Зам. главного редактора
Ответственный секретарь

Х.Б.Омаров, д-р техн. наук
Г.Ю.Аманбаева, д-р филол. наук

Редакция алқасы — Редакционная коллегия

М.И.Абдуов,
Г.Ю.Аманбаева,
Золтан Андраш,
Ж.А.Жакупов,
Ш.М.Мажитаева,
Матейко Любор,
Ж.Н.Жунусова,
Н.И.Букетова,
А.С.Адилова,
Б.Шалабай,
Н.Ж.Шаймерденова,
С.А.Матяш,
М.Д.Джусупов,
У.М.Бахтикиреева,
Т.В.Белюшкова,
К.Жанбозулы,
Ж.З.Кадина,

редактор д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
д-р филол. наук (Венгрия);
д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
PhD д-р (Словакия);
д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
д-р филол. наук;
д-р филол. наук (Россия);
д-р филол. наук (Узбекистан);
д-р филол. наук (Россия);
д-р филол. наук (Россия);
д-р филол. наук (КНР);
отв. секретарь
канд. филол. наук

Адрес редакции: 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28
Тел.: 77-03-69 (внутр. 1026); факс: (7212) 77-03-84.
E-mail: vestnick_kargu@ksu.kz Сайт: vestnik.ksu.kz

Редакторы *Ж.Т.Нұрмұханова*
Техн. редактор *А.Қ.Тыныштықбай*

Издательство Карагандинского
государственного университета
им. Е.А.Букетова
100012, г. Караганда,
ул. Гоголя, 38,
тел.: (7212) 51-38-20
e-mail: izd_kargu@mail.ru

Басуға 29.12.2015 ж. қол қойылды.
Пішімі 60×84 1/8.
Офсеттік қағазы.
Көлемі 12,0 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 316.

Подписано в печать 29.12.2015 г.
Формат 60×84 1/8.
Бумага офсетная.
Объем 12,0 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 316.

Отпечатано в типографии
издательства КарГУ
им. Е.А.Букетова

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Тұрсынова М.А., Тілеубек Ж.Е.</i> Түркі тілдеріндегі жабайы аңдарға қатысты атаулардың тарихи-салыстырмалы сипаты	4
<i>Пірімбетов Т.Т., Ахметова А.А.</i> Қазақ тіліндегі шылаулардың морфологиялық тұлғасы мен лексика-грамматикалық мәні.....	11
<i>Қазанбаева А.З., Қалыбекқызы Г.</i> Батырлар жырындағы этномәдени лексиканың танымдық сипаты	17

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛ БІЛІМІ

<i>Аманбаева Г.Ю., Қасенова Г.Б.</i> Орыс тілін кәсіби бағдар бере отырып оқытуда заманауи технологияларын қолдану	23
--	----

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРАНУ

<i>Науқенұлы Б.</i> Балаларға арналған қазақтың халық ойындарының Қытайдағы тарихи даму барысы	28
<i>Каренов Р.С.</i> Ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин — көрнекті ақын, жаңашыл жазушы (туғанына 175 жыл толуына орай)	36
<i>Шаубин Чи, Ысқақұлы С.</i> Қытайдағы таяу заман қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен даму үрдісі (XIX ғ. – XX ғ. алғашқы жартысындағы әдебиет мысалында)	45
<i>Каренов Р.С.</i> Іргелі жазушы, халқымыздың асыл перзенті Ілияс Есенберлиннің әдебиетімізде алатын орны (туғанына 100 жыл толуына орай).....	54

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Байгаж А., Кадина Ж.З.</i> Өзге тілде ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда компьютерлік презентациялар мен бейнефильмдерді қолдану	63
<i>Сағындықова Ж.</i> Шетелде оқыту арқылы мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту	67
<i>Аманова Г.М.</i> Сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруда қырғыз мектебі оқушыларын сөйлеу іс-әрекеті түрлеріне оқыту	71
<i>Жумагулова Н.С., Жумагулова Е.В.</i> Қазақстандағы үш тұғырлы тіл: pros and cons	78

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

<i>Әбдуов М.И., Қазбеков Т.Б.</i> Асқар таудай әке мұрасын зерттеу.....	84
---	----

СОДЕРЖАНИЕ

КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Турсунова М.А., Тілеубек Ж.Е.</i> Сравнительно-историческая характеристика названий диких животных в тюркских языках	4
<i>Примбетов Т.Т., Ахметова А.А.</i> Морфологическая структура и лексико-грамматические значения предлогов казахского языка	11
<i>Казанбаева А.З., Калыбекқызы Г.</i> Когнитивная характеристика этнокультурной лексики в героических эпосах	17

ОБЩЕЕ И РУССКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Amanbaeva G.Yu., Kasanova G.B.</i> Modern technologies the professional focused studying of Russian	23
--	----

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<i>Науқенұлы Б.</i> Процесс развития казахских народных игр для детей в Китае	28
<i>Каренов Р.С.</i> Грани творчества Ибрая Алтынсарина (к 175-летию со дня рождения) ..	36
<i>Шаубин Чи, Ысқақұлы С.</i> Формирование и развитие современной казахской литературы в Китае (на примере литературы XIX в. – первой половины XX в.).....	45
<i>Каренов Р.С.</i> Многогранность творчества Ильяса Есенберлина (к 100-летию со дня рождения).....	54

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

<i>Байгаж А., Кадина Ж.З.</i> Использование компьютерных презентаций и видеороликов для формирования правил устной речи на иностранном языке.....	63
<i>Sagyndykova Zh.</i> Developing intercultural competency: study abroad experience.....	67
<i>Аманова Г.М.</i> Взаимосвязанное обучение видам речевой деятельности учащихся кыргызской школы при формировании речевой компетенции.....	71
<i>Жумагулова Н.С., Жумагулова Е.В.</i> Трехъязычие в Казахстане: pros and cons	78

РЕЦЕНЗИИ И БИБЛИОГРАФИЯ

<i>Абдуов М.И., Казбеков Т.Б.</i> Исследование о наследии отца	84
--	----

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.....	91	СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ.....	91
2015 жылғы «Қарағанды университетінің хабаршысында» жарияланған мақалалардың көрсеткіші. «Филология» сериясы.....	92	Указатель статей, опубликованных в «Вестнике Карагандинского университета» в 2015 году. Серия «Филология».....	92

ӘОЖ 811.512.1

М.А.Тұрсынова¹, Ж.Е.Тілеубек²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²А.Құнанбаев атындағы № 5 мектеп-гимназиясы, Абай (Қарағанды облысы)
(E-mail: t_marhaba@mail.ru)

Түркі тілдеріндегі жабайы аңдарға қатысты атаулардың тарихи-салыстырмалы сипаты

Мақалада қазіргі түркі тілдеріндегі жабайы аңға қатысты атаулардың сипатына тарихи-салыстырмалы талдау жасалған. Түркі тілдеріндегі жабайы аңға қатысты атаулардың өзіне тән ерекшеліктері қарастырылып, мысалдармен дәлелденген. Түркі тілдеріндегі жабайы аңға қатысты атаулардың сипатын көрсетуде зерттеушілер еңбектері арқылы қыпшақ, оғыз, қарлұқ, бұлғар, ұйғыр-оғыз тобындағы тілдердегі дамуы мен қалыптасуы, жеке тілдерге қатысты өзгешеліктері қарастырылған. Түркі тілдеріндегі жабайы аңға қатысты атаулардың ерекшеліктерін, айырмашылықтарын, ортақтықтарын көрсету барысында көне жазба ескерткіштері материалдарымен байланыста талдау жасалған, түркі тілдерінің тарихи грамматикасына қатысты мәліметтер келтірілген.

Кілт сөздер: түркі тілдері, салыстырмалы лексика, түркі тілдеріндегі жабайы аң атаулары, көне түркі тілі, қазіргі түркі тілдері, салыстырмалы-тарихи зерттеулер.

Түркі тілдерінің салыстырмалы лексикасына қатысты талдау жүргізу арқылы көне түркі тілінен бастап қазіргі түркі тілдерінің дамуын, сөздік қордағы сөздің қалыптасуын немесе өзгеріске түсуін қадағалауға болады.

Түркілердің көне жәдігерлер тілінен келе жатқан сөздерінің ортақтығымен қоса, жеке тілдің қалыптасуына байланысты өзгешеліктері де жоқ емес. Солардың бірі — түркі тілдеріндегі жабайы аңдарға қатысты сөздердің сипаты.

Түркі даласын мекендейтін, сиыр тұқымдас күйіс қайыратын дала жануары, *сусиыры* «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» Африкадан тараған, терісі қалың, тықыр түкті, сүтқоректілер тобына жататын, салмағы зор, ірі денелі хайуанды *сусиыр* екендігін айтады [1]. Қарақалпақ тілінде *сусыйыр*; ноғай тілінде *сусыйыр*, *кәвмиш*; түрік тілінде *сусығыры*; түркімен тілінде *гәвмиш* деп қолданылады. Басқа түркі тілдерінің көбінде (башқұрт, қазақ, қырғыз, татар, тува) орыс тіліндегі *буйвол* сөзі алмастырады. Түрік тілінде *сусиырын* басқаша *манда* деп те атайды [2; 122]. Әзербайжан тілінде *сусиырдың еркегіне* байланысты қолданатын *кәл* сөзі кездеседі. *Сусиырдың жас төлінің еркегін кәлчә* деп атайды. Әзербайжан тілінің әр диалектісінде *кәлчә* сөзінің жас мөлшеріне байланысты мағынасы әр түрлі болып келеді. Кейбір жерлерде жаңа туған төлінен бастап алты айға дейінгі баласын, кейбір жерлерде бір жасқа дейінгі төлін немесе бір жастан үш жасқа дейінгі төлін осылай атайды. *Сусиырдың ұрғашысына* байланысты әзербайжан тілінде *жамыш* сөзін қолданады. *Жамыш* сөзі түрік тілінде *жамус* деп кездеседі. Бірақ мұндағы *жамус* сөзі жалпы буйволдардың атауы болып табылады. Ал *ұрғашысын домбай* сөзі алмастырады. Әзербайжан тілінде *жамыш* сөзі *дүйә* сөзімен тіркесіп келген жағдайда әлі шағылысқа түспеген *жас ұрғашы сусиырды* білдіреді. Ұрпақ таратуға қабілетсіз, *бедеу ұрғашы сусиырды* әзербайжан тілінде *әрәмк* деп атайды. *Сусиырдың* жынысы мен жас мөлшеріне байланысты жіктелуі әзербайжан тілі мен түрік тілінде көрініс табады. Мысалға әзербайжан тілінде туылғаннан бастап алты айға дейінгі төлдің жалпы атауын *балағ*, *балах* деп атайды. Түрік тілінде *малақ* (жас сусиыр); *көдәк*, *хәтәк* (алты айдан бір

жасқа дейінгі төлі); *пота, авара* (бір жастан екі жасқа дейінгі төлі); *дүгә* (жас ұрғашы сусиыр); *ішәй* (екі жастан төрт жасқа дейінгі еркек сусиыр); *шахі, кәл вуран, быға кәл* (үш жасар еркек сусиыр); *кәлә дуран* (үш жасар ұрғашы сусиыр); *түмі* (төрт жасар еркек сусиыр) деп атайды [2; 123]. Бұдан сусиырдың барлық түркі тілдерінде жасына, жынысына байланысты атаулардың толық көрініс таппайтынын аңғаруға болады. Махмұт Қашқаридің еңбегінде жабайы сиыр мағынасында *қотуз* сөзі кездеседі [3; 422].

Түркі жерін мекендеген жабайы дала жануарларының бірі — *доңыз*. Доңыз — терісі қалың, тұрсіпаты тұрпайы жабайы хайуан, шошқа. *Доңыз* сөзі көне түркі тілінде *тоңуз* болып кездеседі [3; 358]. Әзербайжан тілінде *доңуз*; гагауз, түрік тілдерінде *домуз*; қазақ тілінде *доңыз*; қарақалпақ, түркімен тілдерінде *доңуз*; татар тілінде *дуңыз*; өзбек тілінде *тунғыз*; ұйғыр тілінде *тоңғуз, тоңуз, доңуз* деп атайды. *Доңыз* сөзі өзбек тілінде үйде өсірілетін доңызбен қоса жабайы доңызды да осылай атаған (*жабан дуңғузы, кик тоңуз, қазіргі өзбек тілінде евойи чучқа*).

А.М.Щербак өзінің еңбегінде Әлішер Навоидің «Мухакамат ал-лугатайн» деген еңбегіне сілтеме жасай отырып: «Одним из важнейших животных, на которых охотятся в Средней Азии, является тонкуз, и что самца этого животного называют кабан, самку — мегежін (өзбек тілінде *мегәжін*, қазақ және қырғыз тілдерінде *мегежін*, монғол тілінде *тегсін*), а детеныша — *чорпә*», — деп жазады [2; 125]. Қырғыз тілінде де *доңуз* сөзі жабайы шошқа мағынасында жұмсалады. Көне жыл санау бойынша доңыз жылы он екінші жыл болып саналады.

Доңыз сөзінің этимологиясын анықтауда әр түрлі пікірлер бар. Г.Вамбери *тоңуз* сөзінің негізін *тоң* сөзі деп, оны қырғыз тіліндегі «үлкен», «мықты» мағынасындағы *чоң* сөзімен байланыстырады. Ал Г.Рамстедт *тоңуз* сөзін *тон* (шошқа) сөзімен байланыстырады [2; 125]. Біздің ойымызша, көне түркі тіліндегі *тоңуз* сөзі қатып қалған, қыңыр мағынасындағы сөзден туындауы мүмкін деп ойлаймыз (*тоңмойын* — ырыққа көнбейтін бірбет, қыңыр мінез).

Түркі тілдерінің көбінде үй шошқасынан бөлек жабайы, дала шошқасын *қабан* деп атаған. Тува тілінде ғана *қабан* сөзі *үй шошқасы* мағынасында қолданылады. Мысалға, *чер хаваны* (жабайы шошқа), *ым хаваны* (үй шошқасы) деп айтылады. Ал басқа түркі тілдерінде жабайы шошқаны *қабан* деп атайды. Әзербайжан, түркімен тілдерінде *габан*; башқұрт, қарақалпақ, татар, қазақ тілдерінде *қабан*; қырғыз тілінде *қаман*; өзбек тілінде *қабан*; ұйғыр тілінде *қаван* деп атайды [2; 125]. Тірі тілдердің, диалектілердің, жазбалардағы сөздердің мәліметтеріне сүйенсек, *қабан* сөзінің көне мағынасы *жабайы шошқа* дегенді білдіреді. Осы мағынадағы *кабан* сөзі түркі тілінен орыс тіліне көшкен. Сөйтіп, көне славян тіліндегі *кабан* мағынасындағы *вепрь* сөзін ығыстырып шығарған.

Осы сөздермен синонимдес *чочқа* сөзі түркі тілінде қолданылады. Мәселен, алтай, қырғыз тілдерінде *чочқо*; башқұрт тілінде *сусқа*; қазақ, қарақалпақ тілдерінде *шошқа*; татар тілінде *чучқа*; өзбек тілінде *чұчқа*; ұйғыр тілінде *чочқа*; хакас тілінде *сосха*; чуваш тілінде *сысна* деп атайды.

Гагауз тілінде *скрофа*; < румын тілінде *scroafa*; < якут тілінде *сабинне*; < орыс тілінде *свинья*. Көне жазбаларда шошқа мағынасындағы *лағзын* сөзі кездеседі. Бұл сөзді В.Томсен манчжур тіліндегі *улягн* сөзімен жақындастырады [2; 125].

Шошқаның төлін қазақ тілінде *торай*; қырғыз тілінде *торопой*; якут тілінде *тороқу, тороху* (жабайы шошқа, кабан) деп атайды. Монғол тілінде түркі тілінің әсерінен болса керек, *торой* деп қолданылады. Қырғыз тіліндегі *торопой* сөзін этимологиялық формаға жақын деп айтуға болады. Біздің ойымызша, *торопой* сөзі түйенің төліне байланысты атайтын *торум* сөзі мен сиырдың төліне қолданатын *торпақ* сөзімен байланысты деп ойлаймыз.

Түркімен тілінде шошқаның төлін *jojuk* деп атайды. *Jojuk* сөзі *чочқа* сөзінен туындап, морфологиялық өзгеріске түсуі мүмкін. Әзербайжан тіліндегі *чочқа* сөзі *доңуз* сөзімен қарама-қайшы келеді. Дегенмен, шошқаның төлін білдіретін *чочуқ* сөзімен мағыналас болып келеді. Түркі тілдерінің ішіндегі түрік тіліндегі ерекшелікті аңғаруға болады. Түрік тілінде *чожуқ* сөзі *бала* мағынасында жұмсалады [2; 126].

Гагауз тілінде төлге де, балаға да қатысты *женік* сөзі қолданылады. *Женік* сөзін біз көне және қазіргі көптеген түркі тілдеріндегі бөрінің, иттің, көп жағдайда арыстанның төлін білдіретін *енік, енүк* сөздерімен байланыстырамыз (*арслан енүкледі*). Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі *күшік* сөзі көне түркі тіліндегі *енүк* сөзімен байланысты болуы мүмкін. Гагауз тілінде малдың төлі мағынасындағы басқа түркі тілдерінің ешқайсысында кездеспейтін *потмар* сөзі кездеседі. Дегенмен *потмар* сөзін басқа тілден енген, кірме сөз деп қарастыруға болмайды. Морфологиялық жағынан өзгерген чуваш тіліндегі *чумар* (жаңбыр) < *чу* — құлау, *жүру* + *мар*, көне түркі тілінде *жағмур; пусмар* (зорлық) < *пус* — басу, қысым көрсету + *мар*; көне түркі тіліндегі алмыр (сараң) < *ал* — алу + *мыр*,

чоқмар (шокпар) < чоқ — тоқ — соғу + мар; түрік тіліндегі *чоқмар* (*шоқпар*, екінші мағынасы, — мұқыл қой), *чомар* (бақташы ит, екінші мағынасы — құлағы мен құйрығы қысқа, бойы аласа қойдың түрі). *Потмар* сөзі «пот» сөзі арқылы жасалған туынды сөз болуы мүмкін. Мысалға, әзербайжан тіліндегі «сыч» арқылы жасалған *сычовул* (егеуқұйрық) және «мыш» арқылы жасалған *мышовул* (тиін) сөздерін атауға болады. Түйенің төлін білдіретін *ботуқ* (*потуқ*) сөзінің де түбірі бір болуы мүмкін. *Потмар* сөзіне жақын, морфологиялық жағынан өзгеріске ұшыраған татар тіліндегі егеуқұйрық мағынасындағы *көсмәр* сөзін жатқызуға болады. Шошқаның төлін білдіретін түрік тілінде *буртлақ* (бурт + лақ) сөзі кездеседі. Якут тіліндегі осы мағынадағы *боросуонақ* сөзі орыс тіліндегі *поросенок* сөзімен байланысы бар деп ойлаймыз. Махмұт Қашқаридің сөздігінде аюдың төлін білдіретін *merdek* (*мердек*) сөзі кездеседі (*адзыг мердегі*). Ғалымның жазуы бойынша, кейбір түркі халықтары *доңыздың төлін* де «тоңуз мердегі» деп атаған [2; 126,127].

Түркі даласын мекендеген, түркі халықтарына ортақ жыртқыш аңдардың бірі — аю. Аю сөзі көне түркі тілін зерттеген ғұлама ғалым Махмұт Қашқаридің сөздігінде *ајығ* (*айығ*) деп кездеседі [2; 113]. Осы сөздікте *аюды* қыпшақша *ава* деп атағанын байқаймыз [3; 116]. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» *аюды* ірі денелі икемсіз *жыртқыш аң* деп түсіндіреді. Аю сөзі түркі тілдерінде бір мағынада жұмсалады. Әзербайжан, түрік тілдерінде *ауі*; түркімен тілінде *ауі*, ауызекі сөйлеу тілінде *gödek adam*; қырғыз тілінде *аюу*, ауызекі сөйлеу тілінде *копол адам*; қазақ, қарақалпақ, алтай, балқар, татар тілдерінде *аю*; башқұрт тілінде *айыу*; құмық, ноғай тілдерінде *айыу*; тува тілінде *адыг*; өзбек тілінде *айиқ*; ұйғыр тілінде *эйіқ*; хакас диалектісінде *азыг*, *адыг* деп қолданылады [2; 130]. Түркі халықтарының ішіндегі сібір түркі халықтарында, әсіресе якут халқында аюға байланысты тыйымдар (табу) кездеседі. Содан болар якут тілінде аюдың жеке нақты атауы кездеспейді. Аюды ата мағынасындағы «эһэ» сөзі алмастырады. Алтай, хакас, тува тілдерінде де аю сөзін алмастыратын көптеген эвфемизмдер кездеседі. Хакас тілінде *әке* мағынасындағы «аба» сөзі, алтай тілінде *шал* мағынасындағы «апшыйақ» пен *аға* мағынасындағы «абаға» сөзі тува тілінде ана мағынасындағы «ава» сөзі алмастырады.

Якут диалектісіндегі *аюды* білдіретін басқа сөздер біршама суреттелген. Мысалға, *тыатаагы ојурдагы* (орманда жүретін); *қырдагас* (қария); оғоннор (шал); *эһэкэн* (ата); *қыыл* (хайуан); *тыа қырдааһа* (орман шалы); *тојон эһэ* (қожайын ата); *ардай аһылах* (өте өткір азу тісті); *адыырға* (қылшықты, азулы); *сырған* (аш); *моғус* (қомағай); *отуулах* (күркесі бар) сөздерін кездестіруге болады [2;131].

А.М.Щербактың «Название домашних и диких животных» еңбегінде якут және тува тілдеріндегі аю мағынасындағы бірнеше сөздерді орыс тілінің әсерінен пайда болған деп жазады. «Ряд названий медведя в якутском языке — искаженные русские слова, ср. *біліміэм* (< медведь), *таптыықын* (<топтыгин), *маатыс* (< матушка, тыһы эһэ), *мөлбүөм* (- мөлбөр < медведь), *мііскэ* (< мишка). В тувинском языке дополнительными наименованиями медведя являются: *хајарақан* (соответствует рус. благочинный или господин), *мажаалай* (< русск. Михаил), *ірэй* (< ір муж, мужичок), *қара чүвэ* (букв. черная вещь, черный предмет), *чоорғанныг* (букв. имеющий одеяло) [2; 131].

Тува жерінің кейбір аудандарында аюдың жас ерекшелігіне байланысты сөздерді байқауға болады. Бір жасар аюдың баласын *бічіі оғлу*, екі жасар аюды *хунан оғлу*, немесе *қунан айуу*, үш жасар аюды *төнөн оғлу* деп атайды. Махмұт Қашқаридың сөздігіне сүйенетін болсақ, көне түркі тілінде аюдың баласын *merdek* (*адзыг мердегі*) деп атаған [3;540].

Түркі тілдерінің көбінде аюдың аналығына, ұрғашысына арналған жекелеген сөздерді кездестіре алмаймыз. Тек *ұрғашы* (*діші*, *ене*, *ана*) мағынасындағы сөздер тіркесіп келген жағдайда аюдың ұрғашысын білдіреді. Қазақ тілінде аюдың ұрғашысы мағынасында *кірекей* сөзін кездестіруге болады. Бұл сөз басқа түркі тілдерінде кездеспеген соң, оның этимологиясын анықтау мүмкін емес.

Түркі жерін мекендейтін жыртқыш аңдардың бірі — *қасқыр*. Бұл сөз түркі тілдерінде *бөрі*, *құрт*, *қасқыр* деп кездеседі. Көне түркі тілінде сырттан мағынасында «ағ» сөзі кездеседі (*Ar bəri* — көкжал бөрі) [3,109]. *Бөрі* сөзі алтай, балқар, қырғыз, қарақалпақ, құмық, тува тілдерінде *бөрү*, башқұрт, татар тілдерінде *бүре*; қазақ, түркімен, ұйғыр тілдерінде *бөрі*; өзбек тілінде *бӯри*; хакас тілінде *пӯйр*; якут тілінде *бөрө* деп кездеседі [2;131]. Татар тілінде *чүл бүресе* шиебөріні, *ар бөрі* қорқау қасқыр мағынасын білдіреді. Мұндағы «чүл» сөзі дала, ал «ар» сөзі *сарғыш* деген мағынаны білдіреді. Жоғарыда атап өткендей, көне түркі тілінде *көкжал бөріні* білдіретін *ар бөрі* сөзі татар тілінде мағыналық жағынан өзгергенін көруге болады. Кейбір түркі тілдерінде *қасқыр* сөзі кездеседі. Қазақ пен қарақалпақ тілдерінде *қасқыр*; қырғыз тілінде *қарышқыр*; өзбек тілінде *қашқыр*; чуваш тілінде *кашкӑр* деп атайды [2; 132].

Махмұт Қашқаридің еңбегінде көне түріктер қолданған «құт» сөзін кездестіруге болады [3;400]. *Құрт* сөзі қазіргі түркі тілдерінің ішіндегі әзербайжан тілінде *ғурд*; түрік тілінде *құрт*; түркімен тілінде *ғұрт* деп қолданылады. Түрік тілінде *құрт* сөзі «желелі» сөзімен тіркесіп келген жағдайда қорқау қасқыр мағынасында жұмсалады. Бұндағы «желелі» сөзі жалды мағынасын білдіреді. *Құрт* сөзі түркімен тіліндегі жәндікті білдіретін «*möjekler*»; әзербайжан, ғағауз тілдеріндегі жануар мағынасындағы «*haуvan*» (жанавар); ғағауз тіліндегі хайуан мағынасындағы «жабаны» сөздерімен қатар жұмсала береді [2; 132].

Түркі тілдерінде *қасқыр* сөзіне байланысты тыйымдар кездеседі. Тыйымға байланысты қасқырды атайтын басқаша атауларды көруге болады. Мәселен, әзербайжан тілінде *ағзығара* (аузы қара); тува тілінде *көк қарақ* (көк көз, қарас), *қызық қарақ* (қызыл көз, қарас), *ашақ* (шал); якут тілінде кутуруктах (құйрығы бар), *аһыылаах* (тамағы бар), *тынырахтаах* (тырнағы бар), *халаан уола* (аспан ұлы), *сэм* (тамақ қалдығы), *қыыл* (хайуан), кутурук (құйрық), *таңара уола* (тәңір ұлы); чуваш тілінде *тукмак* (тоқпақ), *тукмак хүре* құйрығы тоқпақ сияқты), *вурум хүре* (ұзын құйрық), *пигамбар* *жыммы* (пайғамбардың иті) деген сияқты сөздер алмастырылып қолданылады. Қазақ тілінде де тыйымға байланысты осындай сөздерді атап өтуге болады. Мысалы, қазақ *қасқырды* «ит», «ұлыма» сияқты сөздермен атаған.

Кейбір түркі тілдерінде *қасқыр*, *бөрі* сөздері «кәнтәй», «қаншық», «қыс», «өлешін» сөздерімен тіркесіп келген жағдайда ұрғашысын білдіреді. Мысалға, башқұрт тілінде *кәнтәй буре*; қазақ тілінде *қаншық қасқыр*; қарақалпақ тілінде *қасқыр қаншығы*; тува тілінде *қыс бөрү*, *өлешін бөрү* деп атайды. Мұндағы «кәнтәй», «қаншық», «қыс», «өлешін» сөздері ұрғашы мағынасын білдіреді [2;133].

Бұдан бөлек қасқырдың баласын білдіретін қазақ, қырғыз, тува тілдерінде жеке сөздерді кездестіруге болады. Қазақ тілінде *бөлтірік*; қырғыз тілінде *бөлтүрүк*; тува тілінде *бөрзек* деп атайды. Бұл сөздердің барлығы *бөрі* сөзіндегі соңғы дыбыстың түсіп қалуынан пайда болған. Көне және қазіргі түркі тілдерінің көбінде қасқырдың баласына «енүк» сөзі қолданылады.

Махмұт Қашқаридің сөздігінде жыртқыш аңдардың бірі *arslan* сөзі кездеседі [3;184]. Әзербайжан, балқар, ғағауз, түрік тілдерінде *аслан*; алтай, қарақалпақ, құмық, ноғай, татар, түркімен, ұйғыр тілдерінде *арслан*; башқұрт тілінде *арыслан*; қазақ, қырғыз тілдерінде *арыстан*; чуваш диалектісінде *услан* деп атайды [2;137]. Арыстанның жынысына, түріне байланысты атаулар түркі тілінде көп кездеспейді. Тек қарайым тілінде славян тіл тобындағы ұрғашыны білдіретін *-ка* қосымшасы арқылы (*арысланка*) арыстанның ұрғашысын білдіреді. Басқа түркі тілдерінде арыстанның ұрғашысына жеке атаулар кездесе қоймайды. *Арыстан* сөзінен бөлек осы мағынаны білдіретін әзербайжан, түрік, түркімен, ұйғыр тілдерінде *шир*; қарақалпақ, қырғыз, өзбек тілдерінде *шер* сөзі кездеседі. Махмұт Қашқаридің сөздігіне сүйенетін болсақ, көне түркі тілінде арыстанның күшігін *енүк* деп атаған. *Енүк* сөзі арыстанның күшігінен басқа сырттан, бөрі мен иттің күшігіне де бірдей қолданылған.

Осындай жыртқыш аңдардың бірі — *жолбарыс*. Башқұрт, татар тілдерінде *юлбарыс*; қазақ, қарақалпақ тілдерінде *жолбарыс*; қырғыз тілінде *жолборс*; өзбек тілінде *йулбарс*; ұйғыр тілінде *йолвас* деп келеді. *Жолбарыс* сөзі барлық түркі тілінде жол және барыс мағынасындағы сөздер арқылы жасалған. Мұндағы жол сөзі барлық түркі тілінде жолақ мағынасын білдіреді. Осы мағынадағы сөз хакас тілінде *алабарыс* деп кездеседі. Қар барысына байланысты қазақ тілінде *ілбіс*; қырғыз тілінде *илбирс* сөздері кездеседі [2;138]. Жалпы бұл сөздердің *жолбарыс*, не болмаса *алабарыс* сөздерімен байланысы жоқ, жеке сөздер деп ойлаймыз. Махмұт Қашқаридің еңбегінде көне түрік тілінде жолбарыс тектес бір аңды «тоңа» деп атаған [4].

Түркі тілінде жыртқыш аңдардың тағы бір атауы *қабылан* сөзі кездеседі. Башқұрт, ноғай, татар, түрік, ұйғыр тілдерінде *каплан*; қырғыз, қазақ тілдерінде *қабылан*; түркімен тілінде *гаплан*; өзбек тілінде *қоплон* деп атайды. Түрік тілінде *қабылан* сөзінен бөлек осы мағынада *çita*, *leopar* сөздері кездеседі. Көне түркі тілінде жолбарыс мағынасында *есрі* және *тоңа* сөздерін кездестіруге болады [2;138].

Түркі тілдерінде осындай жыртқыш аңдардың бірі — *барыс*, кейбір түркі тілдерінде *пәләң*, *бәбір* деп келеді. Қазақ тілінде *барыс*; қарайым, қарақалпақ, қырғыз, татар, түркімен тілдерінде *барс*; түрік тілінде *парс*; ұйғыр тілінде *ба(p)с* деп қолданылады. Алтай тіліндегі *бар*, ал тува тіліндегі *пар* сөзі монғол тіліндегі *бар* < *барс* сөзінің ықпалынан туындауы мүмкін.

Қырғыз диалектісінде *пәләң*, *палаң*; түркімен тілінде *пелең*; ұйғыр тілінде *пәләң* сөздерін кездестіруге болады. Әзербайжан тілінде қабылан мағынасында *халлы пәләнк* сөзі де қолданылады. Ал *пәләнк* сөзі жеке келіп *жолбарыс*, *арыстан* мағынасында жұмсалады [2;139].

Қабылан мағынасында қазақ тілінде *бабыр*; әзербайжан тілінде *бәбір*; түрік тілінде *бебр*; якут тілінде *баабыр* сөздері кездеседі. Тува тілінде *диис*, *моортай* сөздері осы мағынада жұмсалады.

Түркі даласын мекендеген жабайы аңдардың бірі — *түлкі*. *Түлкі* сөзі Махмұт Қашқаридің сөздігінде *milku* деп берілген [3; 485]. Сөздікте қыз балаларды тұспалдап осы сөзбен атаған деп жазылған. Әзербайжан, алтай, қырғыз, ноғай, құмық тілдерінде *түлкі*; башқұрт тілінде *төлкө*; гагауз, түрік, түркімен тілдерінде *тілкі*; қазақ, қарайым, өзбек, ұйғыр тілдерінде *түлкі*; татар тілінде *төлке*; тува тілінде *ділгі*; хакас тілінде *түлгү*; чуваш тілінде *тилё* деп атайды. Түркі тілдерінің ішіндегі якут тілінде *түлкі* сөзіне қатысты ерекшелікті байқауға болады. Якут тілінде *түлкіні саһыл* деп атайды [2; 135]. Түркі тілдерінің көбінде *түлкінің* баласына байланысты жеке атаулар кездесе қоймайды. Қырғыз тілінде *түлкінің* баласына байланысты *бачики*, *пачки* сөздері қолданылады.

Түлкі тектес жануарларға жататын, дала жануарларының бірі — *қарсақ*. *Қарсақ* сөзін көне түркі тілінің сөздігін жазған Махмұт Қашқаридің еңбегінен (қарсақ) кездестіруге болады [3; 533]. Онда қарсақты *түлкі* тұқымдас бір айуан деп түсіндіреді. Қазіргі түркі тілдерінде *қарсақ* сөзін кездестіре алмаймыз. Тек чуваш тілінде *қарсақ* сөзі кездескенімен, мағыналық жағынан өзгеше болып келеді. Кейбір түркі тілдерінде *түлкі* тұқымдасына жататын *қырса* сөзі кездеседі. *Қырса* сөзінің алғашқы мағынасы кең болуы мүмкін. Сондықтан болар, *қырса* сөзі *түлкі*ден бөлек *бұлғын* мен *күзен* мағынасында да жұмсалады. Мысалға, қырғыз тіліндегі *қырса* сөзі *түлкіні*; тува тіліндегі *қырза* күзенді, ал *чыдығ кырза* болып келген жағдайда *бұлғынды*; якут тіліндегі *қырса* сөзі *түлкінің* бір түрін білдіреді.

Түркі тілдерінде ортақ жануардың бірі, даланы мекендейтін, сүтқоректілер тұқымдасына жататын *қоянға* келетін болсақ, түркі тілдерінде осы сөзге қатысты айырмашылықтар мен ұқсастықтарды байқауға болады. Алтай, қырғыз тілдерінде *коён*; башқұрт, чуваш, татар тілдерінде *куян*; қазақ, қарақалпақ, ноғай, құмық, түркімен, ұйғыр тілдерінде *қоян*; тува тілінде *кодан*; өзбек тілінде *қуён*; хакас тілінде *хозан* деп кездеседі [2; 136]. Түркі тілдерінің көбінде *қоян* сөзіне *ақ*, *сұр*, *ор* сөздері тіркесіп келген жағдайда қоянның түрлерін білдіреді.

Махмұт Қашқаридің сөздігінде қоян мағынасында *тауышқан* сөзі кездеседі [2; 403]. Қазіргі түркі тілдерінің ішінен әзербайжан тілінде *довшан*; гагауз, құмық, түрік тілдерінде *тавишан*; түркімен тілінде *товшан*; якут тілінде *куобах* деп кездеседі. Көне түркі тілінде *табыш* сөзі секіру мағынасын білдіреді. *Тавышқан* сөзінің шығуы осы етістікпен байланысты болуы керек. А.М.Щербактың еңбегінде тува тілінде шымдаған сөзі *тавышқан* мен *қоян* сөзінің мағынасында қолданылатыны туралы кездеседі. Қазіргі тува тілінде қоян мағынасында *тоолай* сөзі кездеседі [2; 136]. Бұл сөз көне түркі тілінде кездеспегендіктен, монғол тіліндегі *туулай* сөзінен келген болуы керек деп ойлаймыз. Осы сияқты орыс тіліндегі заяц сөзінің әсерінен чуваш тіліндегі қоян мағынасындағы *сайкка* сөзін айтуға болады.

Қоянның баласын *көжсек* деп атайды. *Көжсек* сөзі қазақ тілінен бөлек қарақалпақ тілінде *гөжсек*; қырғыз тілінде *бөжөк*; түрік тілінде *гөчкен*, *гөжсен* деп кездеседі. Осы аталған сөздер тобына түрік тіліндегі *сусар* мағынасындағы *гүчлін*, қырым — татар тіліндегі *сасықкүзен* мағынасындағы *гүчән* сөзін жатқызуға болады [2; 137].

Түркі жерін мекендейтін, қуыс мүйізділер тұқымдасына жататын жұп тұяқты сүтқоректі жануардың бірі — *жайран*. Алтай тілінде *жеерен*; әзербайжан тілінде *сеуран*; қазақ тілінде *жайран*; қырғыз тілінде *жейрен*; түрік тілінде *жейлан*; тува тілінде *чеерен*; түркімен тілінде *жерен*; ұйғыр тілінде *жәйрен* (жәэйрен); өзбек тілінде *жайрон* деп атайды [2; 133]. Қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерінде *бөкен* мағынасын да білдіреді. Мәселен, қазақ тілінде *сайғақ*, *бөкен*, *ақбөкен*; қырғыз тілінде *бөкөн*; өзбек тілінде *оққұйруқ*, *қорақұйруқ* сөздерін кездестіруге болады. Тува тілінде *жайран* сөзі *сайғақтың ұрғашысын* білдіреді. Көне түркі тілінде *ақбөкен* мағынасында *сиқақ* (сұқақ) сөзін қолданған [2; 133]. *Сұқақ* сөзін қазіргі түркі тілдерінің ешқайсысынан кездестіре алмаймыз.

Осы тектес жануарлардың бірі әзербайжан, түрік тілдерінде *аху*; өзбек тілінде *оху* сөздерін кездестіреміз. *Аху* сөзі қазақ тіліндегі *қарақұйрық* деп аталатын жануарды білдіреді. Сол сияқты этимологиясы түркі тіліне белгісіз *ғазал* сөзін атап өтуге болады. Мысалы, әзербайжан тілінде *гәзал*; түркімен тілінде *ғазал*; өзбек тілінде *ғызол* деп кездеседі [2; 133]. Біздің ойымызша, *ғазал* сөзі араб тілінен кірген кірме сөз болуы мүмкін.

Түркі тілдерінде *бұғы* тұқымдас жануарлардың атауы көптеп кездеседі. Олардың жынысы мен жасына байланысты атаулар барлық түркі тілдерінде кездеспейді. Кездескен жағдайдың өзінде барлығында бірдей емес. Әзербайжан тілінде *сығын* (siğın); түркімен тілінде *sugin*; хакас, тува тілдерінде *сыын* сөздерін кездестіруге болады. *Сығын* сөзі қазақ тіліндегі *марал*, *бұлан* сөздерімен синонимдес. Көне түркі тілінде қолданған *bulan* сөзін кездестіруге болады. Махмұт Қашқаридің сөздігінде: «Қыпшақ елдерінде өсетін ірі жабайы хайуан. Оны аулайды. Оның түбі ойық күбі секілді,

іші бос қуыс, ауызы жоғарыға, аспанға қарап шыққан мүйізі бар. Оған қар, жаңбыр сулары жиналады. Ұрғашысы шөгіп, оның мүйізіне — еркегі, еркегі шөгіп, оның мүйізінен ұрғашысы су ішеді», — деген анықтама берілген [3;473]. Осы мағынада жұмсалатын тува тілінде *иви* сөзін атауға болады. Тува тілінде кездесетін бұғы тектес жануарлар: *дуб, улуг, буур, эдер, булан, мынды, амытан* сөздері бар. Қазақ тілінде *кермарал, марал, бұлан, кербұғы* сөздерін атап өтуге болады. Осы сөздер басқа түркі тілдеріне қарағанда, түрік тілінде маралды ерекшелік байқалады. Мәселен, түрік тілінде бұғыны *geyik*, маралды *sibiryu geyik*, ал бұланды *kanada geyigi* деп атайды.

Осы тектес жануарлардың бірі — *бұғы*. Балқар тілінде *бу*; қазақ тілінде *бұғы*; қырғыз, өзбек тілінде *буғу*; ұйғыр тілінде *буға* деп кездеседі [2;134]. Біздің ойымызша, ертеде «бұқа» сөзі бұғының орнына жұмсалып, сол малдың аталығын білдіруі мүмкін. Кейіннен уақыт өте келе *бұғы* сөзі қолданысқа еніп, *бұқа* сөзін ығыстырып шығарған болу керек.

Бұғының басқаша атаулары гагауз тілінде *қаража*; татар диалектісінде *жуша*; түрік тілінде *жағмурча* (аса ірі емес бұғы); якут тілінде *анабы, амамы* (ірі бұғы), *хаарғын* (чукот бұғысы), *мәнәк* (жабайы бұғы), *ондоодо* (қолға үйретілген бұғы) сөздерін кездестіруге болады. *Марал* сөзі қазақ тілімен қоса әзербайжан, қарақалпақ, ұйғыр, чуваш тілдерінде кездеседі [2;134].

Осы тектес жануардың *еркегін* якут тілінде *бур, таба, қыыл* деп атайды. Тува тілінде *еркегін чары*, ал ұрғашысын *иви* деп аталады. Түрік тілінде ұрғашысына байланысты *бурчын, бурчун* сөздері пайдаланылады (*бур+чун, чын*). Мұндағы *-чын, -чун* қосымшалары монғол тілінде ұрғашыға қатысты қолданылады. Маралдың ұрғашысына байланысты алтай тілінде *мыжғақ, муйғақ*; тува тілінде *мыжгах*; хакас тілінде *муйгах* деп кездеседі. *Муйғақ* сөзі тек еркек мағынасында қолданылатын «сығын» сөзімен қатар келген жағдайда ғана маралдың ұрғашысын білдіреді. Сол сияқты кейбір түркі тілдерінде *бұғы* сөзі еркек мағынасында, ал *марал* ұрғашы мағынасын білдіреді.

Маралдың жас ерекшелігіне байланысты толық атауды тува тілі мен диалектісінде байқауға болады. Мысалы, жалпы төлдерінің атауын *быза*, бір жасқа дейінгі төлін *дош*, бір жасар төлін *сарадақ* (көбінде ұрғашысын), екі жасар төлін *сарылық* деп атайды. Осы сияқты бұғының да бір жасқа дейінгі төлін *доңғур*, бір жастағы төлін *хоққаш*, екі жасқа дейінгі төлін *дүктүг мыжыс* деп кездеседі [2;135].

Марал мен бұғының жас ерекшелігіне байланысты атаулар қырғыз бен якут тілінде де ұшырасады. Қырғыз тілінде жас марал мен бұғыны *буғучар*; якут тілінде үш жасар бұғыны *үөңәс*, ал еркек бұғыны туған мезгілінен бастап төртінші көктеміне дейін *үктәнә, іктәнә*; бір жасқа дейінгі бұғының төлін *туғут, тубут* деп атайды.

Салыстырмалы-тарихи зерттеудің ішінде бұрыннан сөз болып келе жатқан саласы лексика. Лексиканың өзіндік ерекшелігі де бар. Ең алдымен, ол — тілдердің туыстық белгісін, сәйкестігін анық көрсететін фактілерге бай сала. Бірақ тілдің лексика саласы тез өзгеретіндігін, лексикадағы сәйкестік барлық кезде де туысқандықтың белгісі бола бермейтіндігін тіл мамандарының барлығы дерлік мойындайды. Демек, тілдің лексика саласының екі жағы бар екен: бір бөлшегі ертеден келе жатқан төл сөздер де, екіншісі — кірме сөздер. Тілдердің туыстық белгісін анықтауда тек осы төл сөздер ғана ертеден келе жатқан сөздік қорға негіз бола алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Дайк-Пресс, 2008. — 744-б.
- 2 Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. — Ч. 3. Лексика. — М.: Изд. АН СССР, 1955. — 298 с.
- 3 Қашқари М. Түрік сөздігі. — I-т. — Алматы: Хант, 1997. — 375 б.
- 4 Қашқари М. Түрік сөздігі. — III-т. — Алматы: Хант, 1998. — 493-б.

М.А.Турсунова, Ж.Е.Тилеубек

Сравнительно-историческая характеристика названий диких животных в тюркских языках

В статье проанализированы названия диких животных в современных тюркских языках в сравнительно-историческом аспекте. Авторами выявлены общие характерные особенности, которые подтверждаются анализируемым языковым материалом. При описании особенностей названий диких животных на основе исследований по кыпчакской, огузской, карлукской, болгарской и уйгуро-огузской группам языков рассмотрены история их становления и развития, а также некоторые особенности в отдельных языках. С целью выявления общих черт, различий и особенностей названий диких животных в тюркских языках исследованы материалы памятников древнетюркской письменности, а также приведены сведения по исторической грамматике тюркских языков.

M.A.Tursunova, Zh.E.Tileubek

The comparative-historical characteristic of names of wild animals in Turkic languages

In article names of wild animal modern Turkic languages in comparative-historical aspect are analyzed. Authors the general characteristics for names of wild animals in Turkic languages which are confirmed by the analyzed language material come to light. At the description of features, the name of wild animals on the basis of researches on kypchaksky, oguzsky, karluksky, Bulgar and uyguro-oguzsky group of languages the history of their development, and also some features in separate languages are considered. For the purpose of identification of common features, distinctions and features of names of wild animals in Turkic languages materials of monuments of drevnetyurksky writing are analyzed, and also data on historical grammar of Turkic languages are provided.

References

- 1 *Explanatory dictionary of the Kazakh language*, Almaty: Dayk-Press, 2008, 744 p.
- 2 *Researches on comparative grammar of Turkic languages*, II. Lexika, Moscow: AN SSSR publ., 1956, 334 p.
- 3 Kashkari M. *Tyurksky dictionary*, I, Almaty: Khanty, 1997, 375 p.
- 4 Kashkari M. *Tyurksky dictionary*. III, Almaty: Khanty, 1998, 493 p.

Т.Т.Пірімбетов, А.А.Ахметова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E.mail: turmahan54@mail.ru)*

Қазақ тіліндегі шылаулардың морфологиялық тұлғасы мен лексика-грамматикалық мәні

Мақала тіліміздегі шылау сөз табының тілдік табиғатына арналған. Шылау сөздердің морфологиялық құрылымы мен лексикалық-грамматикалық мағыналары қарастырылды. Авторлар шылаудың басқа сөз таптарынан айырмашылықтарын көрсете отырып, оның толық мағынасының болмайтыны, сөйлем ішінде шылау сөздер сөйлем мүшесі бола алмайтыны, шылаулар сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді салаластыра, сабақтастыра байланыстырып немесе толық мағыналы сөздің жетегінде оған қосымша мән үстей қолданылатыны, түрленбейтіні және басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайтыны нақты мысалдар негізінде талданған. Шылаулар лексикалық мағынасынан айырылу нәтижесінде туған көмекші сөздер ретінде саналады деген қорытынды жасалған.

Кілт сөздер: шылау, көмекші сөздер, морфологиялық форма, лексикалық мағына, грамматикалық мағына, сөз таптары, септеуліктер, демеуліктер.

Шылау сөздердің сөз таптарының ішіндегі өзінің тілдік табиғаты, қызметі, қолданысы жағынан ерекшеленуімен қатар, тұлғалық өзгеріске түспеуі, оның негізгі морфологиялық белгісінің бірі болып табылады. Осындай қасиеттеріне байланысты қазақ тіл білімінде шылауды топтастыруда түрліше тұжырым, пікірлер бар.

К.Аханов шылаулардың «көмекші сөздердің лексикалық мағыналары мен грамматикалық мағыналарының ұласып, бір-біріне сіңісіп кететіні соншалық, олар кейде аффикстер тәрізді қызмет атқарып, солардың мағыналарына барабар мағыналарды білдіреді» деп көрсете отырып, грамматикалық мағыналары сәйкес келген жағдайларда бірінің орнына бірі қолданыла алатындығын да айтып, шылаулардың грамматикалық мағынасы қосымшалардың грамматикалық мағынасымен сәйкесетінін мысалмен келтірген [1].

Бірақ шылаулардың морфологиялық формалар арқылы түрленіп өзгермеуі негізгі қасиеті болғанымен, оларда басқа сөз таптарында болатын кейбір ерекшеліктер кездесіп отырады. Басқаша түсіндірер болсақ, сын есім есімдер тобына жатса да, өзінің сындық қалпында септік, көптік, тәуелдік жалғауларын қабылдамайтыны мәлім әрі кейбір есімдік сөздер де септелмейді. Ал, кей септеуліктер сол септеулік дәрежесінде тұрып-ақ морфологиялық жағынан тұлғаланып, кейбіреулері септік формасын, кейбіреулері көптік, жіктік жалғауларын қабылдап, кейбіреулері жұрнақтарды да қосып алып, түрленіп өзгеріп отырады.

Тілімізде кездесетін осындай септеулік шылауларға тоқтала кетер болсақ, атау септікті меңгеретін септеуліктерден «бойы» сөзі тілімізде барыс, жатыс, көмектес септік формаларында келеді. Мысалы: *Осындай тойлар Алуаны жағалай қонған ауылдарды жаз бойына біріне-бірі ұласып жатты* (С.М.). *Байтас та күлген бойында қайта оралып келеді екен* (М.Ә.). *Сүлеймен жылаған бойымен айта берді* (С.Ер.).

Бұл сөйлемдерде «бойы» септеулігі «бойына, бойында, бойымен» формасында келгенімен, оның негізгі көмекшілік қызметі мен мағынасында өзгеріс болып тұрған жоқ. «Бойы» сөзіне жалғанып тұрған «-на, -нда, -мен» жалғауларын жалғамай-ақ: *Осындай тойлар Алуаны жағалай қонған ауылдарды жаз бойы біріне-бірі ұласып жатты. Байтас та күлген бойы қайта оралып келеді екен. Сүлеймен жылаған бойы айта берді* деп өзінің алғашқы тұлғасында айтуға да болады. Олай болса, «бойы» септеулігі септеліп өзгереді деп қарамай, кейбір септік формаларын қабылдау қабілеті сақталған деп қарағанымыз дұрыстау болады деген пікірдеміз.

Сол сияқты *туралы* септеулігі өзінің негізгі көмекшілік мағынасында әр түрлі морфологиялық тұлғада тұрып қолданыла береді. Мысалы: *Құлынишақтар ол турада өздерін кінәлі деп санар емес* (М.Ә.). *Күнкенің аулы Құнанбай турасынан ертерек хабарланып тұрады* (М.Ә.). *Тоғжан турасындағы ең соңғы үміт бұл да кетіп қалды* (М.Ә.).

Бұл сөйлемдердегі «турада, турасынан, турасындағы» сөздер — «туралы» септеулігінің түрленіп келген варианттары. Алғашқы екі сөйлемде «туралы» септеулігі тіркескен сөздердің толықтауыш, соңғы сөйлемде анықтауыш орнында екені сөйлеуде ашық көрініп тұрғаны болмаса, қанша түрленсе де, «туралы» көмекшісінің негізгі қызметі мен мағынасына нұқсан келтіретін емес, «туралы» болып келсе де, ол тіркестер «неменеге?, неге өздерін кінәлі деп санар емес?, неден хабарланып тұрады?, қандай соңғы үміт кетіп қалды?» деген сұрауларға жауап болып тұр.

«Жөнінде» септеулігі де кейде шығыс септік формасында «жөнінен» түрінде де жұмсалады. Мысалы: *Жаңағы арыз жөнінен Ақбас берген бірнеше сұрауларға жауап айтып болды да, Абай тағы кітаптарға қадалды* (М.Ә.) дегенде де «жөнінен» формасы көбінесе ауызекі сөйлеуде ұшырасады. «Жөнінде» септеулігіне, әдетте, сын есімнің «-гі» жұрнағы жалғанып келеді. Сонда да тіркескен сөзіне септеулік дәрежесінде қызмет етіп отырады. Мысалы: *Асқар бұл жөніндегі өзінің пікірін сол кездегі баспасөз бетіне жазды.*

«Сияқты, тәрізді, секілді, сықылды» септеуліктері көмекшілік дәрежесінде тұрып, есім сөздердей көптік, септік жалғаулары арқылы өзгереді, жұрнақ арқылы да егістікше өзгереді. Мысалы: *Саяси сабақ оқытқан Забировтың сөзін түсіну маған да, мен сияқтыларға да оңай болған жоқ* (С.М.). *Бұл теңсіздіктің өзегін суырып тастамай дүмбілез қалдырып келген мына сіз сияқтылардың өзі сияқтылардың сөзі мен ісі* (Х.Есенж.). *Таза тас сияқтанған күміс кесек, Жапырақ секілденген таза төсек* (І.Ж.). *Бұл адам Асқарға Ботакөз сияқтанып кетті* (С.М.). *Бұл сөз Байсалдардың қабағына қарағанда ұзаққа бармайтын тәрізденді* (М.Ә.).

Сан есімдермен тіркесіп келетін «шақты, шамалы» септеуліктері де тәуелденіп барып, табыс септік формасын қабылдайды. Бірақ өзінің алғашқы көмекшілік қалпын өзгертпейді. Мысалы: *Басшыдан қырық шақтысын құлатқан соң, Қалғаны тоз-тоз болды шыдай алмай* (И.Б.). *Қояннан күніне он шамалысын ұстайды* (С.М.).

Барыс септігін меңгеретін «дейін, шейін» септеуліктері сын есімнің «-гі» жұрнағын қабылдап өзгергенімен, өзінің сол септеулік қалпында қызмет ете береді. Мысалы: *Бұл күнге шейінгі өмір — екеуінің үлеспеген енісіндей ортақ өмір* (М.Ә.). *Алдымен, сіздің бұл күнге дейінгі біздер туралы ойлаған ойыңыз бен біздің күткен үмітіңізді білгім келеді* (Ә.Ә.).

«Соң» септеулігінің морфологиялық ерекшелігі басқаша, яғни сол көмекшісі «сол» сілтеу есімдігінің шығыс септік формасы түсіп қалғанда онымен қосылып жазылады. Мысалы: *Істен сөзіңіз көбірек болатын, сонсоң ұрсатынбыз* (Ғ.Мүс.). *Бейсен сонсоң түнде кетті* (Ғ.Мүс.).

Ал есімшенің өткен шағына тіркесетін жағдайда шақ жұрнағының соңғы «-н» дыбысы кейде түсіріліп қалып айтылса, «соң» септеулігі кейде «сын» болып жалғанып келуі тілімізде жиі ұшырап отырады. Мысалы: *Нағашылық, құрбылық, татулық — бәрі бір жерден шыққансын үшеуі* (Амантай, Тұяқ, Ұлберген) *жандай дос-ты* (С.М.). *Қолдан келері аз болғансын, ол орнына қасын беруді ойлады* (С.М.).

«Соң» септеулігіне сын есімнің «-ғы» жұрнағы жалғанып кетуі де кездеседі. *Содан соңғы әңгімеге біз араласпадық* (С.М.).

«Былай» септеулігі — тек сын есімнің «-ғы» жұрнағын қабылдап барып өзгереді. Бірақ оның септеулік мәні өзгермейді. Мысалы: *Бұдан былайғы әңгімені екеуінің аузынан күттік* (М.Ә.). *Бұдан былайғы жұмыстарыңа көмектесіп тұрам* (Б.М.).

«Бірге» көмекшісі тіркескен сөз есім баяндауышпен байланысқанда, «кіммен?» сұрағына жауап беріп, жанама толықтауыш болады. Мысалы: *Бұл табысқа Омарғалимен бірге сушылар Абдоллаев, Рахманов жолдастар да ортақ* (М.Қар.).

«Бірге» септеулігі тіркескен сөздер бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болады. Мысалы: *Қалың ел жаңа жырды айтумен бірге, жаңасын да шығаруда* (М.Қар.).

Шылау сөздердің семантикалық-грамматикалық топтары сөздерді бір-бірімен тіркестіру қабілетіне қарай бөлінеді [2]. Септеуліктердің тағы да бір ерекшелігі бар. Олар өздері тіркескен сөздердің семантика-грамматикалық мағынасын толықтырумен бірге, сол сөздердің сөйлем ішіндегі басқа сөздермен байланысын да қамтып, оларды бір-бірімен септестіріп тұрады. Бұл жағынан қарағанда, олар септік жалғауларына ұқсайды.

Сөйтіп, шылаудың басқа сөз таптарынан мынадай айырмашылықтары бар:

1. Шылаудың толық мағынасы болмайды.

2. Сөйлем ішінде шылау сөздер сөйлем мүшесі бола алмайды.

3. Шылаулар сөз бен сөзді не сөйлем мен сөйлемді салаластыра, сабақтастыра байланыстырып немесе толық мағыналы сөздің жетегінде оған қосымша мән үстей қолданылады.

4. Шылаулар түрленбейді және басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды. Шылаулар — лексикалық мағынасынан айырылу нәтижесінде туған көмекші сөздер [3].

Қазіргі қазақ тілінде септеуліктер сөйлемде атқаратын қызметі жағынан олар басқа сөздерден кем түспейді. Бұлар сан жағынан шағын болғанымен, тілде өте жиі қолданылады. Септеуліктер өзгермейтін, дербестігі жоқ сөздер болуына қарамастан, тіркескен есім сөздерін синтаксистік қатынасқа келтіріп белгілі бір септіктерді меңгеріп тұрады. Септік жалғауларының грамматикалық мағыналарын жетілдірумен бірге, септеулі сөзді басқа сөздермен байланыстырып және оларды меңгеретіндіктен, бұл көмекші сөздер септеуліктер делінеді.

Олар ішкі мазмұны (мағынасы), сыртқы формасы (дыбыстық жағы), сөйлемдегі қызметі жағынан өзінше дербес категория. Шылаулардың мағынасы, грамматикалық қызметі атауыш сөздермен тіркескенде ғана анықталады [4].

Тілімізде сөйлем ішіндегі сөздерді өзара байланыстырып құрастыру-тіркестіру тәсілінің бірі болып саналатын шылау сөздердің жеке бір тобы — демеулік шылаулар.

Демеуліктер — өз алдына дербестігі жоқ көмекші сөздер. Олар шылаулардың басқа түрлері (жалғаулық, септеулік) іспеттес абстрактылық ұғымды білдіреді. Солай бола тұрса да, демеуліктер өзіндік көмекшілік ерекшелігін сақтай отырып, сол жалғаулық, септеулік сияқты грамматика-семантикалық топта жалпы шылау сөздермен құрмаласа қаралуға тиіс.

Демеуліктердің көпшілігі қосымшалар тәрізді өздері тіркескен сөздерінің соңғы дыбыстарының әуеніне қарай *ма//ме, ба//бе, па//пе, да//де, та//те, қана//ғана, шы//ші* т.б белгілі-белгілі дыбыстық вариантта болып келеді. Бірақ демеуліктер қосымшалардай белгілі бір сөз табына телулі болмайды. Олар әр алуан тұлғадағы көптеген сөздерге, яғни барлық сөз таптарына тән сөздерге тіркесе береді және жұрнақтар сияқты сөздің лексикалық мағынасын да өзгертпейді, басқаша айтсақ, жаңадан сөз жасамайды.

Сол себепті де демеуліктерді қосымшалармен теңестіріп, тек морфологиялық категория деп танып, синтаксистік қатысы жоқ екен деп қарауға әсте болмайды. Демеуліктер негізінен абстрактылы сөздер қатарында жеке сөзге қатысты ғана болып қоймай, сонымен бірге сөйлемнің мағынасы мен құрылысына тікелей қатысты семантика-грамматикалық категория болып табылады. Рас, қайсыбір демеуліктердің өздерінің де алғаш дербестік мағынасынан ажырап, көмекшіге ауысқаны сияқты, қосымшаға да айналып бара жатқандары бар. Мысалы, «ма» демеулігі түбір мен қосымшаның арасына түсіп, қысқанданып, «мы-мі» болып, тілектік ұғымдағы «шы//ші» демеуліктері түбірімен бірге келіп, жұрнаққа айналып бара жатқандығы да кездеседі. Бірақ бұған қарап демеуліктерді жалпы қосымшаға бейім сөздер деп есептеуге болмайды.

Демеуліктердің сөйлем құрылысында адамның көзқарасы мен көңіл-күйін көрсетудегі алатын орны синтаксистік қызметі деп танылып, грамматика-семантикалық топта қаралуға тиіс. Мысалы: *Қап, мына абыройсыз, бар абыройдан бір-ақ айрылды-ау! Абай: «Дәмі қайтпас тәтті бар ма!» — депті. Алданып сұм дүниеге жүрген шығар. Шығанақ оған бала оқытушы ғана деп қарамайды.*

Осы жоғарыда келтірілген мысалдардан кейде ызалану, кейде күмәндану, кейде таңырқау, топшылау, шамалау, кейде құптау, жұптау тәрізді жазушының білдіргісі келген қалтарысты жайттарын оқушыға әсерлі етіп көрсетуіне өзге де көмекші құралдармен қатар демеуліктердің де талғай, таңдай қолданылуы сол демеуліктердің сөйлемнің ішкі модальдық мәніне қажетті дәнекер екенін аңғартады. Ендеше, демеуліктердің жалғаулық, септеулік сияқты синтаксистік категория екеніне ешбір күмәндануға болмайды.

Сонымен, демеуліктер — дербестік лексикалық мағыналары болмағанымен, сөйлем ішінде басқа сөздерді өзара қарым-қатынасқа келтіріп, байланысын күшейтетін топтағы көмекшілер, яғни семантика-грамматикалық мағыналары жағынан адамның әр түрлі сезім жайттарын анықтай түсетін сөздер. Демеуліктер де жалғаулық пен септеулік тәрізді шылаудың қатарындағы сөздер, яғни сөздіктің қатарынан шығып қалған сөздер емес. Демеуліктер сөйлем ішіндегі, құрамындағы белгілі бір сөзге я сөйлемшеге тіркесе келіп, осы сөйлемдерге алуан түрлі абстрактылық мағына қосу үшін жұмсалады.

Демеуліктер, негізінен, өздері тіркескен сөздердің я сөйлемнің мағынасына, ұғымына сөйлеуші немесе жазып отырған адамның әр түрлі көңіл-күйінің шырайын, реңкін, райын және әр қилы қатысын үстемелеп тұрады, яғни демеуліктер негізінен өздерінің қатысы бар сөздерінің адам көңіл-күйіне байланысты ұғымын нақтылайды, даралайды. Мысалы: *Сөйлесіп ебін табатын да адам жоқ-ау!... Осындай істер әр елде болатын шығар деймін. Әй, иттің ғана малы-ай, шашымды ағарттың-ау!*

Бұл сөйлемдердің біріншісіндегі «да» демеулігі «табатын» сөзінің мәнін күшейтсе, «-ау» демеулігі өкінуді білдіріп, екеуі келіп ереше ызалануды аңғартады. Екінші сөйлемдегі «шығар» сөзі дәл осы сөйлемде адамның өзіне айтып отырған ойына сенімділігін ескерту ұғымын үстемелейді. Үшінші сөйлемдегі «ғана» тек жағымсыз, теріс мінезді адамға тән екеніне шек қоя айтуды, «-ай» демеулігі қатты ренішпен қаратыла, «-ау» сөзі күйінішпен түңілуді күшейте айтуды көрсетеді де, осындағы демеуліктердің бәрі жиналып келіп, сол сөйлемде күйінішті күшейте түсіп, нәлудың зілділігін, тіпті ашынуудың аяныштылығын баяндайды. Міне, осы тәрізді демеуліктердің семантика-грамматикалық мағыналары адамның көзқарасы мен көңіл-күйін білдіруі жағынан демеуліктерді модаль сөздермен белгілі бір сөзге тіркесе келіп, сол сөздің ұғымына ортақтас болмайды. Модаль өздердің көпшілігі сөйлемде сөйлеушінің көзқарасын аңғарту үшін келтірілгенімен, басқа сөздерден дауыс ырғағы арқылы да оңашаланып келеді және оқшау сөз ретінде сөйлемде үтірмен бөлініп беріледі. Мысалы: *Менің аяңған жерім болды ма, сірә? Бұл Абайдың, әсіресе жауап айтар, не айтар екен? деп асыға күткен жайы еді.* Тіліміздегі *әрине, мүмкін, бәсе, әйтеуір, тиіс, ендеше, бәлки, бар, жоқ, аз* сияқты т.б. модаль сөздердің өз алдына дербестік қасиеті бар. Сондықтан олардың кейбіреулері сөйлем мүшесі де бола алады. Мысалы: *Құсалықпен өтті ғой, Махамбеттің көп ісі* дегенде «көп» анықтауыш болып тұр. *Теретін тезек біздің елде де бар* дегенде «бар» — баяндауыш.

Өз бойында лексикалық мағынасының элементтерін молырақ сақтаған, азды-көпті семантикалық дербестігі бар шылаулар өздері тіркесетін атаушы сөздердің негізгі мағыналарына аз да болса, өз үлесін қосып отырады. Ал өздерінің бастапқы лексикалық мағыналарынан тым алшақтап кетіп, семантикалық дербестігін мүлдем жоғалтып алған шылаулар өздері тіркесетін атаушы сөздердің тек формалдық-грамматикалық компоненттері ретінде ғана қолданылады. Мұндай шылаулар грамматикалық сипат жағынан аффикстерге бір табан жақын болады, бірақ олар атаушы сөздермен тіркескенде жеке сөздік бейнесін жоғалтпайды [5].

Сонымен, Ыбырай Алтынсарин — кемеңгер ағартушы, өмір шындығын озық идея тұрғысынан таныта білген аса дарынды суреткер, қажырлы қоғам қайраткері. Ол заманның ең маңызды мәселелерін көтеріп, жыр төккен азамат ақын, жаңашыл жазушы. Сөз жоқ, Ыбекең сол жаңаның тынымсыз жаршысы. Ол өз бойындағы қуатын халық мақсаты үшін аямай жұмсаған адал жанды Азамат.

Көрнекті әдебиетші-ғалым Қ.Жұмалиев «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми-зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: «XIX ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Еуропа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі ақын-жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі зор» [5], — деп баға берген.

Біз: «Ыбырай — ұлы педагог, Ыбырай — ағартушы», — деп жиі айтамыз. Ал осы ұлы ұстаздың сан қырлы шығармашылық жолына аса мән бермейміз. Ол ұлылықты педагогтік қызметімен ғана емес, жазушылығы, ақындығы арқылы алып тұрғанын болашақта баса айтуымыз керек секілді. Нақтырақ айтқанда, әдебиеттен ойып орын алатын тұсы — оның халық ауыз әдебиетін терең зерттеуінде.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Алтынсарин Ы.* Кел, балалар, оқылық: Өлең, әңгімелер мен мақал, жұмбақтар. — Алматы: Атамұра, 2006. — 168 б.
- 2 *Сүйіншіәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 859-б.
- 3 *Мәдібай Қ.* Үміт еткен көзімнің нұры балам... // Қазақ әдебиеті. — 2009. — 31 шілде. — № 3 (3144). — 6-б.
- 4 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 11-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1977. — 92-б.
- 5 *Сәтбекова А.* Қазақ мектебінің тағдырын ұлт тағдырынан бөле-жара қарауға болмайды // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. — 2013. — № 17 (77). — 36, 37-б.

Р.С.Каренов

Грани творчества Ибрая Алтынсарина

К 175-летию со дня рождения

В статье описана литературная деятельность педагога-просветителя XIX столетия Ибрая Алтынсарина. Отмечено, что он внес большой вклад в формирование и развитие казахского литературного языка. Литературные произведения Алтынсарина отражали исторические и социальные изменения в жизни казахского народа во второй половине XIX века. Поэт в своих произведениях призывал народ к оседлому образу жизни, трудолюбию, честности. И.Алтынсарин переводил на родной язык произведения Л.Н.Толстого, К.Д.Ушинского, И.А.Крылова и других, близкие по жанру и тематике к идеям педагога-просветителя.

R.S.Karenov

The brink of creavity of Ibray Altynsarin

To 175-to the anniversary since birth

The attention of literary activity of the outstanding educator, teacher of XX of century Ibraya Altynsarin is paid. The conclusion is drawn that it made a big contribution to formation and development of the Kazakh literary language. It is noted that literary works of Altynsarin reflected historical and social changes in life of the Kazakh people in the second half of H H of an eyelid. It is emphasized that they called for a settled way of life, diligence, honesty. It is described that as the outstanding educator of the time Altynsarin translated into the native language of work of L.N.Tolstoy, K.D.Ushinsky, I.A.Krylov and others.

References

- 1 Altynsarin I. *Let children learn. Verses, stories, proverbs, riddles*, Almaty: Atamura, 2006, 168 p.
- 2 Syuinshaliyev Kh. *History of the Kazakh literature: textbook*, Almaty: Sanat, 1997, 928 p.
- 3 Madibai K. *Kazakh adebiety*, 2009, July, 31, 33 (3144), 6 p.
- 4 *Kazakh Soviet Encyclopedia*, 11, / Edit. chief M.K.Karatayev, Almaty: Main edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia, 1977, p. 92.
- 5 Satbekova A. *Anuz adam: Zhuldyzdar otbasy*, 2013, 17 (77), p. 36–37.

Чи Шаубиң, С.Ысқақұлы

Іле педагогикалық университеті, Қытай
(E-mail: 554323028@qq.com)

Қытайдағы таяу заман қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен даму үрдісі

XIX ғ. – XX ғ. алғашқы жартысындағы әдебиет мысалында

Мақалада Қытайдағы қазіргі заман қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен даму барысы жалпы қытай халқының сол тұстағы саяси-әлеуметтік жағдайымен, мәдени тірлігімен бірлестіре отырып қарастырылады. Қазіргі заман қазақ әдебиетінің қалыптасып, даму жолында қалам тартқан ақындардың кемелденіп, рухани жетілуіне халықтық бай фольклор, шығыс әдебиеті, Абай мұрасы сынды үш үлкен мектептің тірек болғаны, сонымен бірге таяу заманғы қазақ әдебиетінің тарихы айтыс өнерімен де тығыз байланыста болып, айтыскерлік бұл дәуірде таңдаулы дәстүр болып қалыптасқаны, арнау өлең жасампаздығы да сол заман ақындарында тағы бір түрлі әдеби ауқымға айналғаны айқындалды. Бұл дәуірдегі ақындардың бірімен-бірі ілесе, қатарласа шығып, бір бағытта, бір мақсатта қалам тартып, әдеби орта қалыптастырғаны, әдебиеттің тақырып өрісі кеңейіп, мазмұн-мәнері жаңаланғаны пайымдалды. Түр, жанр, формасы жөнінен алғанда XIX ғасырдан XX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі қытай қазақ әдебиеті өзгеше өзіндік өңірлік ерекшелігімен көзге түсетіні тұжырымдалды.

Кілт сөздер: Қытайдағы қазақ әдебиеті, таяу заман әдебиеті, Абай мұрасы, ақындық өнер, әдебиет теориясы, түр және мазмұн.

Қытай қазақтары рухани әлемінің барысын сөз еткенде, біз, жалпы, қытай халқының сол тұстағы әлеуметтік-саяси, мәдени тірлігіне соқпай өте алмаймыз. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдағы Қытай қоғамы, мәдени барыстары жөнінде бірер сөз айтылып, оның сипаты айшықталмайынша, сол өлкедегі қазақтардың әлеуметтік, мәдени, әдеби тірлігін безбендеу мүмкін емес.

Қытайда феодалдық қоғам Чиң патшалығының (1644–1911) соңын ала күйреуге бет алды. Әлеуметтік дағдарыс күн сайын күшейіп, ішкі қайшылықтар барған сайын ушығып, хандық барынша іріп-шіріді. 1840 жылдардан бастап өзге капиталистік елдердің ықпалымен қытай қоғамында түбірлі өзгерістер туыла бастады. Әлемдегі алпауыт империалистік мемлекеттердің Қытайға анталай шабуылдауы Қытайдағы феодалдық қоғамның ыдырауын тездетті, капитализмнің өркенін жая бастады. Осылайша феодалдық қытай қоғамы жартылай феодалдық қоғамға айналды. Тағы бір жағынан, бұл елдер Қытайды өз қалауынша емін-еркін билеп-төстегендіктен, тәуелсіз мемлекетті жартылай отар елге айналдырды. Міне, содан бастап империализм мен қытай халқы, феодализм мен халық бұқарасы арасындағы қайшылық — таяу заманғы қытай тарихы дамуындағы негізгі қайшылыққа айналды. Қытай халқы халық ретінде құрып кетуден сақтану үшін Тайпинтиангодан (1851) Шаңхай төңкерісіне дейін (1911) төңкерістік күресті толассыз жалғастырып отырды. Сондай-ақ Қытайдың көкірек көзі ояу, алға басар ұл-қыздары саны мол, салмағы батпан қорлық пен зорлықтарға төзе жүріп, батыс елдерінің ғылым-мәдениетінен ақиқат іздеді. Осылайша батыстағы өркендеген әдебиет — көркемөнердің сан түрлі ағымы Қытайға ағылып кіре бастады.

Әдебиет қоғамдық идеологияның және жалпы мәдениеттің құрамдас саласы ретінде сол дәуірдегі қытай қоғамының өзгерістерін бейнелеуге, сонымен бірге өзі де аталған бетбұрыстарға үйлесуге, сәйкесуге міндетті еді. Сөйтіп, аталған тарихи кезеңде феодалдық әдебиетпен қатар, отаршылыққа қарсы тұруды, феодалдық бұғаудан құтылуды негізгі мазмұн еткен алға басар әдебиет те дүниеге келді. Сонымен бір уақытта феодалдық қоғам тұсындағы ескі әдебиетті жаңалау науқаны да қоса жүріп жатты [1; 121].

Міне, осындай жағдайда таяу заманғы Қытайдың алға басар әдебиеті сол кездегі саяси күрес үшін ғана қызмет атқарып қалмастан, белгілі деңгейде империализмге, феодализмге қарсы ұран көтерді. Сонымен бірге Қытайдың көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары туған елін ояту мақсатымен батыс әдебиетінің, әсіресе орыс әдебиетінің көрнекті өкілдерін туған тілдеріне молынан аударды. Гегель, Тагор, Петефи, Лермонтов, Некрасов, Толстой, Гоголь, Чехов, тағы басқалардың шығармаларының қытай тіліне аударылуы, сол кездегі хат танитын қауымның сана-сезімінің оянуына игі әсер еткені белгілі. Ал аталған әлемдік классиктердің және Қазақстаннан барған қазақша, орысша

нұсқалары және ішкі өлкеден келген ханзуша нұсқалары Шыңжаң халықтарының да көкірек көзін ашып, таным-талғамын өсіре түсті. Сондай-ақ 1930–1940 жылдарда Қытай әдебиетінің көрнекті өкілдері Лу Шүн, Го Моро, Мау Дүн, Әй Чин, тағы басқа ақын-жазушыларының шығармалары да Шыңжаңда біртіндеп аударыла бастаған болатын. Сондықтан қытай әдебиетіндегі әр кезеңнің бедері Қытайдағы қазақ әдебиетіне өз ізін қалдырып отырды. Жалпы 1920 жылдардан басталған Қытай мәдениетінің ояну қозғалысы 1930–1940 жылдарда биік белеске көтерілді десек, тура осындай ояну құбылысы ұқсас мезгілде қытай қазақтарында қайталанып отырды. Сол мезгілде Шыңжаң қазақтары арасынан шыққан Ақыт Қажы Үлімжыұлы, Әсет Найманбайұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Жүсіпбекқожа Шайхысыламұлы, Көдек Маралбайұлы, Асылқан Мыңжасарұлы, Шілбі Көмекұлы, Шарғын Алғазыұлы, Нұртаза Шалғынбайұлы, Дубек Шалғынбайұлы, Әріпжан Жанұзақұлы, Арғынбек Апащпайұлы, Отарбай Дүйсенбіұлы, Асқар Татанайұлы, тағы басқа ақындардың мәдени оянушылық рөлі ерекше болғанын байқауға болады. Қалай болғанда да бұларсыз XX ғасырдың алғашқы жартысындағы қытай қазақтары әдебиетінің жай-күйін сөз ету мүмкін емес. Аталған ақындардың бірі діни ғұлама, бірі әнші-сазгер, бірі айтыс ақыны, енді біреуі аудармашы болғандықтан, сол тұстағы сауаттылық деңгейі әр қилы қазақты жан-жағынан қаумалап оянбасына қоймады. Тағы бір ескерте кетерлік жағдай, қытай қазақтарын оятушылар тек жоғарыдағы ақындармен ғана шектелмейді. Олардың жан-жағында, маңайында қолынан қаламы түспей өткен үлкенді-кішілі ақын-жазушылар аз болған жоқ [1; 129, 130].

XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың алғашқы жарымына дейін Қытайдағы қазақ жұртының саяси-әлеуметтік өмірінде ғана емес, мәдениеті мен әдебиетінде де өзіндік өзгерістер туылды. Мұның өзі заман ауқымының және ел іші-сыртындағы ғылым мен мәдениеттің дамуындағы табиғи беталыс еді. Мәдениет шебіндегі мұндай өзгерістің басты бір белгісі оқу-ағартудың дамуынан байқалады. Қытайдағы қазақ сахарасында XX ғасырдың бас шеніне дейін негізінен ескіше мектеп, медреселер ғана болған, онда көбінесе діни оқу оқытылатын, оның үстіне тұрақты емес еді. 1922 жылы Үрімжі қаласында тұңғыш рет өлкелік мұңғұл-қазақ мектебі ашылды. Бұл мектепте қытай тіл-әдебиеті және қазақша-орысша тіл сабағы өтілді. 1935 жылы құрылған Шыңжаң институтында бірталай қазақ балалары оқыды. 1934 жылдан бастап қазақ арасына жаңаша мектептер ашыла бастады және бірнеше жыл ішінде Іледе — 38, Тарбағатайда — 15, Алтайда 16 мектеп құрылып, оқушы саны 6200-ге жеткен. Бұл мектептерде сол кезде Қазақстаннан шыққан жаңаша оқулықтар болған. XX ғасырдың бас шеніне дейін Қытайдағы қазақ ішінде ескіше оқыған санаулы ғана зиялы болған болса, бұл тұста әсіресе 1930–1940 жылдарда бастауыш, орта мектептер мен арнаулы курстарды тауысқандардың саны едәуір молықты.

XIX ғасырдың аяқ шенінен бастап Қытайдағы кейбір қазақ әдебиетшілерінің кітаптары Қазан қаласындағы баспалардан шыға бастады. Ол кезде Шыңжаңда қазақ тілінде баспа сөз қалыптаса қоймаған еді. Тек 1930 жылдардан бастап қазақ тілінде газет-журнал жарық көрді. Қазақ тілінде «Шыңжаң газеті», «Іле газеті», «Ерікті Алтай», «Тарбағатай газеті» шыға бастады. Үш аймақ төңкерісінің ықпалымен 1940–1945 жылдар аралығында «Күрес», «Білім арнасы», «Таң шолпаны», «Бірлік», «Одақ» атты журналдар және «Әдебиет арнасы» атты альманах жарыққа шықты. Тарбағатайда «Жаңа Шыңжаң», Алтайда «Жаңа Алтай» журналы шықты.

XX ғасырдың бас шенінен бастап мәдениет, ғылым, әдебиет саласында және әкімшілік, басшылық саласында бір шоғыр қазақ зиялылары ел көзіне түсіп жетіле бастады. Олардың қажыр-қайраты арқасында XX ғасырдың алғашқы жартысындағы ханзу және әлем әдебиетінің озық үлгілері сауатты қауымға дерлік жеткізіліп отырды.

1930 жылдардан бастап Шыңжаңға, әсіресе қазақ аудандарына мәдениет жағында Кеңес Одағы игі ықпал жасады. Олардан түрліше газет-журнал, кітаптар таралды. Шетел қазақ әдебиеті және олар аударған шығармалар орыс әдебиеті мен еуропа әдебиетінің үздік үлгілері де Шыңжаң қазақтары арасына тарала бастады.

Қытай таяу заман қазақ әдебиеті орта ғасырдан жалғасқан халық ауыз екі әдебиетінің жасампаздық дәстүріне мұрагерлік етті. Бұл тұста ел арасында ескіден келе жатқан мифтер, аңыз-ертегілер, ерлік эпостар мен халық дастандары, шешендік сөздер мен мақал-мәтелдер, өлең-жырлар мол сақталды. XVIII ғасырдағы «Ақтабан шұбырынды» оқиғасына байланысты туындаған аңыз-жырлар кең таралған. Сонымен бірге осы дәуірдің өзінде, дәлірек айтқанда XIX ғасырдан XX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі дәуірде, жергілікті түс алған қыруар аңыз-әңгіме, өлең-жыр, қисса-дастан, шешендік сөз, айтыс өлеңдері барлыққа келіп ауыз әдебиетінің қорын байытты; жазба әдебиет өрістеп халық ауыз әдебиетімен жарыса өмір сүрді. Сондай-ақ қазақ хандықтары дәуіріндегі қалыптасып, өрістеген зор әлеуметтік және қолданылмалы рөл атқарған жыраулар жасампаздығының

стилі, сарыны осы дәуірге дейін созыла бастады, яғни бұл дәуірде ертедегі жыраулар жырының көбінесе белгілі әлеуметтік қимылға тікелей қызмет ету характері жаңаланып, поэзия жасампаздығы арнаулы көркемөнер түр ретінде даралана бастады [2].

Еліміз таяу заман қазақ поэзиясының тамырын тереңге тартып, кемелденуінің тағы бір қайнары — шығыс әдебиетінің игі ықпалы, яғни шығыстық үлгідегі классикалық шығармалардың өнегесі деуге болады.

Шығыс елдерінің әдебиеті тым ертеде дамығандықтан, Орта Азия халықтарының әдебиетіне орасан зор ықпал жасайды. Әрбір жақтан үлгі-өнеге көрсетеді. Шығыс әдебиетінің биігіне қазақ әдебиеті де, ертеден-ақ құлаш ұрады. Қазақтың озық ойлы әдебиетшілері шығыс әдебиетіндегі оптимистік, адамгершілік идеялардан, көркемдік тәсілдерден, оқиға желісін құрастыру шеберлігінен, өлең құрылысын жасау өлшемдерінен үйренеді. Олар шығыстың таңдаулы әдебиет үлгілерінен нәр алып оны қазақ сахарасына, өзінің туған топырағына бейімдеп жырлады. XIX ғасырдың соңғы жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жартысында еліміз қазақ әдебиетінде назиралық дәстүр кең дамыды, киссагерлік өркендеп өсті.

Қазақ әдебиетіне Абай сіңірген бұл назиралық үлгіні Қытай таяу заман қазақ ақындары да жаппай қолданып, қыруар қиссаларды жаратып, елімізді қазақ жазба әдебиетінің тақырып аясын кеңейтуге, мазмұн және форма жақтан кемелденіп, биік өреге көтерілуіне елеулі рөл атқарды. Яғни олар ұлы Абайдан өнеге қабылдап назира дәстүрінің ықпалымен сюжет сорабын араб, парсы, үндістан және басқа түркі тілдес ұлттардың халық ауыз әдебиетінен классикалық шығармаларынан алып, оны қазақ жолмен жырлады. Сөйтіп, назиралық әдеби тәсіл мен машықтың негізгі жанры болған қиссалар сол тұста халық арасына өте кең тарап, дами түсті. Неше ондаған жеке қиссалар таралды. «Бақтиярдың қырық бұтағы», «Тотының тоқсан тарауы», «Қырық уәзір» сықылды көп сюжетті, тоғыспалы кесек жырлар да жырланды.

«Қиссалар XVIII-XIX ғасырларда ауызша ғана емес, қол жазба күйінде, кейінірек баспа сөзде жарияланып кітап түрінде таралған. Сондықтан жұрт оны «Өлең кітап» деп те атаған. Халық қисса шығаратын, яки оны жырлайтын ақындарды «киссагер» деп атаған. XIX ғ.—XX ғасырдың алғашқы жартысында қиссагерлікте сауатты халық ақындары көп еңбектенді. Олар көптеп хатқа түсіріп, баспада жариялап отырды. Бұл іске жай халық ақындары ғана емес, ықпалды жазба ақындар да араласты, соған байланысты қисса жанрының қазақ әдебиеті тарихындағы орны жоғарылады. Кейбір әдебиеттанушы-ғалымдар қисса жанры таяу қазіргі заманғы қазақ әдебиеті тарихында маңызды орында тұрады, ол XVIII-XIX ғасырлардағы жалпы қазақ әдебиеті жасампаздығындағы үш негізгі саланың бірі болып қалыптасты деп есептейді [3].

Қисса жанры қазақ әдебиетінде сонау ертеден тартып пайда болып, жалпыласқанымен, еліміз қазақтарында оның кең өрістеуі, көптеп жырлануы, таралуы, баспада басылуы, жан-жақтылы кемелденіп, озық өреге көтерілуі XIX ғасырдың соңғы жартысы мен XX ғасырдың алғашқы жартысындағы кезең болды. Бұл дәуірдегі қазақ жазба ақындарының бәрі дерлік назиралық жолмен қисса жазып, бұл жанрдың өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосты. Әсіресе Жүсіпбекқожа Шайхысыламұлы, Әсет Найманбайұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Әріпжан Жанұзақұлы қатарлы ақындардың еңбегі зор.

Бұл дәуірдегі ақындар назиралық үлгімен қисса жазу дәстүрін кең жалпыластырып, оны бір түрлі шығармашылық тәсіліне айландырған. Өздерінің ақындық атағын жұртқа әйгілеуде назиралық үлгімен қисса жазуды ақындық өнердің үлкен өлшемі деп білген. Бұның өзі қисса жанрының дамып, кең өрістеуіне, таратылуына ықпал етті. Ақындар көптеген қиссаларды назиралық жолмен өздері жазып таратса, кейбіреулерін баспа сөзде жариялады. Тіпті бұрыннан халық арасында бар қиссаларды да жинап, реттеп, жырлап ел арасына қайталай кең таралуына себепші болды. Мәселен, «Ел ішіндегі қарттардың айтуынша: «Бақтияр» және оның «Қырық бұтағын» Шыңжаң қазақтарына көп таратқан ақын-жыршылардың бірі Әріпжан Жанұзақұлы сияқты. Әріпжан ақын 1940 жылдардың басында Тарбағатайда қайтыс болады. Әріпжан қырық бұтақты түгел білген, үзбей жырлағанда бір айдан артық уақытқа созылады екен. Әріпжан бұл қиссаны өз әкесі Жанұзақтан жаттаған. Ал Жанұзақ ақын бұл қиссаны өзінен бұрынғы ақындардан жаттады ма, я болмаса өз жанынан жырлаған ба, бұл жағы анық емес [4]. Бұл қиссалар ақындар жағынан қайталай жырлануы, таралуы барысында мазмұн және форма жағынан үлкен өзгерістерге ұшыраған. Яғни қазақтың тұрмыс-салтына, эстетикалық талғамына, ұлттық психикасына, көркемдік дәстүріне бейімдеп, жырлаған. Қайталай жырлану барысында қиссалардың ұлттық бояуы ажарлана түскен. Өйткені ақындар оны қазақиластырғанда ондағы оқиға, кейіпкерлерден тартып — бәрі-бәрі де қазақтың сахарасындағы

өмір шындығына ыңғайланған. Солай бейімдей, соған сәйкестіре жырлаған. «Ондағы адамдар қазақ психологиясында жасалған. Олар барлық іс-әрекетінде қазақша қимылдайды, қазақша ойлайды, сөйлегенде де қазақтың сөйлем орамы, сөз кестесі бойынша сөз саптайды. Ұлттық салт жақтарында онда қазақтың алты алашы шақырылып, қазақтың алты қанат ақ ордалары тігіліп, ақсарбас айтылып сойылып, ұлан-асыр жомарт той болып жатады. Қонаққа ет атпен тартылады. Дүрілдетіп домбыра шертіледі. Шілдехана өткізіледі. Өлең айтысады. Балуан күреседі. Тенге ілу және сөлкебай ату, қызқуар, ақсүйек, алтыбақан секілді қазақ ойындары ойналады. Ат бәйгесі болады. Құдаларға құйрық-бауыр асатылады. Өлгенге жоқтау айтылып, ас беріледі. Жөн-жосықты бұзғандарға қазақ жолымен айып салынады. Ел басына, ауыл ақсақалдарына сыбаға сақталады, тарту беріледі. Сыбызғы, қобыз ойналады. Қазақ билері биледі. Ит жүгіртіп, құс салынады. Жар-жар, беташар айтылады. Мұндай қиссаларды оқып отырғанда әсте шеттен келген деп сезінбейсің, қайта қазақтың ата-бабалары кезінде Бағдат, Мысыр, Шам қалаларында дәурен сүргендей, араб, парсы, түрік тілдерін де тұтынғандай түсінесің [5].

Бізде қазақ жазба әдебиеті XIX ғасырдың екінші жарымынан XX ғасырдың бас шеніне дейін қалыптасты. Ұлы ақын Абай жасампаздығының ықпалын қабылдай отырып, өзіндік арнада өрістеді. Таяу заманнан бергі жазба әдебиеттің басты белгілерінің бірі туындыны баспасөзде жариялау болса, бұл дәуірде Қытайда қазақша баспасөздің қалыптаса қоймағанын айту керек. Сол себептен бұл тұста ақын, қиссагер, әдебиетшілер туындыларының баспасөзде жарияланғандары санаулы ғана еді. Қисса-дастандардың бір бөлегі және кейбір шежіре кітаптар қолжазба күйінде таралды. Ал әдеби туындылардың дені ауызша таралды және сақталды. Бұл дәуірде ең алғаш баспа сөзде кітабы шыққандар ғұлама ақын Ақыт Үлімжіұлы мен Жүсіпбекқожа Шайқысыламұлы болды. Олардың көптеген қиссалары кезіндегі Қазан, Уфа қалаларының баспаларынан шықты. Шетелде басылғанымен бұл екі ғұлама ақын шығармаларының баспадан шығуы Қытайдағы қазақ жазба әдебиетінің қалыптаса бастағанын анық аңғартты. Жазба әдебиет дегенде хатқа түсірілген, қағазға жазылған туындылар да қамтылуға тиісті. Осы тұрғыдан айтқанда бұл дәуірде бізде қазақ жазба әдебиеті едәуір жалпыласты деуге болады.

Жазба әдебиетіміз XX ғасырдың 20–40-жылдарында бұрынғыдан әрі мазмұн жағынан ілгерілей түсіп әлеуметтік сипат алды. Түр, жанр молайып одан ары дамыды. Бұл дәуірде әйгілі ақын Таңжарық өкілдік еткен ақындар поэзиясы зор әлеуметтік ықпал тудырды, төңкерістік күрестердің ықпалын қабылдады, ескі қоғамның ем қонбайтын дерт-дербездерін әшкерелеумен бірге төңкерістік алға басар идеяны жырлады. Жазба әдебиетімізде төңкерістік идея дәріптеле бастады. Бұл беталыс Таңжарық жасампаздығынан анық бейнеленді. Оның көптеген өлеңдерінде, әсіресе түрме тақырыбындағы шығармаларында кертартпа үстемдікке қарсы күресу зұлымдықты әшкерелеу, халықты есе теңдікке жеткізу дәріптеген. Мұндай әлеуметтік сарындар өзге ақындар поэзиясынан да елеулі орын алды.

Түр, жанр, формасы жөнінен алғанда XIX ғасырдан XX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі Қытайдағы қазақ әдебиеті өзге ұлттар әдебиетінен әрі шетел қазақ әдебиетінен өзгеше өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Бұл дәуірдегі әдебиетімізде өлең сөз жасампаздығы басым орында тұрды. Бірақ ол жасампаздық ауқым-беталысы, поэзиялық жанрлары жағынан болсын өзінен ілгергі дәуірдегі поэзиядан нәр алып, өзіне тән дәуір ерекшелігін қалыптастырды. Ең алдымен жасампаздығының ықпалын жетілдірді. Түр және өлең өлшемі жағынан жаңаша поэзия арнасына ойысты. Жазба әдебиет құрамы барған сайын молықты. Жалпы алғанда, бұл дәуірдегі әдебиетшілеріміздің дені ұлылы-кішілі ақындар болды. Олар негізінен халық ауыз әдебиетінен үйренді, соның топырағында өсті. Олар, ең алдымен, халық ауыз әдебиеті туындыларын әсіресе халық өлең-жырларын қаршадайынан жаттап, үйреніп, содан нәр қабылдады, шабыт алды, соның бесігінде өсіп-жетілді. Халық ауыз әдебиеті туындыларын, жыр-дастандарды жинаушы, жырлаушы және біртіндеп баспа сөзде жариялаушы болды. Халық ауыз әдебиетінің сюжетін жаңғыртып туынды жаратты. Жүсіпбекқожа Шайқысыламұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Әріпжан Жанұзақұлы, тағы басқалар — міне осы түрдегі әдебиетшілердің типтік өкілі.

Демек, еліміз қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ақындардың үлгі алған үлкен мектебінің бірі — халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген халық ауыз әдебиеті. Халықтың көркемдік ақыл-ойының жемісі саналатын фольклордан нәр-қорек алмаған бірде-бір ақын жоқ десек те болады. Олардың жасампаздығы халық ауыз әдебиетімен тығыз байланысты болды. Ақындар шығармаларында ажарлы айшықтардың ғасырлар сүзгісінен өткен халық поэзиясының үлгі-

өрнегімен ұштасып жатқанын аңғару қиын емес. Десе де, XX ғасырда ғылым мен мәдениет, әдебиеттің дамуына ілесіп, қазақтың поэзия жасампаздығының сипатында өзіндік өзгерістер туылды.

Еліміз таяу заманғы қазақ әдебиетінің тарихы айтыс өнерімен тығыз байланыста болды. Себебі бұл тұстағы Қытайдағы қазақ әдебиетшілерінің негізгі тұлғасы ақындар еді. Ал ақындық жасампаздық пен айтыс дәстүрі тығыз байланысып жатты, бірге туып біте қайнасты. Ол кездерде қазіргідей жазба ақындар мен айтыс ақындарының, ара-жігі ажырамаған еді. XIX ғасырдан XX ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі дәуірдегі еліміз қазақ әдебиетінің тарихын негізінен поэзия тарихы, ақындар жасампаздығының тарихы деуге болады. Ал сол ақындар шығармашылығында айтыс өлеңінің өзіндік орны болды. Поэзия жетекші жанр болған бұл дәуірдегі қазақ әдебиетінің негізгі тұғыр-тұлғасы болған ақын әдебиетшілердің бәрі әуел баста айтыс өнерінің халықтық мектебінен тәлім алған. Айтыс өлеңімен қанаты қатып, бұғанасы бекіген де айтыс ақыны болған, жетіле келе поэзияның әр жанрына құлаш сермегендер еді. Бұлардың шығармашылық табиғатынан қарағанда айтыс поэзиясына соқпай өткендері жоқ дерлік. Олардың ақындық атағының әйгілі болуында тұтас шығармаларының рөл атқарғандығы даусыз, әйтсе де олардың ақындық өнерін ең алдымен елге танытып, даңқын асырған да айтыс өлеңдері болғаны хақ. Сөйтіп, ұлттық әдебиетіміздің өзіндік ерекшелігіне сай айтыскерлік бұл дәуірде таңдаулы дәстүр болып қалыптасқан. Айтыс ақыны болу ақындықтың негізгі белгісі есептелген. Ақындар кезінде талай айтыс түсіп тыңдармандарын тәнті еткен айтыс өлеңдерін қалдырған.

Аталған дәуірде айтыс өнерінің біртіндеп кең таралуы оның тез өсіп-жетілуіне түрткі болды. Поэзияның, айтыс дәстүрінің құнарлы топырағынан нәр алған сахара жұрты айтыс десе делебесі қозып, ішкен асын жерге қоятын болды, айтыс бірте-бірте жалпы жұрт талпынатын өнерге айналды. Сөйтіп, ерте заманда жыраулар, шешендер, билер және халық ақындары өркенін өсірген суырып-салмалық — импровизаторлық өнер әрі сол негізде өрістеген айтыс дәстүрі біздегі қазақ ішінде неғұрлым кең қанат жайды. Қыруар айтыс өлеңдері барлыққа келді. Қорының қомақты болуы сол дәуірде қазақ қауымының ішінде айтыс өнерінің кең өрістеп дамығанын айқындайды. Ақынға «ақын» атағын әперетін ең үлкен байқау айтыс болған. Өзін ақындықпен танытқысы келген әрқандай адам жұртқа танылған мықты ақынмен өнер сынасып, сөз жарыстырған. Халықтың алдында өзінің ақындық қабілетін сынға алған. Егер осы жарыста халық мойындаса, ол жұртқа танылған, ал көптің көңілі толмаса, ақын деп танылмаған. Мұның өзі сол замандағы айтыс дәстүрінің кейбір сипаттарын, яғни халықтық айтыс өнерінің бел ортасында шыңдалатын ақындық таланты бар жастардың қаршадайынан ақындық өнерге ден қоятынын, айтыс десе жарғақ құлағы жастыққа тимей қайда аты шыққан азулы ақын болса, соны іздеп барып айтысып, жеңістік алуға асығатынын, соған байланысты айтыс өнерінің ру-тайпа, ел-жұрт арасында үлкен беделге ие екенін, жеңістік алған ақынның рулы елінің зор абыройға кенелетінін, мәні жағынан алғанда, айтыс өнерінің жай эстетикалық талғам өресінен асып, әлеуметтік байланысқа, ел-жұрттың қарым-қатынасқа, ар-намысына, тіпті ақындардың тағдырына елеулі ықпал ететінін аңғартады.

Бұл дәуірде жалпы кәделі бас қосудың бәрі дерлік айтыссыз өтпеген, айтыс өлеңдердегі деректерге қарағанда, ол кезде ел ішіндегі салт-жора, ас-той, жәрмеңке-жиылыс, шілдеhana, қомақты қонағасы — отырыстардың бәрінде айтыс негізгі көңілашар, өнер жарысы болған. Бір ауыл-аймақтан бірер мықты айтыс ақыны өсіп жетілсе, сол өңірдегі өлең ошағы мен айтыс өнерінің оты маздаған. Осыдан болар XIX ғасырдың соңғы жартысынан бастап, ақындар айтысы халық арасында шұғыл өрлеуге көтеріліп, бір топ адуын айтыскерлерді тудырған. Әсет Найманбайұлы, Жүсіпбекқожа Шайхысыламұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Асылхан Мыңжасарұлы, Отарбай Дүйсенбіұлы, Шарғын Алғазыұлы, Кәрібай Таңатарұлы, Аппақ Майтабанқызы, Мағауиа Орысбайқызы, тағы басқалар қатарлы екпініне ел көтеріліп, жүйрік ойлы арынды айтыс ақындары арт-артынан көзге түскен. Ел айызын қандыратын, күнді түнге жалғап айтыс бәсекесін оздыратын, бұқаралық сипаты күшті көркем өнеріміздің шоқтығы биік жанры болып қалыптасқан және дамыған.

Арнау өлең жасампаздығы еліміз таяу заман ақындарындағы тағы бір түрлі әдеби ауқым болып, ақындар қоғамға, болмысқа, небір жекеге болған көзқарасын, тұрғы танымдарын бейнелеуде арнау өлеңдердің алуан түрін пайдаланған. Сол арқылы да өз тұсындағы қоғамның сан-алуан қайшылығын, шынайы бет-бейнесін, қараңғы, жақтары мен жағымсыз мінез-құлықтарды, тоғышарлықты әшкерелеп діттеген мақсаттарына жетіп отырған. Демек, арғы тарихы халық ауыз әдебиетінен бастау алған арнау өлеңдер еліміз таяу, қазіргі заман қазақ поэзиясының тағы бір арнасы болып қосылған.

Міне, осындай құнарлы топырақтан өсіп-өнген арнау өлеңдерінің еліміз таяу заман қазақ поэзиясының үлкен бір арнасы болғандығын ұлы Абайдан тікелей ақындық тәлім қабылдаған

Шыңжаң қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлғалар Ақыт, Әсет, Таңжарық, Көдек, Асылқан, Отарбай, тағы басқа ақындардың туындылары дәлелдей түседі. Бұл дәуірде шағын, қысқа өлеңдер шоғырындағы арнау жырлары қорының қомақты болуына қарамай, аса икемді бір поэзиялық жанр ретінде тұлғаланды.

Бұл дәуірдегі ақын туындыларының бір бөлімі баспа сөзде жарияланды. Бірақ 1930 жылдардың екінші жарымынан ілгергі дәуірде баспасөзде жарияланғандары тым көп емес. Олардың туындыларының бір бөлімі қолжазба күйінде, тағы бір бөлегі ауызша таралды. Мұндай шығармалар бертінде ел аузынан жазып алынды. Бір талайының бірнеше нұсқасы (варианты) сақталған. Кейбір шығармалар текстологиялық тұрғыдан әлі зерттелу үстінде. Авторының кім екені немесе қайсы нұсқасының түпнұсқа екені әлі күнге дейін дүдәмәл, мұның өзі осы дәуірдегі әдебиет жасампаздығы халық ауыз әдебиеті ықпалынан арылып кете алмағанын бір қырынан сипаттайды.

Бұл дәуірде әдебиетімізде кейбір оқиғаларды, ел-жұрттың, ақындар мен авторлардың өз басынан кешірген оқиғаларын баяндайтын жыр тобы пайда болды. Мұны өз тұсындағы әлеуметтік өмірдің тарихи туындысы десе де болады. Мұндай топаны мол, формасы да алуан түрлі, белгілі нақ оқиғаны толық қамтып, дастан түрінде ұзақ жырланғандары да, келте қайырып, қысқаша жырланғандары да кезігеді. Бірақ олардың бәріне ортақ бір ерекшелік — өз тұсында ақынға ерекше әсер еткен және ел-жұрттың басынан өткен аянышты оқиғалар, ақынның сол жөніндегі ой толғанысты жырланады. Онда оқиға, адам, оқиғаның туылған орны, уақыты, нәтижесі, автордың көңіл-күйі өңдеп әрлеуден өткізілмейді, негізінен өзгеріссіз жырланады. Өйткені ақындар өз ойын қара сөзбен баяндағаннан гөрі, өлең сөзбен жырлағанды абзал көретін. Жұрт ішінде өлең-жырды естіген жерден құйма құлақ өлеңші ақындар көп болған. Поэзия кең қанат жайған ортадан мұндай өлең-жыр кең таралатын әрі ықпал тудыратын.

Қытай таяу заман қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармалардың ендігі бір шоғыры суреттелетін оқиға негізінен өзі өмір сүрген орта, қазақ қоғамына тән тіршілік көрінісінен алынып, дәуір шындығы бейнеленетін немесе халықтың ілгерінді-кейінді өмірін суреттейтін шығармалар, басқаша айтқанда, халық басынан өткен тарихи оқиғаға, жеке тұлғаларға арналған я белгілі кезеңде болуы мүмкін шындық негізінде жазылған, кейде тіпті ақынның өз тағдырына қатысты жайлар да орайластырып жырланатын туындылар болып табылады. Яғни, аталған дәуірдегі еліміз қазақ жазба әдебиетінде дастан жанры да қарыштап дамыды. Сол тұстағы ақындар идеялық мазмұн, көркемдік өресі жағынан шұрайлы дастандар жазып, жазба әдебиетіміздің тақырып аясын кеңейтіп, көркемдік арнасын молайтуға үлкен үлес қосты.

Бұл дәуірде жазылған дастандардың бір тобында ерте кездегі, сонау қазақ хандықтары дәуіріндегі кейбір тарихи оқиғалар баяндалса, кейбіреуінде дастанға арқау болған оқиға бертінгі дәуірден, тіпті ақын өмір сүрген заманнан алынады. Енді бір бөлім дастандардың туылуына қазақ арасында тарап жүрген белгілі бір хикая яки аңыз себепші болған. Тарихтан белгілі кейбір тарихи тұлғалар да дастандарға арқау болады. Бір бөлім дастандар қиялдық, аңыздық сипаты басым болып, романтикалық түске ие болса, көбінің оқиғалығы шындық өмірге жақын, яғни, реалистік сипаты басым келеді. Кейде асқақ романтизм мен реализм тығыз ұштасып жатады. Кейбірінің мазмұны ғашықтыққа құрылып, ескі неке түзіміне қарсы тұрып, әйел теңдігі, жастардың махаббат еркіндігі дәріптеліп жатса, кейбірі батырлық хикаяға құрылып, ерлік рух жырланады. Мейлі қайсысы болсын бәрінде де ұлттық салт-сана, ғұрып-әдет, жора-жосындар, яғни ұлттық ерекшелік, айқын көрініс тауып жатады.

Бұл дәуірде әдебиеттің тақырып өрісі кеңейді, мазмұн-мәнері жаңаланды. Жалпы әдебиет жасампаздық ауқымы біртіндеп сыншыл реализм арнасына ойысты. Мадақ-марапат жырлары азайып, сын әшкерелеу көбейді, өмірдегі әлеуметтік теңсіздіктерге наразылық күшейді. Кейбір шығармаларда заман ауқымының індеттері мен керағарлығы әшкере айыпталып отырды. XIX ғасырдың II-жартысында туылған аумалы-төкпелі, зобалаң жағдайлардың салдарынан Алтай, Тарбағатай жерінде қазақ жұртшылығында басқа өңірлерге ауа көшу арқылы ауыр алман-салықтан қашу, жергілікті билеушілердің баса билеуі мен жолсыз жазалауына қарсыласу жайттары күшейді. Ауған елдің ұзаққа созылған аумалы-төкпелі өмірі жөнінде көптеген өлең-жыр және дастандар туындаған. Бұл топтағы шығармаларда сол елдің тартқан тауқыметі мен азапты, ауыр кешулері, мұң мен наласы бейнеленумен бірге, кіндік кесіп, кір жуған жерге деген сағыныш, кимастық сезім, күніренген көңіл-күй кестеленген. Мұндай мұңды, зарлы зар-заман әуендердің бір тобы «жер-су өлеңі» болып қалыптасқан. Ауған елдің атамекенін аңсауынан туындаған бұл секілді сағыныш жырларында жер

мен судың көркем табиғаты мен мән-жайы, өзгеше бітім-болмысы ақынның еміренген сағынышты сезімімен өріле біртұтас суреттеледі.

Біз сөз еткен кезеңде еліміз қазақ поэзиясында табиғат лирикасы негізгі сарын болмағанымен, табиғат ана өскен ортаның құбылыс-көріністері ақындарды әсерлендірмей қоймаған. Еліміз таяу заман қазақ табиғат лирикасының қалыптасып, дамуына негіз салған ақындардың көшбасшысы — Ақыт пен Таңжарық деуге болады. Өйткені Таңжарық, Ақыт поэзиясының көркемдік қуатының өзгешелігі, бейнелеу шеберлігі жағынан дара тұратыны белгілі. Ол нені суреттесе де, көз алдыға келетіндей сурет салуға ұмтылады. Оның суреткерлігі, немесе бұл тақырыптағы табысы, табиғат лирикаларынан да көрініс табады.

Қазақ халқы — табиғатпен егіз, етене халық. Сонау ықылым заманнан тартып сахараның салқын самалын жұтып, таңғажайып табиғатын қызықтап, оның ішкі қыры мен сырына терең үңіле білген, көркемдікке барлау қабілеті бар халық. Кезінде М.Әуезовтің: «...Кең далада, еркін ауада сайран қылып, жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып, біте қайнап, басы бос, қиялы күшті, бұлғақтап жүрген дүниенің бір ерке баласы», — деп жазғанындай, Қытайдағы қазақ әдебиетінде басқаларға ұқсамайтын сезімталдықпен табиғат көрінісін бейнелеген Таңжарық десек, артық болмас [6]. Рас, бай халық әдебиетімізде жер-суға арналған өлеңдер, табиғат суреттері баршылық. Таңжарық та осыдан нәр алған, бірақ сезім бояуы ұқсамайды.

Ақындық қарымы мен дарыны, көркемдік қуатының келістілігі жағынан тартымды туындылар берген ақындар өз өлеңдерінде көркемдікке ұмтылды, өлең жазудағы Абай талаптарына талпынды. Жатық тіркес, шымыр ұйқас құруға, ажарлы сөзбен бейнелеуге, шырайлы шумақ жасауға, осылардың бәрін үйлестіре келіп, ой салар, жүрек тербер көркем поэзия тудыруға тырысты. Олар белгілі дәрежеде Абай бастаған қазақтың жаңа жазба әдебиетіндегі көркем үлгіні басшылыққа алды. Табиғат көріністерін беруде, жер-су, тау-дала, қоршаған ортаны, өмір құбылыстарын суреттеуде алдыңғы буынға көз салды, ізденді, солармен үндесетін азды-көпті туындылар берді. Алайда ақындар поэзиясында өздерінің бойына бала кезінен сіңген халықтық сипат, ұлттық дәстүрдегі көркемдік үлгі басым байқалатыны шындық.

Еліміздегі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ақындарға ұлы Абайдың да әсер-ықпалы аз болмаған. Өйткені XX ғасырдың алғашқы жарымында Абай мұрасының идеялық-эстетикалық терең мәні Қытайдағы қазақ әдебиетшілерінің де үлгі-өнегесіне айналған-ды. Біріншіден, Абай шығармалары қалың қауымға рухани нәр берсе, екіншіден, ақындықты мұрат еткен өнер иелерінің адастырмас темір қазығы болды.

«Абай қазақтың жаңа реалистік жазбаша поэзиясының, әдебиетінің негізін салды. Абайдың ақындық дарыны аса қуатты және сан қырлы. Ол — керемет суреткер ақын және сыршыл лириканың сирек кездесетін шебері. Сонымен бірге біз Абайды ойшыл ақын дейміз. Мұны алдымен ақынның өмір құбылыстарын терең толғау жағы басым келетін өлеңдеріне қатысты айтсақ, сонымен қатар өмір, адам тағдыры, дүние, заман ағымы жайлы пікірлері, дүниетанымы көбірек көрінетін өлеңдеріне қатысты, яғни ойшыл-философ ақын деген мағынада айтамыз» — деп, академик Заки Ахметов ұлы дарынға үлкен баға береді де: «Ақын тұлғасы қаншалықты ірі болса, ықпалы соншалықты зор болатыны, айналасына түсетін жарығы да мол болатыны анық, — деген тұжырым жасайды» [7].

Абай еліміз қазақ әдебиетшілеріне де «жарығын түсіргені» белгілі. Өйткені ұлы Мұхтар Әуезовтің «Абай — қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы, тереңге сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан Абай. Ол қазақтың ішінен оқушы тапқан», — деп айтқанындай, Абайдың XIX ғасырдың соңынан бері еліміз қазақ әдебиетінде де «оқушылары» болғанын Абай дәстүрін жалғастырушы ақындар дәлелдейді, яғни еліміз таяу заманғы қазақ ақындары Абайдан үлгі қабылдап, мұндағы жазба әдебиетіміздің тақырып аясын кеңейтуге, көркемдік өресін жоғары көтеруге, мазмұны мен формасының жаңалануына игі ықпалын тигізді [8].

Қытайдағы таяу заман қазақ әдебиетіндегі ақындар тақыр жерден пайда болған жоқ. Тағылым алар, тағылым берер алды-арты, ақындық айналасы болды. Олар бірімен-бірі ілесе, қатарласа шығып, бір бағытта, бір мақсатта қалам тартып, әдеби орта қалыптастырды. Қалай дегенмен де, ықпалдастық райдағы ақындық орта жасады. Осы ретте біз сөз етіп отырған Таңжарық, Ақыт, Шылбы, Асылхан, Көдек, Досбер, Шарғын қатарлы ақындар шығармашылығындағы үндестік негізінен ағартушылық идеяның дамуы мен әлеуметтік сарынның көріну бағыттарында тоғысады. Ағартушылық идея да, әлеуметтік сарынның көрінуі де барлық ақынның шығармашылығына тән болғанымен, олардың бір

тобы ағартушылық бағытта басымырақ қалам тербесе, екіншілері әлеуметтік мәселені көбірек қозғаған өлеңдер жазды. Бұл орайда Ақыт, Шылбы, Шарғын сынды ақындар ағартушылық идеяның дамуына барынша үлес қосып, басымдылық танытса, Асылхан, Көдек, Досберлердің шығармаларында әлеуметтік сарын молынан көрінеді. Ал Таңжарық шығармаларында бұл айтылған мәселелердің қай-қайсысы да ашықтау көрініп, жетілдіріле түседі. Әрине, шығармалары талданып отырған ақындар тек осы шеңбер аясында ғана өлең тудырды деген түсінік болмау керек. Біздің бөліп қарап отырғанымыз — белгілі кезең әсерінде туған әдебиетті жүйелеп көрсету мақсатындағы айтылған ой. Әйтпесе бұл ақындар азды-көпті болса да алуан түрлі тақырыпта қалам тартқаны белгілі.

Қорыта айтқанда, еліміз таяу заман қазақ әдебиетінің қалыптасып, даму жолында қалам тартқан ақындардың кемелденіп, рухани жетілуіне тірек болған, үлгі-өнеге алған тәлімдік мектебі, сусындап нәр алған қайнар үш бұлақ көзді айтқан орынды. Оның бірішісі, халықтық бай фольклор, екіншісі, шығыс әдебиеті. Үшіншісі, Абай мұрасы. Әсіресе халық әдебиетінің сан ғасырлық өшпес өрнек-үлгісіне сүйенуі ақындар шығармаларына ерекше ажар ашып бергендігін көреміз. Шығыс әдебиетінің де ғибрат тағылымы, үйретер үлгісі аз болмаған болса, Абай үлгісімен өлеңдер дестесін жазған. Оның даналық жолын жалғастырып, өлмес өлеңдерін көптеп таратқан. Шығармаларын өнеге тұтқан. Сонымен кезінде Абай үні еліміздегі қазақ қауымына да кең тараған, өнер иелеріне нәр беріп ұстаздық еткен [9].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мәсімханұлы Д. Сарап. — Астана: Елорда, 2001. — 238-б.
- 2 Қазақ әдебиетінің тарихы. — 3-кіт. — Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2003. — 3–5-б.
- 3 Қазақ әдебиетінің тарихы. — 1-кіт. — Үрімші: Шыңжаң халық баспасы, 2002. — 622-б.
- 4 Мыңжани Н. Қазақтың халық киссасы — «Бақтияр» және оның «қырық бұтағы» жайында // Қазақ ауыз әдебиеті туралы пайымдаулар. — Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1984. — 757 б.
- 5 Егеубаев О. Қазақ халық дастандары туралы // Қазақ ауыз әдебиеті туралы пайымдаулар. — Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 1984. — 138-б.
- 6 Әуезов М. Абай тағылымы // Абай. — 1995. — № 1, 2. — 140-б.
- 7 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 245-б.
- 8 Әуезов М. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 230-б.
- 9 Сейітжанұлы З. Шыңжаң қазақ әдебиеті. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1999. — 87–96-б.

Чи Шаубин, С.Ысқақұлы

Формирование и процесс развития современной казахской литературы в Китае

На примере литературы XIX в. – первой половины XX в.

В статье формирование и процесс развития современной казахской литературы в Китае рассмотрены в единстве с политико-социальными условиями, культурным бытом народа. Автором изучены вопросы становления казахской литературы рассматриваемой эпохи. Отмечено, что совершенствованию творчества поэтов, их духовному созреванию помогали народный фольклор, восточная литература и наследие Абая. История развития современной казахской литературы находится также в тесной связи с таким народным творчеством, как айтыс. Определено, что поэты эпохи вышли на творческую арену одновременно, целенаправленно формировали национальную литературную среду, благодаря чему круг литературной тематики был расширен, а содержание и стили обновились. Сделан вывод о том, что китайская казахская литература по своим видам, жанрам и формам с XIX века до первой половины XX века притягивает взоры исследователей своеобразной региональной особенностью.

Chi Zhaubin, S.Iskakuly

The formation and development of Kazakh literature of the near period in China

For example, the literature of the XIX century – first half of XX century

In the article the formation and development of Kazakh literature of the near era in China are considered in the unity with political and social conditions, cultural life of the people of China at that time. The author of the article covers the establishment of Kazakh literature of the of near era, improving of poets creativity in the way of development, as they contribute to the spiritual maturation of the so-called three great schools: a rich folklore, the Eastern literature, heritage of Abai. The article also considers the history of Kazakh literature of the near age in close contact with the art of aitys, as aitys mastery in this era was the chosen tradition; as dedication verses creation by poets of that time has been transformed into a kind of literary range. The author gives a judgment on how the poets of this era came into the arena at the simultaneously, accompanied each other in one direction, purposefully formed the literary environment, so the circle of subjects of literature has been expanded and contents and styles were renewed. The author of the article concludes that the Chinese and Kazakh literature in its forms, genres and forms with the nineteenth century until the first half of the twentieth century, attracts attention by its peculiar regional characteristics.

References

- 1 Masimkhanuly D. *Sarap*, Astana: Elorda, 2001, 238 p.
- 2 *History of Kazakh literature*, 3-rd book, Urumchi: Shynzhan', 2003, p. 3–5.
- 3 *History of Kazakh literature*, 1-rd book, Urumchi: Shynzhan', 2002, p. 605.
- 4 Mynzhani N. *Kazakh auyz adebiety turaly paimdaylar*, 1984, p. 622.
- 5 Egeubaev O. *Kazakh auyz adebiety turaly paimdaylar*, 1984, p. 138.
- 6 Auezov M. *Abay*, 1995, 1, 2, 140 p.
- 7 Akhmetov Z. *Abay's Poetical world*, Almaty: Ana tili, 1995, 245 p.
- 8 Auezov M. *Literature history*, Almaty: Ana tili, 1991, 230 p.
- 9 Seytzhanyuly Z. *Kazakh literature in Shynzhan'*, Almaty: Kazakh university publ., 1999, p. 87–96.

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)*

Іргелі жазушы, халқымыздың асыл перзенті Ілияс Есенберлиннің әдебиетімізде алатын орны

Туғанына 100 жыл толуына орай

Мақалада XX ғасырдың көрнекті жазушысы Ілияс Есенберлиннің өмірі мен қызметі суреттелген. Оның балалық және бозбала шағы саяси төңкеріс, азаматтық соғыс, 1930 жылдардағы қайғылы оқиғалар секілді қазақ халқының қасіретті жылдарымен тұспа-тұс келгендігі айтылған. Оның бірқатар өлең шумақтарына ән жазылғандығы, әндерінің бірнеше кинофильмдерде орындалғаны, оның поэма да жазғаны, драматургия тәжірибесінің сәттілігі айрықша айтылған. Есенберлинге тән асқан жауынгершілік және жазушылықты өте жоғары бағалап құрметтеу оның үлкен әдеби жанр-роман жазуға көшуін едәуір кешеуілдеткені көрсетілген. Оның ондаған жылдар бойы жинақтаған поэзиялық, сценарийлік, драматургиялық тәжірибесі Есенберлин феноменінің негізін қалап, жазушының кемел шағында жыл сайын бір романнан жазып отыруына мүмкіндік бергені дәлелденген. Оның шығармаларының қазақ әдебиетінің алтын қорына еніп, ұлттық құндылық болып табылатындығы жалпыланған.

Кілт сөздер: қаламгер, ата-тегі, өмірдеректері, акын, дастандар, майдан жырлар, әндер, романдар, тың игеру, тарихи тақырыптар.

Kipicne

Ілияс Есенберлин туған жеріне, өскен еліне шығармагерлік алапат еңбегімен, талмас талантымен танылған ірі қаламгер. Ол 1915 жылы қазіргі Ақмола облысындағы Атбасар қаласында туған.

Арқа жерінде орыстандандырудың азабын көбірек тартқан аймақ — Ілияс Есенберлин мен Сейітжан Омаровтардың кіндік қаны тамған осы Атбасар. Қазақ жері патшалық Ресейдің меншігіне біржола тигесін, XIX ғасырдың аяғына таман бұл өңірге «переселендер» қаптап келе бастайды. 1897 жылғы санақ бойынша, Ақмола облысы тұрғындарының 33 пайызын солар құраған екен. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанша, 40–50 жылдың ішінде бұлар одан сайын көбейіп өскен. Солтүстік аймақтарда сол кезде ішкі Ресейден қоныс аударып келгендердің жеке болысы да болған.

Ілекеннің туған інісі Раунақ Есенберлин «Мен үшін ерекше адам» деген естелігінде өздерінің балалық шағын былайша еске алады: «Біз ерте жетім қалдық. 1924 жылы анамыз дүниеден өткеннен кейін өгей әкеміздің қолында қалған төрт бала едік: үлкен апамыз Назым, Ілияс, мен және әкеміздің ағасынан қалған бауырымыз Ахметқали. Өз үйіміздегі біздің өміріміздің соңғы жазы қатты есімде қалды. Танертең үйдің батыс жағындағы көлеңкеге жайғасып отыратынбыз. Сонан соң сол жерде Ілияс бізге ертегі айтатын. Ертегілері өте қызық болушы еді және олар бітпейтін. Мен оның осыншама көп ертегі білетініне таң қалатынмын. Кейінірек түсінгенім: ол ертегілерді өз жанынан шығарып ойлап табады екен. Болашақ жазушының табиғи дарынының қабілеті сол балалық шақта қалыптаса бастаған- ау деп болжаймын» [1].

І.Есенберлиннің шығу тегі — Арғын-Алтай тайпасына жататын Байдалы руы. Ата-тегі былайша жіктеледі [2]: Алтай — Байдалы — Өмірқұл — Жәмеке — Есімбек — Сеңгірбай. Сеңгірбайдан — Мамырбай, одан — Аймолда. Аймолдадан — Жетпісбай, одан — Бітеубай. Бітеубайдан — Есенберлі, одан — Ілияс, Раунақ.

Жазушының маңызды өмірдеректері

І.Есенберлин 1940 жылы Қазақ тау-кен және металлургия институтын бітірген. Әскер қатарына шақырылып, майданда ауыр жарақаттанған.

1942 жылы Қазақстанға қайтып оралды. 1947 жылға дейін Қазақстан Компартиясының ОК-нің аппаратында істеді. 1947–1951 жылдары Қазақ мемлекеттік филармониясының директоры қызметінде болды.

«Халық жауы» Хамза Жүсіпбековтің қызына үйленіп, қуғын-сүргінге ұшырады. Жұмыстан қуылып, жер аударылып, өлім аузынан қалды. 1953 жылы (Сталин өлгесін барып) бостандыққа шықты.

1953–1954 жылдары Қазақ КСР-ның Геология министрлігінде аға инспектор, сосын Ақтөбе облысындағы Берсүгір шахта басқармасының бастығы. 1955–1957 жылдары Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасының аға редакторы, 1958–1967 жылдары «Қазақфильм» киностудиясының сценарий-редакция коллегиясының редакторы, 1967–1971 жылдары «Жазушы» баспасының директоры, 1971–1975 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшы қызметтерін атқарды [3].

Ілекең КСРО Жазушылар одағы басқармасының, «Советский писатель» баспасы басқармасының мүшесі, одақтық съездердің делегаты болған ресми қызметтерімен қоса, халықтық істердің қандайынан болса да бас тартпай қажырлық танытқан қайраткер. Ұлттық рухты оятқан суреткер 1983 жылы 5 қазанда Алматыда дүние салды.

Есенберлиннің әдебиеттегі алғашқы адымдары

І.Есенберлин өзінің шығармашылық өмірбаянын өлең жазудан бастаған. 1945 жылы «Сұлтан», «Айша» дастандары жарық көрген. Тырнақалды өлең-жырын іріктеп, 1949 жылы жарияланған «Адамгершілік жыры» атты жинағына енгізген. «Көп алғыс Ұлы Сталин сізге бізден» деп басталатын «Қазақ қызының Отан туралы жырына» қоса, «Отан», «Социалистік Еңбек Ері досыма», «Мойынты-Шу ерлеріне», «Еңбекпенен гүлденем» деген сияқты саяси лириканың қызыл матаға жазылған ресми ұрандармен орайлас жолдарын өлең етіп ұйқастырған [4; 104].

І.Есенберлиннің ақындық қуатын көлемді дастандар цикліндегі ұлт мұратына негізделген, адам әлемі мен еңбектің асқақтаған, тарихи тұлғалар мен өмір оқиғаларын арқау еткен, уақыт таңбасы мен тынысын терең сезінген танымдық бағыттағы, тағылым-тағзымға толы мына туындылары құрайды: «Намыс» [5; 6–13]; «Айша» [5; 14–64]; «Сұлтан» [5; 65–75]; «Адам — мәңгілік» [5; 76–86]; «Қазақ қызы» [5; 87–98]; «Біржан сал» [5; 132–180]; «Әбу Насыр Мұхамед әл-Фараби» [5; 181–192]; «Көңіл дастан» [5; 193–206]; «Бір түнде» [5; 207–228].

Ақынның қайсыбір өлең-жыр, дастандарының жазылу тарихына, мазмұн-құрылымына, көркемдік-стильдік сипаттарына байыппен ден қойсақ, онда [6]:

- тарих толқынының терең иірімдерін;
- өмір оқиғаларының бедерлі іздерін;
- дерек көздерінің көркем де келісті өрнек құрағанын;
- ерен еңбек тынысы мен келелі келешек бағдары, дәуір дидагы, өмір ағыны мен уақыт шындықтарының кең өріс, жүйелі бағыт, сырлы сипат алғанын аңғаруға болады.

Ақын мұрасында Ұлы Отан соғысы тақырыбы, оның зұлмат-зобалаңы, қасірет-қайғысы мен тағылымына да зор маңыз беріледі. Ол соғысты, басқа да ел тірлігін еске ала отырып, өзінің ащы-тұщы өміріне қорытынды жасайды. Мәз өмірі, жаз өмірі қайтқан қаздай қайырылмайтынын ойлап бір сәтке мұңаяды. Жалған дүниеде кейде шоқ басқанын, кейде от құшқанын, сөйтсе де қуанышы қасіретінен көп болғанын есіне алып күрсінеді. Соғыстың өрт-жалынында өзі де шарпылып шыққан ақын үшін майдан мәнісі құр атыс-шабыс емес. Ол — сын.

І.Есенберлиннің майдан жырларына жататын «Намыс» атты топтама өлеңдерінде елдік сыны, өрлік пен өжеттік мәні, ерлік сипаты былай беріледі [5; 11]:

*Ерлікке бармайды адам өлемін деп,
Қанымды атақ үшін төгемін деп.
Бел буар аз да болса сенгендіктен,
Алдағы жарық күнді көрермін деп.
Ойға алмай ажал барын аңдып тұрған,
Билейді шіркін жүрек аласұрған.
Шын ерлік: өлетінін біле тұра
Ел үшін өзіңді ету ашық құрбан!
Оңай ма қию өмір, жарық күнді
Қиналды, лаулап жүрек жаным, тынды...
Сүйсе де қанша ыстық бұл жалғанды
Намысын жібермесін анық білді!*

«Айша» поэмасындағы елдік пен ерліктің үлгі-өрнектері мәнді де маңызды болса, Айша мен Сырымның достық сипаттары, ғашықтық ғаламаттары табиғи дамып, ортақ жарасым-үйлесімімен соншалықты сенімді, табанды да тұрақты болып табылады [6; 84].

Ақын адам өмірінің жастық кезеңін, сыр мен сымбат үйлесім тапқан — сұлулық сипаттарын, ақыл-парасаттың нұр-сәуле шашқан келісті де көркем қырларын — Айша бейнесі арқылы тартымды да тағылымды етіп көрсетеді [5; 21]:

*Ойы қандай,
Қандай және қылығы!
Мойны қандай,
Қандай және бұрымы!
Сезіміңді оятады-ау қытықтап,
Сөйлегенде дауысының дірілі!
Тоты құстай шыққан кезде түрленіп,
Кәрілер де қалу үшін бір көріп,
Терезеден үңілетін,
Ол болса —
Кергімейтін сылаң қағып,
Сыр беріп!..
Ол көшеде таң да әдемі ататын,
Ол көшеде күн де әдемі бататын.
Ертеңгілік,
Кешкілікте.
Өйткені
Тық-тық басып Айша келе жататын!
Құмырсқа бел,
Оймақ ауыз,
Қыр мұрын.
Толықтырып тұрғанын-ай бір-бірін!
Егер, егер салыстыра көз салсаң,
Күңгірт тартып кететіндей нұрлы күн.
Қиылған қас,
Айменен тең,
Жүзі тек,
Арманыңа,
Көндіре біл,
Қызды деп,
Арбаушы еді...
Бозбалалар қаншама
Қолы жетпей десеңізші болды әлек!*

Осы поэмада махаббат мәселесі былай өріс алады [5; 54, 55]:

*О, махаббат,
Табындырған талайды,
Түнің сенің таң секілді арайлы!
Біреу саған жақұтым деп қызығып,
Біреу саған бақытым деп қарайды.
О, махаббат,
Күрсіндірген талайды,
Түнің сенің таң секілді арайлы!
Біреу саған ғажапсың деп таңданып,
Біреу саған ләззатым деп қарайды.
О, махаббат,
Сарсаң қылған талайды,
Түнің сенің таң секілді арайлы!
Біреу саған жанарым деп жаутаңдап,
Біреу саған ақ арым деп қарайды!*

Ақынның адам өмірінің аяулы да қимас сәттерін, жан-жүректің мадақ сезімге бөленіп, көңіл қуанған мезеттерін нұрлы да сырлы сипаттармен суреттеген өлең өрімі — өмірден өнерге ұласып, көркемдік-эстетикалық әсер-ықпалымен үлкен-кішіге ой салады. Махаббат мәңгілігін паш етеді. Жалын жастықты, берік достықты, сыр-сезімді ту етіп көтереді.

Ілекеннің «Сұлтан» атты дастаны — қазақтың батыр ұлы С.Баймағамбетовтің «Халқы үшін жүрегімен от сөндірген» ерлік үлгісін жырлайды. Ел басына туған қиын да сындарлы сәттегі ер тұлғасы мен ерліктің, табандылық пен тұрақтылықтың үлгі-өнегесі С.Баймағамбетовтің жауға қарсы өшпенділігінен, Отанға, ел-жерге шынайы берілгендік танытып, жанын жалау етіп, өмірін қиюынан еркін көрініс береді [5; 74, 75]:

*Абыржып, зәре қалмай неміс сасқан.
Қысылып шебін бұзып, кейін қашқан.
Осылай еді Сұлтан ер өлімі
Сол күні ұлы айқастың бетін ашқан.
Мен елмін, егін егем, кен қазамын,
Қорықпаймын, батыр жұртпын деп жазамын.
Халқымның бәрі бәрдей жүрек жұтқан
Сұлтаным — соның бірі, жас қазағым!
Ерлік не? Күш емес ол тастай берік
Батырлық о да емес сөзсіз ерлік.
Туады ерлік арман, өрт сезімнен
Жаралып махаббаттай көзсіз келіп!
Өлді жас сұм ажалға бетпе-бет кеп.
Бұны ол ойлаған жоқ ерлігім деп,
Өрт сезім Отан атты өртеп жанын
Қас қақпай келді шешім, биледі кек!
Бірге өлген келешегі — алтын арай,
Кәрі емес, жас ажалы қандай!
Сен оған дәрменсізсің — ең қиыны,
Орыны кесілген қол ауырғандай!
Кәрі өлсе, көргені көп, қалғаны сәл.
Ұрпағы — өмірінің жалғасы бар.
Жас өлсе, немен орнын толтырасың,
Құлаған ол бір мүлдем жалғыз шынар?
Әрине, өлмейді адам сүйек, тәні.
Айналар басқа затқа. Өлер жаны.
Қайтадан бірақ оны тірілтеді
Еске алып елі-жұрты, туысқаны.
Мінеки, оқушым, сен тұрсың ұғып.
Шынарды дүлей дауыл кеткен жығып.
Есіне түсіріп бір туған халқы,
Сұлтанды даңққа бөлеп тұр тірілтіп!
Шын ерлік күн сәулелі дерсің дастан
Өзгеге аямай бар нұрын шапқан.
Сапта тұр сол дастанда батыр Сұлтан
Қолға ұстап автоматын тапжылмастан!
Жас та өтер, кәрі де өтер, өмір өтер.
Талай ұл, туа қалса қауіп-қатер.
Халқы үшін жүрегімен от сөндірген
Ерлігін Сұлтанының өнеге етер.*

Соғыс туралы поэмаларынан жақсы аталатыны — «Адам — мәңгілік» дастаны. Өсиеттік, тағылымдық сипаты басым дастанның ара-арасына сыналап екі-үш баллада енгізілген. Олардың барлығы соғыс шындығынан алынған [5; 80]:

*Соғыс! Соғыс!
Бар қайғының сен басы.
Бар зорлықтың
Сенсің жауыз жолдасы.*

*Сені жеңер,
Жеңер сені сонда да
Қарғысы ана,
Сәбилердің көз жасы!
Соғыс! Соғыс!
Сенсің қанқой қара түн.
Сені қостар
Қорқау, құзғын, қарға жын.
Сені жеңер,
Жеңер сені сонда да
Әлсіз құсым,
Бейбіт құсым — көкаршын!*

Поэмада келтірілген бейбітшілік құсы — көкаршынның үстемдік атаулыға қарсылық білдіріп, жан-жүрегін жалау етіп, әлемді шарлаған, көк жүзінде қалықтаған тағдырлы да тынымсыз қимыл-әрекеттері нанымды әсер қалдырады.

Енді осы дастандағы мына жолдарға көз тігейік [5; 86]:

*Ойға қалдым... Неден шықты сөз басы?
Паи етеді немен тарих, тұстасы –
Адамзатты? Әрине, жақсы ісімен!
Өйткені адам өз ісінің ұстасы.
Қаздар, қаздар,
Қаздар қайтып барады...
Жүдетіп бір,
Қоштасып ән салады.
Дейсің сонда:
Өтер бәрі,
Тек қана
Жақсы ісімен
Адам мәңгі қалады.*

Бұл өлеңді оқыған жан ақынның «адам — мәңгілік» дейтін тезисімен келіседі. Өйткені өлең адамдық аталатын алтын сарай кілтін ұсынады.

І.Есенберлин әл-Фарабидің туғанына бір мың бір жүз толуы қарсаңында әлемнің екінші ұстазын (әл-Фарабиді) «Қазақ домбырасы» атап дастан жазғанда, ол Мағжан Жұмабаевтың өлеңін еске алады [5; 181]:

*Бір күй бар домбырада құдіретті.
Ашатын хош иістей көкіректе.
Аты оның Әбу Насыр Мұхамед қой,
Сөйлеткен тіл бітіріп, тығыз шекті!..*

Ақын Шығыс халықтарының өзіндік белгі-ерекшеліктерін, тарихы бай, келешегі кемел екендігін, өркениет пен руханият әлемінде, білім-ғылым жүйесіндегі үздік те озық, озат тәжірибелерін кең көлемде көрсетеді [5; 185]:

*О, Шығыс — Адамзаттың сен бесігі,
Алғашқы ақыл-ойдың көл-көсірі!
Адамға сенен бастап мәдениет
Ашылған, алтын қақпа, кең есігі!
Білімге басқа елден бұрын келдің,
Өзгеден жыртың бетін бұрын жердің!
Теңіз бен жұлдызтану ғылымдарын,
Дүниеге барлық жұрттан бұрын бердің!
Сен таптың құпиясын жауһар тастың,
Емдеудің ең алғашқы жолын аштың.
Қолбасшы әлемге ұлы ұлдар беріп,
Дүниеге ақыл, ойдың нұрын шаштың!
Этилла, Шыңғысты да сен туғыздың,
Сел етіп көздің жасын сен жугыздың...*

*Пәрмені пирамида — гранит тауды,
Атақты Газыны да сен тұрғыздың!
Көтердің Сфинксті немен пілдей?
Бар ғалам жүрген жоқ па әлі білмей!
Таң қалған адам жеті ғаламатты
Тудырған өзіңсің ғой бәрін бірдей!
Теңесең шайқалмалы минаретке
Бүгінгі жүз қабат үй керемет пе?
Қарасаң, Таджи Махал шын ғажап қой,
Сұлулық барма ондай жер мен көкте?!
Аз емес сен күресіп жыққан жауың,
Аз емес Батыстан ұтқан дауың,
Гете айтқан сенің ұлы ақындарың
Әлемдік поэзияға соққан тауың!
Осының бәрі Шығыс, бәрі Шығыс,
Алғашқы алыстарға берген тыныс.*

1977 жылы ақынның «Жұлдыздар» атты поэмалар жинағы шықты. Оның жекелеген өлеңдеріне әндер де жазылған.

Бір мәліметтерге қарағанда, Ілекең 40-тан астам ән мәтіндерінің авторы екен.

Енді ол кісінің драма жанрында да қалам тартқанын, тіпті киносценарий жазып, сол бойынша көркем фильм түсірілгенін де жаңғыртып өткеніміз абзал. Өйткені қаламгер шығармашылығының зерттеушілер аузынан көп айтыла бермейтін қырының бірі де осы.

Мысал үшін алатын болсақ, «Таудағы тартыс» пьесасы 1962 жылдан бастап республикалық балалар мен жастар театрында біраз уақыт қойылып жүрді. М.Ерзинкянмен бірігіп жазған «Құйма» киносценарийі бойынша 1961 жылы фильм түсіріліп, ол Кеңес Одағы республикаларында және венгр, поляк, болгар экрандарында көрсетілді [7].

Тұтастай алғанда, І.Есенберлиннің ақындық мұрасы — өз кезеңінің шындықтарына негізделген, өмір-уақыт, тұрмыс сырларына үн қатқан, жастық пен достықты ту еткен танымдық-рухани байлығы мол, тағылымдық қырлары көп өміршең өнер өрісі, өлең-жырдың жауһары, парасат поэзиясы.

«Намыс» дастанына эпиграф ретінде алынған ақын өлеңінде мынадай жолдар бар [5; 6]:

*Өлім не? Тыныштық ол тас қамалды.
Кәріден бұрын кейде жасты алады...
Тек қана қаһарманға қара жерден
Ұлы өмір мәңгі өлмес басталады.*

Сол қаһарманның бірегейі — халқына қаруымен де, қаламымен де ерен қызмет еткен Ілияс Есенберлиннің мәңгі өшпес екінші өмірі, ұлы өмірі ХХІ ғасырда жалғасып та кетті.

Ұлы суреткердің тың тақырыпта жазылған романдары

Қазақстан Республикасы Мемлекттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған Ілияс Есенберлиннің қаламынан туған «Айқас» (1966), «Қатерлі өткел» (1967), «Ғашықтар» (1968), «Алтын құс» (1972), «Көлеңкемен қорғай жүр» (1974), «Маңғыстау майданы» (1978), «Махаббат мейрамы» (1983), «Аққу құстар қуанышы» (1984), т.б. романдары қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, соны серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген шығармалар.

Ұлттық интеллигенцияның қалыптасу кезеңіндегі трагедиялар, колхоздастыру дәуірінің шындығы, Ұлы Отан соғысына қазақтардың қатысуы, тың игеру жылдарының хикаясы, Маңғыстау майданы, геологтар, мүсіншілер, артистер, жазушылар тағдыры — сол замандағы өмірді бейнелейтін Ілияс Есенберлиннің бірнеше романнан тұратын сериясындағы өзекті тақырыптар осылар [8].

Жоғарыда атап өтілген еңбектерден екі романға ерекше тоқталған жөн. Олар «Қатерлі өткел» мен «Көлеңкемен қорғай жүр» туындылары. Жазушы «Қатерлі өткел» [9] романында астарлы түрде ол кезде аттарын атаудың өзіне тыйым салынған Ахмет Байтұрсынов пен Мағжан Жұмабаевтың бейнелерін сомдайды. Олардың аузына «Ұлт тәуелсіздігі» дейтін сол заманда ешкімнің ойы түгіл, түсіне кірмеген сөздерді салады.

Бұл романда жиырмасыншы жылдарда жексұрын етіп көрсетілетін алашордашылардың ықпалында болған жас Бүркіттің жан толғаныстары суреттеледі. Осы образ арқылы сталиндік

тоталитарлық заманда халқымыздың басына төндірілген нешебір зұлматтарды Бүркіттің аузымен талдатып тұрып айтқызады. Социализмді танымай, мойындамай жүрген жас адамның ойы ретінде тіпті, жазушы осы романды жазған 1960 жылдарда Хрущевтің лаңымен қазақ елінде жасалып жатқан зорлықтар, жұрттың қолындағы жалғыз малына дейін тартып алып, жерін рұқсатсыз дал-дал жыртып, ақыры, жел эрозиясына ұшыратып, елді жаппай орыстандыру үшін қазақ мектептерін жауып, ежелден тәп-тәуір өмір сүріп келе жатқан елді мекен мен қоныстарды елеусіз қалдырып деген сияқты неше түрлі сорақыларды жасап жатқанын сонау жиырмасыншы жылдарда Бүркіттің көз алдында өтіп жатқандай етіп көрсетуі, романды композициялық жағынан шебер құра білуі, сөзсіз, І.Есенберлиннің шеберлігі. Сөйтіп, тоталитарлық заманның өзінде айтайын деген жүрек запыранын айтып беруі Ілекеңнің халқы үшін ұлы тұлға екендігін танытады [10].

Бұл туралы XX ғасырдағы қазақ поэзиясының ақиық ақыны Қадыр Мырзалиев былайша айтқан [11]:

Есенберлин Ілияс қызық еді.

Ерейменнің сілеме, үзгі еді.

Арктика мұзындай тақырыпты,

Алғаш рет ол өзі бұзып еді.

Осылайша сөз зергері өзінің «Қатерлі өткелінен» абыроймен өтті. Бұл бәрі күтпеген жерде тосыннан болған, халқына арнаған сыйы болатын.

«Көлеңкемен қорғай жүр» [12] — тың игерушілер жайлы роман. Осы шығарманы жазу барысындағы қаламгердің жаңалығы — көтерілген тыңға байланысты ұлт тағдырының өткір мәселелерін алға тартуында. Бұл еңбекте тың және тыңайған жерлерді игерудің пайдасы мен зияны, туғызған проблемалары, мал басының азаюы, жердің құнары күрт кеміп эрозияға ұшырауы, т.б. шаруашылық проблемалармен қабат, саяси жағынан күйіп тұрған мәселе тіке қойылады.

Пұт көлемінде астық сататын Қазақстан енді миллиард пұт астық тапсырады. «Тың ең алдымен — техника, өнер. Бұны бір де. Тың — мәдениет. Бұны екі де. Тың — киіз үй орнына ағаш үй, тезек орнына — газ. Қаладағыдай екі миллион сомдық мәдениет сарайы, нейлон көйлек, айналы шаштаразы...» — дейді Порфирий Губанов дейгін Саратовтан келген механизатор.

Тыңның өзге де игіліктері романда бүкпесіз баяндалған. Сонымен бірге романды оқыған адам көңілінде Мәскеудегі басшылардың саясаты тек мол астық алуды ғана көздеді ме екен? — деген сауал қалып қояды. Ол сауалдардың реті былайша келеді:

— Қазақ жеріне миллиондаған орыс, басқа ел-жұрт қаптап келіп жатыр. Қазақтың өз жерінде азшылыққа айналуына байланысты оның әдет-ғұрпы, дәстүрі... жан дүниесі, тілі... қандай күй кешпек?

— Қазақ малмен күн көретін ел. Арқаның табын-табын жылқысы, отар-отар қойлары жайылымдық өріс жаппай жыртылып тастаған соң құрып барады. Жалпы экономикаға, барша тірлік мүддесі үшін мал басын құрту тиімді ме?

— Егін егу, егістікке су жаю сылтауымен ата-баба зираты жермен жексен етіліп жыртылып жатыр... Бұл қалай? «Күшің барда ақылдың керегі жоқ» дегендік пе?..

Шаруашылық қиындықтар, жер эрозиясы, басқа да кедергілер бірінің артынан бірі жойылып жатады. Ал, өз жерінде өзі азшылықта қалған қазақ болашағы туралы мәселе роман күн тәртібіне қойылса да шешімін таппаған. Ол үшін авторды жазғыруға болмайды. Ол кездің жағдайында сүйкімсіз кейіпкердің аузымен болса да, шындық сөздің айтылуының өзі үлкен жетістікке парапар еді» [4; 114, 115].

«Қатерлі өткел», «Көлеңкемен қорғай жүр», т.б. күнделікті өмір романдарындағы ұлттық тақырып Есенберлин шығармагерлігінің басты идеясына айналды.

Ілекең бізге «Махаббат туралы трилогия» («Ғашықтар», «Махаббат мейрамы», «Аққу құстар қуанышы») тастап кетті. Адамзат баласы үшін қай кезде болмасын өзекті тақырыптар осы романдарының атауларынан бастау алады.

І.Есенберлин талантын жаңа қырынан көрсеткен туындысы — «Айқас» атты романы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығын алды. Аталған роман жазушының ғана емес, бүкіл Қазақ кеңес әдебиетінің тарихындағы белесті шығармалар қатарынан саналады.

Осыдан кейін дарабоз жазушы тарихи тақырыптарға біржола бет бұрды. І.Есенберлиннің бас кітабы — атақты «Көшпенділер» трилогиясы (1976). Үш кітапқа өзек — өзара тығыз байланысты екі ірі проблема: бірі — XV-XIX ғасырдағы қазақ қоғамының ішкі қарым-қатынасы (дербес мемлекет құру); елдігі, ұлттығы үшін күресі; екіншісі — халқымыздың тәуелсіздігі үшін шет ел шапқыншыларымен жанталасқан шайқастары. Жүздеген кейіпкерлер (хандар мен билер, батырлар

мен ерлер, халық өкілдері, шонжарлар т. б.), олардың тартыс-күресі, ой-сезімі, тіршілігі ірі тарихи оқиғалар: соғыс, ел қорғау, тақ үшін, жер үшін қырқысулар осы екі мәселе төңірегінде өрілген [13].

Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясына сіңірген еңбегі ақталды. Орыс тіліне аударылған соң Одақ оқырманының жылы лебізіне ие болды. Трилогия жаңа нарық заманында қайта басылып, оқушысын тапты. «Көшпенділердің» сәтті шығуы оның авторын тарих қойнауына әрі қарай жол тарта беруге жігерлендірді.

Шабыттана еңбектенген Ілекеңнің қаламынан жаңа қарымды роман — «Алтын Орда» трилогиясы туды. Шығармасының денін ұлт азаттығы, тәуелсіздігі идеясымен ұрықтандырған жазушы бұл жолы да өзі белгілеп алған күре жолынан жазбады.

Түйін

Ілияс Есенберлиннің бүкіл саналы өмірі қиындыққа толы, шығармашылығы барып тұрған қатерлі өткел болатын. Жазушының повестері мен романдарының тек аттарына көз жүгірткеннің өзінде көптеген деректерді біле аламыз. Ең бастысы, оның алысты болжағыштық қасиеті таң қалдырады. Ол үшін шығармаларының ең маңызды құндылығы нақты адам, жеке тұлға тағдыры болды. Жазушының бүкіл шығармашылық өмірбаянын «Адамдар жайлы поэма» деп атауға толық негіз бар.

Әдетте, І.Есенберлин есімі аталғанда, ең алдымен, оның алты романнан тұратын тарихи шығармалар циклі еске түседі. Сол туындыларына қарап, қаламгер өнерпаздығына баға беріледі. Алайда осы бір берекелі талант иесі өзі өмір сүрген заман тынысын арқау еткен көркем шығармаларды да жарыққа шығарды.

Мәселен, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болған «Айқас» романында кен өндіруге қатысты өндірістік мәселелер сөз болды. «Махаббат мейрамы», «Аққу құстар қуанышы» романдарында көтерілетін жайттар — шығармашылық иелері арасындағы талас-тартыс, арамдық пен адалдықтың бітіспес күресі. «Алтын құстағы» махаббат хикаялары да өмірден алынғандығы байқалады.

Қаламгер өлең, повесть, романдардан өзге пьеса, киносценарий жазып та бұл жағынан жүйріктігін байқатқаны белгілі [14].

Қысқасы, ондаған романдарымен халқымыздың өміріндегі әр түрлі кезеңдерді шынайы бейнелеген Ілияс Есенберлин — артында қалған мол мұрасының эпикалық тынысы қай заманда да тарылмайтын, бір өзі бір көркемдік әлемді жасап кеткен қазақ әдебиетінің белді қаламгері, оқырманның қалаулы жазушысы.

Кезінде ұлы суреткерді сайқал саясат, күйелеш қоғам халқынан қаншалықты алыстатқысы келгенімен уақыт — төреші таразы басын теңестіріп, екеуін де бір арнаға түсіріп, біріктіріп, бітістіріп жіберді.

Ендігі жерде қазақ деген халық барда, жазушы Есенберлиннің де есімі мәңгі жасайтынына күмән жоқ.

Аса дарынды жазушының таланты үкіметті де мойынұсындырып, І.Есенберлиннің осынау мол еңбегі жоғары бағаланып, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен және он алты медальмен марапатталған. Туған халқының есінде мәңгі сақталуы да жазушы үшін ең жоғарғы сый-құрмет болса керек. Соның белгісіндей, 1994 жылдың қысында Алматы қаласындағы өз отбасы тұрған үйдің бірінші қабатынан мұражайы ашылды. Сондай мұражай жазушының кіндік қаны тамған Атбасар қаласында да жұмыс істейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Есенберлин І. Мен үшін ерекше адам // Егемен Қазақстан. — 2005. — 26 ақп. — 8-б.
- 2 Алтай шежіресі / Құраст. І.Ісәмов. — Алматы: Темірқазық баспасы, 2014. — 220–226-б.
- 3 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. — 190-б.
- 4 Елеуенов Ш. Ілияс Есенберлиннің мәңгілік өмірі // Жұлдыз. — 2005. — № 5. — 102–130-б.
- 5 Есенберлин І. Он томдық шығармалар жинағы. — 10-т.: Дастандар. — Алматы: Жазушы, 1988. — 272 б.
- 6 Тұрысбек Р. Ілияс Есенберлиннің ақындық мұрасы // Ақиқат. — 2015. — № 3. — 81–85-б.
- 7 Ақыш Н. Көкжиегі кең көркемдік пайымдаулар // Жас Алаш. — № 3. — 2015. — 13 қаңтар. — 5-б.
- 8 Нұрғалиев Р. Соңғы сөз / Есенберлин І. Он томдық шығармалар жинағы. — 10-т.: Дастандар. — Алматы: Жазушы, 1988. — 242–267-б.

- 9 Есенберлин І. Он томдық шығармалар жинағы. — 2-т. Қатерлі өткел: Роман; Алтын құс: Роман. — Алматы: Жазушы, 1984. — 2–256-б.
- 10 Есмағұлов А. Тарихи зердені жаңғыртқан ұлтжанды тұлға // Көкшетау. — 2015. — № 1 (29). — 13–19-б.
- 11 Дүйсенбаев А. Қазақ мемлекеттілігінің шежіресі // Егемен Қазақстан. — 2015. — 10 қаңт. — 5-б.
- 12 Есенберлин І. Он томдық шығармалар жинағы. — 4-т. Көлеңкемен қорғай жүр; Алыстағы арпалыс: Романдар. — Алматы: Жазушы, 1985. — 5–224-б.
- 13 Әдібаев Х. Көшпенделердің көркем шежіресі // Жұлдыз. — 1978. — № 10. — 218–221-б.
- 14 Домбай Н. Мұзжарғыш (Жазушы Ілияс Есенберлиннің туғанына — 100 жыл) // Ана тілі. — № 3 (1261). — 2015. — 22–28 қаңт. — 3-б.

Р.С.Каренов

Многогранность творчества Ильяса Есенберлина

К 100-летию со дня рождения

В статье описана жизнь и деятельность выдающегося писателя двадцатого столетия Ильяса Есенберлина. Отмечено, что его детство и юность прошли в трагические для казахского народа годы: революция, гражданская война, печально известные события 20–30-х годов. Подчеркивается, что ряд его стихотворений положены на музыку, его песни звучали в нескольких фильмах, вышло несколько поэтических сборников, он писал и поэмы, удачен был его опыт в драматургии. Отмечено, что присущие Есенберлину большая ответственность и глубокое уважение к писательству до поры до времени сдерживали его от перехода к большому литературному жанру — роману. Доказывается, что его наработанный за десятилетия поэтический, сценарный, драматургический, редакторский опыт стал основой феномена писателя Есенберлина, когда он в зрелом возрасте почти каждый год писал по одному роману. Его произведения по праву вошли в золотой фонд казахской литературы и являются национальным достоянием.

R.S.Karenov

Life and working of Ilyas Esenberlin

The 100th anniversary of his birth

It describes the life and work of an outstanding writer of the twentieth century Ilyas Esenberlin. It is noted that his childhood and youth in the tragic for the Kazakh people's: revolution, civil war, notorious events 20–30s. It is emphasized that a number of his poems set to music, his songs were heard in several films, published several collections of poetry, and he wrote a poem, it was a successful experience in drama. It is concluded that the inherent Esenberlin a big responsibility and a deep respect for writing the time restrained him from going to the big literary genre — the novel. It is proved that it accumulated over decades, poetry, screenwriting, dramatic, editorial experience was the basis of the phenomenon of the writer Esenberlin when he adulthood almost every year he wrote one novel. It makes generalizations that his works are included in the golden fund of the Kazakh literature and are a national treasure.

References

- 1 Esenberlin I. *Egemen Kazakhstan*, 2005, February, 26, p. 8.
- 2 *Altai shejiresy* / Compiled by I.Islyamov, Almaty: Publ. Temirkazyk, 2014, p. 220–226.
- 3 *Kazakh literature: An Encyclopedic Reference*, Almaty: Aruna Ltd. LLP, 2005, p. 190.
- 4 Eleukenov Sh. *Zhuldiz*, 2005, 5, p. 102–130.
- 5 Esenberlin I. *Collected Works in ten volumes*, 10: Dastans (poem), Almaty: Zhazushy, 1988, 272 p.
- 6 Turysbek R. *Akikat*, 2015, 3, p. 81–85.
- 7 Akysh N. *Jas Alash*, 3, 2015, January, 13, p. 5.
- 8 Nurgaliyev R. *Esenberlin I. Collected Works in ten volumes*, 10: Dastans (poem), Almaty: Zhazushy, 1988, p. 242–267.
- 9 Esenberlin I. *Collected Works in ten volumes*, 2: Dangerous crossing: Roman; Golden Bird: Novel, Almaty: Zhazushy, 1984, p. 2–256.
- 10 Esmagulov A. *Kokshetau*, 2015, 1 (29), p. 13–19.
- 11 Dyusenbayev A. *Egemen Kazakhstan*, 2015, January, 10, 2015, p. 5.
- 12 Esenberlin I. *Collected Works in ten volumes*, 4: Cover your shield Battle given: Novels, Almaty: Zhazushy, 1985, p. 5–224.
- 13 Adibaev Kh. *Zhuldiz*, 1978, 10, p. 218–221.
- 14 Dombai N. *Ana tili*, 3 (1261), 2015, January, 22–28, p. 3.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӨОЖ 811.512.122.

А.Байгаж¹, Ж.З.Кадина²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана;

²Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: aika4280@mail.ru)

Өзге тілде ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда компьютерлік презентациялар мен бейнефильмдерді қолдану

Мақалада тіл үйретудегі коммуникативтік оқыту әдістемесі, интернет мүмкіндіктерін қолданудың әдіс-тәсілдері қарастырылған. Авторлар жаңа инновациялық технологияларды пайдалану оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен тілге деген қызығушылықтарын арттыратындығы туралы қорытындыға келеді.

Кілт сөздер: ақпараттық құралдар, интернет, бейнефильм, электрондық пошта, мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер, педагогикалық технология.

Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып тілдерді, оның ішінде ағылшын тілін ерте жастан оқыту маңызды саналады, себебі Қазақстан Республикасының шет елдермен саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени қарым-қатынастар күннен күнге даму үстінде.

XXI ғасыр мектебі түбірлі өзгерістерді талап етіп отыр. Оқушы әлемдегі болып жатқан өзгерістерден тыс қалмауы тиіс. Оқушы өзін әлемдегі жан-жақты дамыған, шығармашылықпен, өз бетінше іздене алатын тұлға ретінде көрсете алуы керек. Осыған орай қазіргі таңдағы оқушы тек бір тілді емес, бірнеше тілдерді меңгерген көкжиегі кең ұрпақ болуы заңдылық. Ағылшын тілі пәні оқушылар үшін өте маңызды, қажетті пән ретінде саналып отырғаны бәрімізге айғақ. Ағылшын тіліне оқыту үдерісінде пәнаралық байланыстың, әсіресе ағылшын тілінің қазақ, орыс тілдерімен байланысы ерекше орын алады, себебі бұл пәндердің басты мақсаты — жасөспірімдерді тілге үйрету. Оқушы тілдерді меңгеру арқылы басқа елдердің өмірімен, тарихымен, мәдениетін терең түсінетін болады.

Ақпараттық білім беру технологияларын оқыту үдерісінде тиімді пайдалану, өз кезегінде, тілдерді оқытудың қарқынын арттыруға бейнелік және теориялық ойлауын дамытуға, оқушыларды ақпараттық қоғамның жағдайларына бейімделуіне ықпал етеді. Ақпараттық технологияларды қолданудың негізгі бағыттары электронды оқулықтар мен интернет технологиясын пайдалану болып табылады, сонымен қатар дүниежүзілік интернет желісі оқушылардың білім өрісін кеңейтуге ықпал етеді. Сондай-ақ қазіргі оқыту құралдары: компьютерлер, телекоммуникациялық байланыс құралдары, қажетті интерактивті бағдарламалық және әдістемелік жабдықтар әр түрлі оқыту үдерісін қамтамасыз ете отырып, оқушылардың өздігінен білім алуын ұйымдастыруда, өзіндік жұмыстарды орындауда әдістемелік құрал ретінде де маңызды.

Ағылшын тілін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану білім беру коммуникациясының интерактивті сипатын арттыра түседі. Ғалымдар А.А.Андреев, В.И.Солдаткин, В.П.Кашицин ағылшын тілін оқытуда ақпараттандыру үдерісінің ықпалын жан-жақты сипаттай отырып, әсіресе білім мен ұғымды ұсыну, меңгеру әдістерінің өзгеретіндігін, мұғалімдер мен оқушылардың өзара әрекетінің жолдары туралы айтады. Осы орайда оқытудың тиімділігін арттыруды ұсынады. Ағылшын тілін оқыту үдерісінде ақпараттық технологиялардың, әсіресе қарым-қатынас ортасын, жалпы

тақырып шеңберінде әріптестердің интерактивті өзара әрекет ортасын құрудағы маңызы ерекше. Ақпараттық білім беру технологиялары өз кезегінде қарым-қатынас тәжірибесін игеруде, оқушылардың лингвомәдениеттік құзырлылықтарын қамтамасыз етуде маңызды. Ғалым М.Ушакова ағылшын тілін оқыту әдістемесін зерттей отырып, компьютерлік телекоммуникациялар ағылшын тілінде тірі, шынайы қарым-қатынастарды ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін айтады [1]. Бұл телекоммуникацияның дидактикалық қасиеті шынайы тілдік орта құру үшін керемет мүмкіндіктер туғызатынын тәжірибелер дәлелдеп келеді.

Бүгінде жаңа білім жүйесі интернеттің пайда болуының арқасында қарқынды дамығанын барлығы мойындайды. Көптеген әдіскерлер бейнефильм, электрондық пошта (e-mail), мультимедиялық презентация, анимациялық суреттер және т.б. көмегімен шетел тілінде монолог және диалог түрінде сөйлеу қабілетін қалыптастыратын жаттығуларды құрастырумен айналысып жатыр. Ал шетелде болмай-ақ, сол елдің тілінде сөйлей алу қабілетіне ие болу оңай емес. Сондықтан мұғалімнің маңызды тапсырмасының бірі шет тілі сабағында жаңа технологиялардың түрлі амалдарын қолдана отырып, сөйлеудің шынайы жағдаяттарын құру болып табылады. Шет тілін үйрету процесінде компьютер технологияларын қолдану сабақты қызықты жолмен өткізуге көмектеседі. Мысалы, анимациялық суреттер, бейнекөріністер, презентациялар және т.б. әр түрлі дыбыстар арқылы көрсетіледі. Компьютер мониторияндағы көріністер оқушының іс-қимылының арқасында өзгеріп отырады. Бұл динамикалық және оқушының бар ойын өзіне бағыттайды, сонымен қатар оқу процесінде оқушының белсенділігі оянады. Нәтижесінде оқушы ақпаратты оңай, әрі тез қабылдайды және оқушының ынтасы мен қызығушылығы жоғарылайды.

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі бағыттарының бірі — оқыту процесін ақпараттандыру. Дәстүрлі оқу құралдарынан басқа тыңдаушыға мына типтегі материалдар ұсынылады:

- компьютерлік үйрету бағдарламалары;
- электрондық оқу құралдары;
- компьютерлік тестілеу жүйесі мен білімді бақылау;
- электрондық анықтамалар мен энциклопедиялар;
- аудио- және бейнематериалдар;
- интернет желісіндегі ақпараттық материалдар [2].

Аталған құралдар оқу материалдарын жеделдетіп меңгеруге және оқытудың сапасын арттыруға игі әсерін тигізеді.

Ағылшын тілін үйретудің бастапқы кезеңінде монолог және диалог сөзді оқыту проблемасы — ағылшын тілін оқыту әдістемесіндегі ең басты проблемалардың бірі. Монолог сөзді оқыту — бұл аса күрделі іс, ал сұрақ-жауап жаттығулары — оқытудың құралы болып саналмайды. Тілдесудің диалогтік формасына келетін болсақ, бұл тілдің коммуникативтік функциясының көрінуіне неғұрлым тән форма. Тілдесудің диалогтік формасы бастапқы кезеңде ағылшын тілін тасушылар тәрізді әңгімелесушімен сәлемдесе білуді, сондай-ақ сәлемге жауап бере білуді көздейді. Монолог сөз кез келген деңгейдегі жұптық, топтық, жаппай тілдесу процесінің компоненті ретінде қарастырылады. Бұл кез келген монолог сөздің өзінің табиғаты жағынан монологтік екендігін, құрылымдық және көптеген өзге де қарым-қатынастарда оның түрлерінің өзіндік ерекшеліктері мол бола тұра, тіпті адресат сөйлеушінің өзі болған жағдайда да, үнемі біреуге жолданып айтылатындығын білдіреді.

Бұдан өзге, диалог пен монологтың араласу қаупі айқын көрініп отыр. Мұның себебі олардың өзара тығыз байланыстылығы мен өзара тілдік қызметке өтуі болып табылады. Мұндай байланыс диалог пен монологтың анықтамаларының өзінен-ақ көрінеді, мұны әдіскерлер былайша заңды тұрғыда атап өтеді: «Диалог репликалардың тізбегі немесе айтылымдардың топтамасы болып табылады, бұларды әдетте екі немесе одан да көп тұлғалардың (әңгімелесушілердің) тікелей тілдесуі жағдайында бірі екіншісін тудырады. Монолог — өзінің ойларын, ниеттерін, оқиғаны бағалауын және т.б. көбірек немесе азырақ кеңейтілген нысанда білдіруші бір тұлғаның сөзі» [3].

Шетелдік, сондай-ақ ресейлік көптеген әдіскерлер бейнефильмнің/ бейнеүзіндінің негізінде монолог сөзді айту икемділіктерін қалыптастыруға арналған жаттығуларды әзірлеумен айналысуда. Мысалы, Ю.А.Комарова оқу процесінде бейнеүзінділердің қолданылуын нақты икемділіктерді қалыптастыруға арналған тіректердің қолданылуы ретінде қарастырады. Автор олардың функцияларын онымен сабақта жұмыс істеудің кезеңдерін сәйкестікте анықтайды:

1-ші кезең: бейнеүзінді-мазмұндық тірек (бейнеүзінді (БҮ) — 1).

2-ші кезең: бейнеүзінді-мағыналық тірек (БҮ — 2).

3-ші кезең: бейнеүзінді-стимул (БҮ — 3).

Бейнеүзінділердің әрбір кезеңдегі функцияларын назарға ала отырып, Ю.А.Комарова монолог сөзді құра білуді былайша бөліп көрсетеді [4]:

1-ші кезең: өзінің ойларын бейнеүзінді — 1-ге сүйене отырып, монологтық формада айта білу.

2-ші кезең: монолог сөз стратегиясын бейнеүзінді — 2-ге сүйене отырып, аша білу.

3-ші кезең: бейнеүзінді — 3-ке сүйене отырып, монологтік формада пікір айта білу.

Көркем фильмнің мазмұны қабылдау мен ұғынудың барлық кезеңдерінде фильмнің тақырыбы бойынша, бір жағынан, монолог сөзді жүзеге асыру үшін лексика-грамматикалық материалды жинақтау, екінші жағынан, фильмнің оқиғаларына, кейіпкерлеріне, олардың әрекеттеріне, идеялық мазмұнына, автордың ұстанымына жеке көзқарасты білдіруге деген қажеттілік пайда болады. Осыған байланысты, оқушылардың монолог сөзді айта білу икемділіктерін қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалардың бірнеше түрін ұсынуға болады.

Мысалы: *Кодоскоп*.

Диалог сөзді оқыту көрнекілікпен, тыңдалған немесе оқылған мәтінмен, көрілген диафильммен, слайдтармен немесе вербалды берілген жағдаятпен ынталандырылуы мүмкін. Мәселен, диалогтық сөзге оқытуда кодоскопты пайдалануға болады. Мұғалім ұлына әкесінің айтқан сөздері (немесе ынталандырушы репликалар) берілген транспарантты дайындайды. Оқушылардың міндетіне диалогтың жасалуы үшін мағынасы жағынан сәйкес келетін жауап репликаларды іріктеу кіреді.

Father: I say, Sonny, what shall we buy for Mumy on Woman`s day?

Sonny (1)...

Father: That`s a good idea! And what will you say to Mum?

Sonny (2)...

Жауап қатушы репликалар мыналар бола алады:

(1) Let`s buy her some flowers.

Let`s buy her a large box of sweets.

Let`s buy her the book about Moscow. Etc.

(2) I`ll say, «Dear Mum, I love you so much».

I`ll say, «Best wishes for Mother`s Day» [5].

Экранға әкенің сөздерін шығара отырып, мұғалім әңгімеге кірісуге ұсыныс жасайды. Бұл жұмысты жұптармен өткізу қажет. Оқушылардың жұмыс істеуі кезінде мұғалім оларды бақылайды, кім мұқтаж болса, соған көмек көрсетеді, ал бақылауға бір-екі жұпты шақырады. Әлсіз сыныпта жұппен жұмыс істеу алдында тапсырманы орындау үлгісін не дыбыстық жазбада, немесе мұғалімнің белсенді оқушымен бірге орындауында беруге болады [6].

Сабақтың бір ыңғай түрмен өткізілуі оқушылардың белсенді ойлауына кедергі жасайды. «Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз» қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс. Сөйтіп, жоғарыда аталған әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім әр сабақта оқушыға жағдай жасап түрлі технологияларды жүйелі қолданып, оларды шығармашылықпен пайдалана білсе, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор. Ал осы жаңа технология таратушы, үйретуші, өзінің шығармашылық еңбегінде жүйелі қолданушы, насихаттаушы ол — мұғалім. Жаңаша ойлай білсең ғана ұстазсың. Сол себепті жаңа технологияны енгізуші, таратушы тұлғаға үлкен талаптар қойылып отыр.

Ұстаздардың алдына қойылған міндет — оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру. Әрбір педагогикалық технология жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға, оның өзіндік шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға қолайлы жағдай жасауға қажетті объективтік әдістемелік мүмкіндіктерді қамтиды.

Қоғам талабына сай тілдері оқытуда қойылып жүрген ортақ міндет — тілді коммуникативті бағытта оқыту. Ондағы мақсат оқушыларды қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізумен ғана шектелмей, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орта мектепте берілетін бүкіл білімнің негізгі мақсаты оқушының шетел тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру.

Ғылыми әдістеменің объективті түрде дамуы шет тілін оқыту әдістемелерінің жаңа тиімді түрлерін қарастырып табуына әкеліп соқтырды. Бұл салада еңбектенген ғалым педагогтардың ішінде Е.И.Пассовтың шет тілін үйретудегі коммуникативтік оқыту әдістемесін, интернет мүмкіндіктерін қолдану әдістерін жоғарыда ұсындық.

Оқытудың өзі өнер және ғылым болып табылатындықтан, мұғалім өзінің кәсіби іс-әрекетінің аясында біліктілік деңгейін үзбей шындап, ғылыми әдістемелік деңгейін көтеріп, шетел тілінен өткізетін сабақтарында жаңа педагогикалық технологияларды, қазіргі заманда өміршеңдігі дәлелденген әдіс-тәсілдерді қолданса ғана, ХХІ ғасырға сай білімді және дарынды азаматтарды тәрбиелей алады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Карпова А.С. Интернет в подготовке будущих учителей иностранного языка // Иностранные языки в школе. — 2002. — № 4. — С. 73.
- 2 Полат Е.С. Интернет на уроках иностранного языка // Иностранные языки в школе. — 2001. — № 3. — С.5.
- 3 Howatt A.P.R. Programmed learning and the language teacher. — London: University of London Press, 1999. — 125 p.
- 4 Using the language laboratory / Edit. John D.Turner. — London: University of London Press, 1988.
- 5 Качалова К.Н., Израилевич Е.Е. Практическая грамматика английского языка. — Москва: Лист Нью, 2003. — С. 444, 485
- 6 Кольхалова О.А., Махмуриян К. С. Учитесь говорить по-английски. Фонетический практикум. — М.: Владос, 2004. — С. 158–175.

А.Байгаж, Ж.З.Кадина

Использование компьютерных презентаций и видеороликов для формирования правил устной речи на иностранном языке

В статье рассмотрены способы применения коммуникативной методики обучения, использование интернет-ресурсов для изучения языка. Авторами подчеркнуто, что применение новых инновационных технологий способствует повышению творческих способностей и интереса к языку у учеников.

A.Baigash, Zh.Z.Kadina

Using of computer presentation and videos for formation of speaking rules on foreign language

After we gained the independence, we stepped on a new political-social and economic level and in too time ours new generation have to be developed in all branches, and also we have to bring up them, give them knowledge which corresponding by today, and is our main aim teachers. Using different innovative our technologies of pedagogiya motivate pupils to learn foreign languages without obstacle, and also lifts quality knowledge.

References

- 1 Karpova A.S. *Foreign languages at school*, 2002, 4, p. 73.
- 2 Polat E.S. *Foreign languages at school*, 2001, № 3, p. 5.
- 3 Howatt A.P.R. *Programmed learning and the language teacher*, London: University of London Press, 1999, 125 p.
- 4 *Using the language laboratory*, edit. John D.Turner, London: University of London Press, 1988.
- 5 Kachalova K.N., Izrailevich E.E. *Practical Grammar of English language*, Moscow: List New, 2003, p. 444, 485.
- 6 Kolykhalova O.A., Makhmuryan K.S. *Learn to speak English. Phonetic workshop*, Moscow: Vlados, 2004, p. 158–175.

Zh.Sagyndykova

*Sh.Ualikhanov Kokshetau State University
(E-mail: aykasag@mail.ru)*

Developing intercultural competency: study abroad experience

One of the important factors in the development of intercultural competence is training abroad, so you need to remember the importance of carrying out a number of procedures for successful assimilation, adaptation of students, as it further builds strong leaders and prepares professionals with a global mindset.

Key words: internationalization, study abroad, intercultural competence development.

The relevance of the research on intercultural competency development became obvious now. Kazakhstan sent 2 thousand of students via academic mobility to study abroad, educated more than 10 000 of Bolashak recipients abroad, trained thousands of faculty and administrative staff at the foreign universities. The result of it as the Ministry of Education states in the mission and vision will be the highly educated, competitive and intelligent nation [1].

Merriam Webster Dictionary construes «competitive» as to be more successful than others are, while «intelligent» means the ability to learn and understand things or deal with new or difficult situations [2].

Accordingly, the government seeks to prepare the nation that should be acknowledged, brilliant and armed with skills to handle the challenges and hurdles. In Introduction to the Strategy of academic mobility to 2020 of the Republic of Kazakhstan, there is the goal that highlights the necessity of higher education development with respect to global tendencies and world labor market. The strategy of Mobility is the document that determines the priority directions of academic and cultural internationalization of the Kazakhstani higher education through Bologna process instruments' enhancement [3].

What is internationalization from the point of view of the Kazakhstani priorities? Among the definitions of internationalization put by outstanding professors Knight, de Wit, Altbach, the most appropriate one for the research is given by David Killick. He determines «the internationalization of higher education constitutes a complex set of processes which are identified by and incorporated into the activities of an individual institution through which all its students experience their subject as globally situated, their peers as equals, and perspectives as always challengeable, and graduate as global selves, with the confidence and the capabilities to make their way among diverse others on the basis of a critical awareness of the impacts of their actions» [4].

Having settled the goals in internationalizing the higher education in Kazakhstan, we generally tend to speak about its instruments and rarely about its outcomes and assessment.

However, the world changes exponentially so that in order to correspond to the global challenges it is necessary to build the capacity of the global citizens, global leaders. Obviously, educating global leaders overlaps with intercultural competency, thus Justin A. accentuates the need for global competent leaders dominates the requirement for the technology and finances, the leaders, who are experts in globalization.

One of the success factors for the corporation is having the knowledgeable global leader with the constant intercultural competency growth because «need for globally minded and interculturally competent leaders is not only a reality in virtual global teams; it is needed in the multicultural context of regional teams and organizations as well» [5; 5, 6].

The most leaders and leadership comprehend the necessity for preparing students with the global market requirements is crucial, yet, the idea of how to implement this education is vague. It is becoming that the institutions should approach this need and be oriented to accept the reality of globalization and be ready to develop interculturally competent leaders [5].

Internationalization of Higher education in Kazakhstan promotes its main instrument as academic mobility. While sending students abroad we should clear understand why we send our students, what are our expectations, what knowledge we want them to pursue. However, it is conspicuous that when sending students abroad the universities target the students for the successful integration into the academic education, no attention paid to the intercultural competence development. Consequently, the student when going abroad to study discover cultural, emotional, psychological and behavioral hurdles that make him an expert in international education. Intercultural learning is not an easy process that students required to obtain before, during, and after a study abroad experience, no matter how long the sojourn is. Living or being in the host culture

does not automatically produce interculturality. Many internationalization models ignore this fact; administrators are often engaged in increasing the numbers of exchange students, largely do not paying attention to the barriers that may hinder the learning process (e.g., high levels of ethnocentrism, low tolerance for ambiguity, culture shock).

In this age of increased global interconnection, it is vital for interculturalists, applied linguists, and study abroad researchers to find out the most productive ways to encourage students towards higher levels of intercultural sensitivity and sociopragmatic awareness both at home and abroad. Today, intercultural competence is as important as language competence and one cannot assume that they will develop simultaneously. As educators, we have to empower students to become competent, sensitive global citizens and professionals [6].

Here, I would like to highlight the necessity of students not being prepared to challenges but being aware that the experience he gains will be transformative for him to become a global leader.

Thus, the universities should be mindful of the importance of intercultural competency, but only few universities conduct assessment and evaluation process pre- and post-tests of the study abroad experience. Darla K. Deardorff states that fewer universities elaborated the mechanisms of outcomes measuring of intercultural competence [7].

Deardorff designed the Intercultural Competence Model where she represents the process of intercultural development as a constant process of individual development with the opportunity to rethink and re-evaluate the intercultural competency over the time. The critical thinking skills is another central element in assessment ability because it stimulates the evaluation of the knowledge acquired. Openness, respect and curiosity are the attitudes, which have a great impact on the intercultural development. The last aspect of her study is the ability to see from other's perspectives [7].

Tracy Williams developed the Reflective Model of Intercultural competency, which contains questions with the aim to collect data about students' learning outcomes and reflections from study abroad. The model is a new approach to assess the study abroad results [8; 289–306].

The data reveals that students' responses grouped in four categories: increased understanding of international and cultural issues, broadened flexibility, expanded open-mindedness, curiosity and enhanced critical skills. The students indicated that they gained the cultural and global awareness from perspectives of the host's values, views and culture; developed adaptation skills in handling with difficulties; comprehended significant transformation in creativity and openness. The study abroad experience encouraged the students to learn more about others and increased the desire to be globally aware [8].

Deardorff's survey proves the same «One surprising result of this study was the specific skills that emerged through consensus, which included skills to analyze, interpret, and relate, as well as skills to listen and observe. Cognitive skills emerged, including comparative thinking skills and cognitive flexibility. These skills point to the importance of process in acquiring intercultural competence and the attention that needs to be paid to developing these critical skills. It is important to note that only one element received 100 % agreement from the intercultural scholars, which was «the understanding of others' world views» [7].

The US academia is seeking for intercultural competence, the ability to feel at home at other societies as one's own, experienced and skilled for working abroad and personal growth to meet the requirements of the Council of Academic standards in higher education [9].

Madeleine Green states «while international education administrators can play a facilitating role, a successful assessment effort must be owned by the faculty, with the support and engagement of institutional leaders, administrators, and governance structures» [10].

Consequently, the intercultural competence is a process that lead to development of various intellectual skills of the students and requires the constant assessment and evaluation. In addition, methods of assessment vary from individual to group works, from academia to administration levels, from scientific to experimental.

The results of the administrators' participation in the last round of the Delphi study indicated that administrators achieved 100 % agreement on four specific assessment methods: observation by others/host culture, case studies, judgment by self and others, and student interviews. Administrators were nearly unanimous (95 %) in using a mix of qualitative and quantitative measures to assess students' intercultural competence. The following assessment methods also received 95 % acceptance among administrators: analysis of narrative diaries, self-report instruments, other-report instruments, triangulation (multiple methods), and a bottom-up approach involving such techniques as focus groups, dialogues, and workshops [7; 243].

In the research of how to develop intercultural competence among graduate students revealed «teaching development programs with intercultural communication components provide an excellent opportunity to foster the skills that graduate students will need after graduation». The outcomes of the research firstly,

demonstrate the ability of graduate students to evolve intercultural skills in the period of studies; secondly, exposes the positive effect of two teaching development programs at the Canadian research university, which describes how students utilize their new adopted skills on intercultural competence in their graduate study and research. Eventually, the research manifests the benefits of the students in the preparation to become the global employee. The teaching program (The Teaching Assistant Training Program, TATP) designed for the graduate students, the half of them are international students with the aim to be integrated in the courses of design, marketing strategies, facilitating class discussions, and active learning. The intercultural component in this program is a two-hour video case study on teaching in the intercultural classroom [11, 12].

Observing the literature under the research it is necessary to formulate the important steps to achieve the goal of the strategy of the preparing the professionals with global mindset.

First, it is vitally important to design the operational plan in implementing the strategy, which will contain the detailed analysis of the global market requirements and challenges. Second, it is crucial to devise the pre-test and post –test instruments of study abroad program assessment, as well as the follow-up experimental mode observance (proved by the psychologists it has a positive impact on the outcome). Finally, intercultural competence should be recognized as a student achievement of internationalization, thus the university curricula should contain the instruments (curricula, orientation workshops, case studies and various assessments) to develop intercultural competence. Furthermore, every higher education institution should establish its own strategy oriented to educate global experts contributing in the country and beyond.

Список литературы

- 1 *Стратегия МОН РК. 2014–2018.* — 2014. — 15 дек.
- 2 [ЭП]. Режим доступа: <http://www.merriam-webster.com/dictionary/intelligent>
- 3 Стратегия академической мобильности РК на 2012–2020 гг. — [ЭП]. Режим доступа: <http://naric-kazakhstan.kz/en/implementation-of-the-bp/academic-mobility/2013-01-22-10-03-13>.
- 4 *David K.* Developing the Global Student. Higher education in an era of globalization. — Routledge: London; New York, 2015. — P. 33.
- 5 *Irving J.A.* Educating global leaders: Exploring intercultural competence in leadership education // *Journal of International Business and Cultural Studies* Irving. — 2010. — Vol. 3 (1). — P. 5, 6.
- 6 *Jackson J.* Globalization, internationalization, and short-term stays abroad // *International Journal of Intercultural Relations.* — 2008, July. — Vol. 32. — No. 4. — P. 349–358.
- 7 *Deardorff D.* Identification and Assessment of Intercultural Competence as a Student Outcome of Internationalization // *Journal of Studies in International Education* Fall, 2006. — Vol. 10. — No. 3. — P. 241–266.
- 8 *Williams T.R.* Texas Christian University // *Frontiers: The interdisciplinary Journal of Study Abroad.* — 2009. — Vol. 18. — P. 289–306.
- 9 *Steiberg M.* The place of outcomes assessment in higher education today and the implications for education abroad. A guide to outcomes Assessment in Education abroad // *The forum on education abroad.* — 2007. — P. 17.
- 10 *Green M.* Measuring and assessing internationalizing // *Association of International Educators.* — 2012. — P. 10.
- 11 *Dimitrov N., Dawson Debra L., Olsen Karyn C., Meadows Ken N.* Developing the 11. Intercultural Competence of Graduate Students Canadian // *Journal of Higher Education Revue canadienne d'enseignement supérieur.* — 2014. — Vol. 44. — No. 3. — P. 86–103.
- 12 *Фрешли М.* Межкультурные аспекты образования // *Кросскультурное и полиязычное образование в современном мире: Материалы междунар. конф.* — Костанай, 2013. — С. 24–29.

Ж. Сағындыкова

Шетелде оқыту арқылы мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту

Мәдениетаралық құзыреттілікті дамытудағы маңызды фактордың бірі шет елдерде білім алу болып табылады. Сондықтан да қазақстандық университеттер студенттердің болашақта жаһандық мәселелерге араласа алатын маман екенін есте ұстап, соған сай дайындаулары керек.

Ж.Сагиндыкова

Развитие межкультурной компетенции посредством обучения за рубежом

Одним из важных факторов развития межкультурной компетенции является обучение за рубежом, поэтому необходимо помнить о важности проведения ряда процедур для успешной ассимиляции, адаптации студентов, так как это в дальнейшем формирует сильных лидеров и готовит специалистов с глобальным мышлением.

References

- 1 *Strategy of MES of the Republic of Kazakhstan for 2014–2018*, 2014, December, 15.
- 2 [ER]. Access mode: <http://www.merriam-webster.com/dictionary/intelligent>.
- 3 *Strategy of Academic mobility of the Republic of Kazakhstan from 2012–2020*. [ER]. Access mode: <http://naric-kazakhstan.kz/en/implementation-of-the-bp/academic-mobility/2013-01-22-10-03-13>.
- 4 David K. *Developing the Global Student. Higher education in an era of globalization*. Routledge: London; New York, 2015, p. 33.
- 5 Irving J.A. *Journal of International Business and Cultural Studies Irving*, 2010, 3 (1), p. 5, 6.
- 6 Jackson J. *International Journal of Intercultural Relations*, 2008, July, 32, 4, p. 349–358.
- 7 Deardorff D. *Journal of Studies in International Education Fall*, 2006, 10, 3, p. 241–266.
- 8 Williams T.R. *Frontiers: The interdisciplinary Journal of Study Abroad*, Fall 2009, 18, p. 289–306.
- 9 Steiberg M. *The forum on education abroad*, 2007, p. 17.
- 10 Green M. *Association of International Educators*, 2012, p. 10.
- 11 Dimitrov N., Dawson Debra L., Olsen Karyn C., Meadows Ken N. *Canadian Journal of Higher Education Revue canadienne d'enseignement supérieur*, 2014, 44, 3, p. 86–103.
- 12 Freshly M. *Cross-cultural and multilingual education in the modern world: materials of the international conference*, Kostanay, 2013, p. 24–29.

Г.М.Аманова

*Кыргызская академия образования, Бишкек
This article discusses the problem of realization of the trilingual program and the formation of new type of linguistic identity in the educational discourse at the universities and schools of the Republic of Kazakhstan. Today in Kazakhstan society, there is a need for mastery of the younger generation, not only in the Kazakh language, but English and Russian as the language of international communication, and English as the language of science and international recognition. The active position of Kazakhstan in the Eurasian Union, reforming the education according to the Bologna Declaration, the imminent occurrence of Kazakhstan in WTO-all these events contribute to the problem of the formation of linguistic identity becomes public value. The authors of the article touches on some aspects of the problem. In the course of training of specialists in an educational discourse there are certain difficulties caused by material base, providing schools and higher education institutions textbooks on languages of the last generation, etc. In the Kazakhstan society there are various opinions apropos the trilingual program and ways of its realization. There are different opinions about the trilingual and ways to implement it in Kazakh society. It is believed that priority should be given training Kazakh (state) language of young people today. However, the English language is essential for the international recognition of Kazakhstan's scientists to participate in international scientific and educational programs.

References

- 1 *The State program of education development for 2011–2020 years*, [ER]. Access mode: <http://censor.net.ua/n327760>
- 2 Nazarbayev N.A. *In high school, all items must be in English*, [ER]. Access mode: <http://www.newsfiber.com/>
- 3 *Germany schools want to refuse English lessons in view of their uselessness*, [ER]. Access mode: <http://news.flarus.ru/?topic=2798>
- 4 *Training in France will be done in English*, [ER]. Access mode: <http://news.flarus.ru/?topic=2798>
- 5 Elistratov V.S. *Bull. of Moscow university*, Ser. 19. Linguistics and cross-cultural communication, 2006, 4, p. 21–27.
- 6 Naumov V.V. *Linguistic identity of the personality*, Moscow: KomKniga, 2007, 240 p.

М.І.Әбдуов, Т.Б.Қазбеков

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: Abduov_m@mail.ru)

Асқар таудай әке мұрасын зерттеу

Әке туралы сағынышпен естелік жазғанда көңіл әуені сан-саққа шарықтап, асқар тау әкенің асыл да абзал, қымбат та ұмытылмас мінез-қасиеттерімен, ақыл-кеңестерімен, елдік намыс-мүдделерімен қайта табыстырып, тарих қойнауына оралмастай боп сіңген сонау бір қызық та, шыжық күндерді нақпа-нақ жауһар күйінде жәудіретіп еске салып, еңселендіретіні таңырқарлық құбылыс екендігі баршамызға аян. Осы орайда айтарымыз атақты ғалым Рашит Әл-Каренидің (Кареновтің) әкесі Саттар Қараұлының 100 жылдығына орай «Әке рухымен сырласу» атты монографиясын жарыққа шығаруы¹.

Монография әке мен бала арасындағы диалог түрінде жазылған жиырма бес әңгімеден тұрады. Зерттеуші-ғалым осы еңбегін қолға алғанда жазушының бес қаруының біріндей тылсымы мен тынысының тұңғиығына тартып, алдындағы тұлғалы кейіпкердің ішкі сырына дендей енудің сиқырлы әрі әмбебап кілтіндей болған, сөйтіп, әлгі адамның өзіндік ишаралы сөзінің оймен өрнектеліп, санада салтанат құруын діттейтін, сонысымен де жан тербейтін жасырын бүкпесін жаһанға жеткізуге себебі тиетін осынау шығармашылық тәсіл — диалог әдісіне жүгінген.

Автордың бұрыннан жеңіл тақырыптарды таңдамайтындығы белгілі. Кезінде «Тұғыры биік тұлғалар», «Мәңгілік құндылықтар саңлақтары», «Қазақтың үш ұлы көсемі», «Көмейінен жыр төгілген Ахметбек ақын», «Алаш азаттығының ақиығы Иман Әлімбеков», «Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын», «Азаттық қаһарманы Мәнжі батыр» атты кітаптары ұлтымыздың құнды еңбектеріне айналған болатын. Одан кейін жарық көрген «Ақын-ақ еді», «Алаштың жиырма жыр алыптары», «Алдаспаны Алаштың ақын Мағжан», «Жұмабек Тәшенев — Алаштың жүз жылда бір туар алып тұлғасы», «Алаш қозғалысы мен Алашорда үкіметінің жиырма көшбасшылары», «Үш жүздің шежіресі және Арғын-Алтай тайпасының Қареке-Мұрат рулары: энциклопедиялық анықтамалық» атты еңбектер де қазақ оқырмандары мен жастарының санасын оятып, ел тарихын түгендеуге қосылған зор үлес болды. Бұл еңбектердің қай-қайсысы болса да ұзақ зерттеуді, терең білімді қажет ететін күрделі тақырыптар болатын. Кезінде бұл еңбектерді оқыған оқырман, Кеңес өкіметі кезінде жасырылып, айтылмай келген халқымыз тарихының жаңа беттерін ашып, тарих тереңінен сыр шертетінін жақсы біледі.

Монографияда автор өз әкесі Саттар Қараұлына да сипаттама берген. Автордың пайымдауынша, Сәтекең өмірдің небір қатал иірімдері мен сындарынан сүрінбей өтіп, мол тәжірибе жинақтаған. Оның айрықша қасиеті өзіне де, өзгелерге де жоғары талап қойғандығында. Ешкімді алаламайтын, бәрін тең көретін мінезі үшін жұртшылық Саттар Қараұлын ерекше құрметтеген.

Әкейдің алғашқы әңгімесі — оның жер туралы толғанысы. Жүгі нарда, қазаны теңде болып көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқы үш нәрсені бойтұмардай қасиет тұтып, қадірлеп өткен. Олар — туған ел, жер-ана, қасиетті ана тіліміз. Тәуелсіздік үшін қасық қаны қалғанша күресіп, жауды жағадан алған бабаларымыздың аманаты, бойтұмары — Жер-ана. Жер-ананың төл туындылары — айдын-шалқар көлдерден, құпияға шомылған қайнарлардан, асау тайдай толқынды серік еткен өзендер мен ғажайып кеңдігінен бәріміз де бастау аламыз.

¹ Әл-Карени (Каренов) Рашит. Әке рухымен сырласу: Монография. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. — 185 б.

Сондықтан да, қадым жері үшін қасық қанын аямаған ұлағатты ұл, қасиетті қыздарымыз ұлтымыздың тарихында аз емес. Неге десеңіз, қадым жер мәселесінің артында — қазақтың рухы мен намысының мәселесі тұр. Мәселен, қазақ тарихының шынайы шырақшысы Ермұхан Бекмаханов: «Кенесары көтерілісінің басты қозғау күші — халқымыздың ар-намысын отаршылдар табанына таптатпау, ерікті ел болу идеясын алға шығару еді. Осы идеяны ашып көрсеткенім үшін «халық жауы» атанып, жазықсыздан 25 жылға сотталып кете бардым...» — деп, ашына жазғаны белгілі.

Адам баласының басынан өткерген ірілі-ұсақты соғыс-сойқандарының дені — жер мәселесі, жерге таласу. Жерсіз мемлекет мемлекет емес. Ал, жер және жерасты байлықтары кез келген мемлекеттің негізі болуымен қатар, жердің атын иемденген халықтың меншігі.

Өкінішке орай, соңғы жылдары қоқыстармен ластап, байлыққа батамыз деп жерді асты-үстіне аударғанымызды айтпағанда, жалға беріп, саудалағанымыз «Егемен Қазақстан» деген еңселі дәрежемізге «тайға таңба басқандай» айқын дақ емес пе? Отандастар, ойланайық! Ата-бабамыздың кіндік қаны тамған жердің өзгенің қанжығасында кетпеуі үшін күресейік! Тәуелсіз елдің ұлы — өжет, қызы — қайратты, халқы — қаһарман. Теңізге тамған тамшыдай болса да білім мен еңбегімізді ел болашағына арнайық! — деп елдікке шақырады автор.

Монографияның мазмұнына арқау болған келесі мәселе — елі мен жерін жаудан қорғаған өжет, атамекенде елдіктің уызын ұйықтап, халқының еңсесін көтерген тарихи тұлғалардың сыр мен сынға толы әлеуметтік бейнесі. Сондықтан кітаптағы екінші және үшінші әңгімелер XIX ғасырдағы қазақ халқының ең ірі ұлт-азаттық қозғалысын бастаған Кенесары Қасымұлы және сол азаттық жолындағы мыңбасы болған, Арғын-Алтай тайпасынан шыққан атақты Мәнжі батыр Күржекейұлы туралы деректерді зерттеуге арналған. Хан Кене алдында болған көтерілістерден сабақ алып, қорытынды жасаған еді. Біріншіден, ол белгілі бір аймақты ғана қамтыған қарсылықтар ешқандай нәтиже бермейтіндігіне көз жеткізді. Сол себепті бүкіл халықты көтеру қажеттілігі айқын болды. Екіншіден, қазақтардың ұлт-азаттық қозғалыста ортаазиялық халықтармен одақтасудың қауіптілігін түсінді. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері, күні бүгінгі дейін «Халық жауы бүлікші» аталып келген ұлт-азаттық көтерілісінің бастамашысы — Кенесары ханды тарихшылар ақтап алып, оның қазақ халқының азаттығын көксеген көсемдігін жария етуде.

Хан Кене секілді Ұлы тұлғамен үзеңгілес жүріп, жосын жорықтарда қалың қолды бастаған Мәнжі батырдың тұлғалық ерекшелігін сомдау, оның ұлағатты ісін ұрпаққа таныту — бүгінгі буынның алдында тұрған үлкен міндет. Сондықтан автор арнайы әңгімені Мәнжі батыр Күржекейұлының патша отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық күрес жүргізген Кенесары ханның жасағына қосылып, батыр атанып, одан жүзбасы, мыңбасы атақтарына жетіп, Кенесары ханның негізгі батырларының бірі болғандығын көрсетуге арнаған. Осы бағытта ең алдымен ел тарихындағы Кенесары хан және оның қол бастаған батырлары жайлы қатталған деректерді қазбалап, сол арқылы Мәнжі батыр бабамыздың болмысын ашу мақсатында аймағымыздың ғалымдары мен тарихшылары, ақындары мен ұлтжанды азаматтары үлкен шығармашылық ізденіспен еңбек етуде.

Автор өз монографиясында адами болмысқа, қоғамдық қатынастарға тән мәдени, әлеуметтік, саяси мәселелерді зерттеудің тарихи тәсілін асқан шеберлікпен ұтымды қолданған. Атап айтқанда, XX ғасырдағы, әсіресе оның 30-шы жылдары және орта кезеңіндегі тарихи оқиғаларды зерттеуді және олардың бір адамның өмірінде сәйкесінше көрініс табуын онтайлы ұштастырған.

Белгілі бір дәуірдің сыр-сипатын тереңірек түсінгісі келген жан әуелі сол кезеңде өмір сүрген жекелеген азаматтар тағдырына зер салса керек-ті. Әкеміз Саттар Қараұлы — Кеңес үкіметінің «бесігінде» тербеліп, тұтас ғұмыры соған байланған, «советтік» жүйеге тән ауыртпалық атаулының барлығын да өз басынан өткерген жан және, оның айтуынша, «XX ғасырдың 20–30-шы жылдары қазақ халқының тарихында күрделі де өзара қайшылықты ауыр кезең болды. Қазан төңкерісі, азамат соғысы, соғыс коммунизмі саясаты, жаңа экономикалық саясат, күшпен ұжымдастыру, орталықты индустрияландыру және т.б. үдерістер Қазақстанды қиын жолға түсірді.

Автордың пайымдауынша, Кеңес дәуірінде ашаршылық тақырыбы жабық тақырып болған. Баспасөзде ол жайында сөз қозғалмаған. Көшпенді жұртты қынадай қырған аштық зұлматының ажалды тырнағынан ешбір қазақ әулеті дін аман құтыла алмаған. Сондықтан да сол бір жылдардағы ашаршылық халық санасына терең жара салды.

Өкінішке қарай, ашаршылық салдарынан құрбан болғандар саны туралы әлі ортақ тұжырым болмай отыр. Шетелдік зерттеушілердің есебі бойынша, олардың саны 860 мың мен 2 млн адам

аралығында, отандық ғалымдардың пайымдауынша, бұл көрсеткіш — 1,5 млн мен 3 млн адам шамасында. Олардың дәл саны әлі күнге дейін анықталған жоқ.

Сондықтан да, автордың ойынша, алдағы уақытта ашаршылық құрбандарының жалпы саны әлі де болса терең зерттеп, анықтай түсуді талап етеді.

Монографияда отызыншы жылдардағы қазақ халқы бастан кешкен екінші қырғын — 1937–1939 жылдардағы саяси қуғын-сүргін ауыртпалықтары туралы кеңінен сөз қозғалады. Сол кезеңде озық ойлы «елім» деп еңіреген азаматтарды жаппай қырып-жойған қуғын-сүргін науқаны жүргізілді. Жалпы, 1937 жылы қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының ұзын саны 120 мың болса, соның 30 мыңы атылып кеткен. Талай-талай тағдырды тар жолға салып, тайғақ кештірген қаралы күндерді ұмыту, оны жылына бір мәрте болса да еске алмау — үлкен күнә. Сондықтан да болар, жыл сайын мамырдың соңында осы тақырыпқа бір айналып соғу, қазақстандықтардың, әсіресе БАҚ өкілдерінің парызына айналған.

Кітаптағы мұнан кейінгі «Ұлы Жеңіс ел жадында», «Барлаушы» атты екі еңгіме Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған. Мұнда автор өз әкесінің және әкесінің ағасы Асқар Кареновтің Отан қорғау жолындағы жасаған ерліктерін әңгімелейді. Әсіресе Асқар Қараұлының Ленинград майданында барлаушы ретіндегі ептілігі, Волхов және Карель майдандарындағы кескілескен ұрыстарда көрсеткен ерліктері егжей-тегжейлі баяндалған. Сондай-ақ соғыс кезінде Отан үшін жанын құрбан етіп, қыршынынан қиылған ағаларымыз бен апаларымыз, аяулы азаматтарымыз туралы, олардың соңында жесір қалған әке-шеше, бауырлары, жұбайы мен балалары туралы сыр шертілген.

Автор өзінің жеңіс солдаттарының бірінің баласы болғанын ойынан шығармайтынын айтады. Балалары, немерелері аталарының майдангер болғанын, ерлік көрсеткенін, мемлекеттік марапат алғанын мақтаныш тұтатынын көрсеткен.

Еліміз тарихында Ұлы Жеңістің ерекше орын алатыны сөзсіз. Жеңіс ел мен ұрпақ үшін ұрандатып соғысқа қатысқан сарбаздардың қаны текке төгілмегендігінің айғағы. Уақыт өтсе де, «Ер есімі — ел есінде» демекші, ешкім ешқашан ұмытылмайды.

Соғыстан кейінгі оқиғалар тың игеру науқанын баяндаудан басталады. Бұл науқанның ресми саяси тұстарымен қатар, оның көлеңкелі жақтары да көрсетілген. Мәселен, 1954–1956 жылдары Қазақстанға сырттан 640 мың адам қоныс аударып келді. Және олардың басым көпшілігі 25 жасқа дейінгі жігіттер мен қыздар болды.

Дабылы мен даңғазасы көп тың игерудің алғашқы екі жылының өзінде Қазақстанға жан-жақтан 25 мыңдай жетекші кадрлар жіберілді. Олардың ішінде тыңға соқа салудан гөрі, басқару аппараттарынан үлес алуды көбірек көксеп келгендері аз емес еді. Лауазымдық жұмыстарға негізінен келімсек кадрлар орналастырылды. Республиканың бұрынғы басшыларын шұғыл ауыстыру шаралары Орталық Комитеттің шынайы көмегі деген желеумен жүзеге асырылды. Жергілікті ұлт кадрлары жаппай ысырылып, қызмет деңгейлері күрт төмендеді. Олардың үлкен республиканы басқаруға қабілеті жетпеді, қиыншылықтан тайсақтады деп түсіндірілді.

Осыларды келтіре отырып, монографияда автор Сәтекең көрсеткен келесі тұжырымды ойларды қадап айтқан: «Қиын-қыстау заманда жат жұрттың мыңдаған адамын бауырына басып, ыстық ықылас көрсете білген қазақ халқына Кеңес өкіметі кезінде шет елде әр түрлі себеппен бас сауғалап қалған қандастарымызды ата-жұртына жинап, қайта оралдырғысы келмеді! Бұл жағдайды дұрыс пайдалана білгенде өткеннен қорытынды шығарылып, қазақ қауымы демографиялық тұрғыдан өркендеп, сырттағы ағайындарымыздың ата-жұртта тұрақтануына жағдай жасалып, экономика мен мәдениетіміз, рухани байлықтарымыз одан әрі көркейе түсері сөзсіз болатын. Бірақ мұның бәрі бізге қажет болғанымен, Кремльге керегі жоқ еді».

«Қазаққа қан жұттырған аждаһа» атты әңгімеде Семей полигонының зардаптары барынша толығырақ зерттелген деректерге зер салсақ, 1947 жылғы 21 тамызда Кеңес Одағы үкіметінің шешімімен құрылған № 2 Мемлекеттік орталық сынақ полигонында 1949–1989 жылдары 460-тан аса ядролық сынақ, оның ішінде 30 жер үсті, 88 әуе, 348 жер асты ядролық жарылыстары жасалған. 13 рет радиоактивті газдың атмосфераға таралуынан келген экономикалық және демографиялық зардаптарына 1,5 млн жергілікті тұрғын ұшырады.

1991 жылы 29 тамызда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Семей полигонын жабу туралы Жарлыққа қол қойды.

Өкінішке орай, бұл сынақтардың зардабын осы күнге дейін шегіп келе жатқан аға-апаларымыз, ата-әжелеріміз бар. Сол жандардың жан жарасына сәл де болса демеу болып, қолдау көрсетуі — бүгінгі ұрпақ міндеті.

Ал келешекте тәуелсіздік жемісін татқан ұрпақ алаңсыз білім алып, ядролық қару сынауға қарсы әрекеттерге үлестерін қосып, еліміз үшін аянбай еңбек етуін тілейік, — деп ой қорытады автор.

«Кітап — халықтар ой-санасының архиві» деген әңгімені автор әкесінің «Әдебиет ұлы болмай — ұлт ұлы болмайды», ал кітап деген ұғым, алдымен, әдебиетпен егіз. Сондықтан да адамзат үшін жақсы кітаптан асқан байлық жоқ. Өйткені ой түбінде жатқан «таза, мінсіз асыл сөз» халыққа көбінесе кітап арқылы ғана жетеді. Адам баласы ең асыл рухани құндылықты кітаптан ғана алатынын айта келіп, автор кітап жайындағы әкесінің өте шұрайлы ойын былайша келтіреді: «...Түрлі шетелдік авторлар болды дегенмен, қазақтың негізгі басым бөлігі оқыған кітаптардың көпшілігі қазақ ақын-жазушылары еді. «Абай жолы» бастаған қазақтың бар болмысын ашып берген ұлы шығармалар болмаса, мен оларды оқымасам, қазақтың, ұлтымның бет-бейнесін, ұлттық дүниетанымын, салт-дәстүрін бүгінгідей жетік танымаған болар едім».

Әсілі, қай кезде де жақсы кітап адамның жан сарайын шуаққа бөлейтін, рухани жан азығы екендігі баршамызға белгілі.

Диалог түрінде жазылып, саяси-әлеуметтік мәселелерді зерттеуге арналған кітапта көп әңгімелер тәлім-тәрбие мәселелерін қарастыруға бағытталған. Сәтекеннің ойынша, қазақ халқы ежелден тәрбие ісінде бірнеше маңызды мәселені қамтыған.

Біріншіден, тәрбие басы алдымен әдептілікті үйретуді көздеп, әдептілік мәселесін басты міндет етіп қойған.

Екіншіден, мейірімді болуға тәрбиелеген. Өйткені, мейірімді адам қашанда қайырымды болады.

Үшіншіден, тіл алғыш, елгезек бол деп үйреткен. Бұл баланы еңбекке баулудың алғашқы белгілері. Баланы сергек сезімді, еңбек сүйгіш азамат етіп тәрбиелеу ісін, оның жас ерекшелігін ескере отырып жүргізген жөн.

Төртіншіден, адалдық пен шындыққа тәрбиелеу. Кез келген тәрбие құралына талдау жасасақ, ақыл-ой, дене, еңбек, адамгершілік тәрбиелері іштей сабақтасып, араласып жатқанын көреміз.

Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болмай, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңірген.

Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы, сол арқылы қоршаған ортаны, айналаны сыйлауды басты міндет етіп қойған.

Бұл айтылғандар бала тәрбиесі, яғни адам тәрбиесі, тек бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті екенін танытады.

Монографияда «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» айшығымен берілген әңгімеде әйел мен бала тағдырының мемлекет үшін маңызды мәселе екенін ескере отырып, қоғамдық және отбасылық тұрғыдан нақты қадамдар жасаудың, соған сай іс-шараларды қарастырудың қажеттілігі көрсетілген.

Ағайынның татулығы мәселесін зерттей келе, автор өз ата-анасына сыни көзқарас тұрғысынан баға берген: — Менің ата-анам әрдайым кері кеткен тірлікті бері тартып, ақ пен қараның аражігін ажыратып, ой салуға тырысты. Бойларын өсек-аяннан аулақ ұстады. Әділетсіздікке көздері жетпейінше, ел арасындағы алыпқашпа сөздерге сенбеді. Ешкімнің сыртынан сын айтып, айбат көрсетпеді. Өмір сүрген ортасының қадірін түсірмей, күйбең тіршіліктің сұранысынан кең болды. Орынсыз ашу шақырмады. Намысқа нұқсан келтірмеді, кім болса да сабасына түсіре білді. Ауылынан өсіп шыққан, ауызға іліккен азаматын мақтан етіп, жетістігіне қуана білді.

«Хәкім Абайды толық тану оңай ма екен?!» деген әңгімеде зерттеуші-ғалым «мыңмен жалғыз алысқан» ұлы Абайдың әлемдік дүниетанымын, әлемдік өркениет деңгейіне көтеріле білген ерекше тұлға, өзгеше жаратылыс екендігін алға тартады. Өз кезіндегі қазақ елінің мешеу тұрмысы туралы сөз ете отырып, ой кемелдігі, сыншыл көзбен бағалай білуі жағынан Пушкин, Лермонтов, Крылов биігіне көтерілгенін жоғары пафоспен паш етеді.

Автордың «Өмір — аққан дәрия, көшкен сел» тақырыбындағы әңгімесі өмірдің терең философиясына толы. Мұнда ол әкесінің бірқатар өмірлік ұстанымдарын келтірген:

Біріншіден, — деді әкем, — өмір — Алла тағаланың адамдарға берген ең қымбат сыйы.

Кез келген адам бұл фәниден кеткенде артындағы ізің жүзіп өткен балықтың ізіндей болса, атыңды өшірмейтін жақсы ісін мен хатың қалмаса, жоқтайтын жоқтаушың болмаса, нағыз сорлылық сол болса керек.

Екіншіден, бір шаһар бар, есігі жалқауларға жабық, еңбекқорларға ашылатын. Аталмыш шаһар «Мақсат» деп аталады. Адамзат баласы ес жиғаннан бастап, өз алдына мақсат қояды, мақсат деген адамға жігер беріп, алға бастап, демейді.

Үшіншіден, өмір болғасын, өмірдің түрлі түйткілдері мен бұраландары, адам баласы түсініп, шегіне жетіп шықпайтын ұғым, мағыналары болатыны заңды құбылыс. «Өмір кешу, даламен шауып өту емес» деп орыс халқы айтатындай, сол өмір сүрудің өзін әркім өз ұғымы аясында әр түрлі бағалайды.

Төртіншіден, уақыт ұзап, жылдар жылжып өткен сайын әрбір жұмыр басты пенденің бұрынғы көргендері, бастан кешкендері әрдайым жарқын, жағымды құбылыстардай танылып, есте сақталар естеліктерге, кейде тіпті сартап сағыныштарға айнала бастайды.

Бесіншіден, біз қаласақ та, қаламасақ та, кәрілік — адам өмірінің ең соңғы кезеңі. Табиғат маусымның қысындай. Әрбір адамның әдемі қартая білуді ұзақ ғұмыр сүрудің далбасасына айналдырмай, ізіңнен гүл өсіріп, ісіңнен игілік туғызып кетердей жаныңды жақсылыққа ғана жегіп, тәніңді адалдық пен әділдіктің арашашысы ете білгенге не жетсін.

Адамзат өміріндегі парасатты тақырыптардың бірі — тектілік мәселесін автор былайша өрбіткен:

1. Сонау 30-шы жылдары орыстың атақты ғалымы, академик Н.Вавилов осы бір «тек» деген киелі ұғымның рас екенін дәлелдеп-ақ шықты. Оны ғылым тілінде ген дедік, генетика дедік. Амал не, қарғаны сұңқар, тұғырды тұлпар дейтін бір кезеңдер қай заман, қай қоғамда да болып тұрады ғой. Сол ғұлама Вавиловтың түбіне оның қасында әшейінде оң жағына бір, сол жағына бір шығып жалбақтап жүретін Лысенко деген саппас жетті. Міне, сол генетикаңыз кейін және бүтін нақты ғылым ретінде дәлелденсе, оны біздің ата-бабамыз бұдан бірнеше ондаған ғасыр бұрын айтқан, білген, тіпті, күнделікті тұрмыста ел, мемлекет басқару ісінде колданып отырған.

2. Алдағы уақытта біз тектілік келбетімізді биіктетіп, дамудың даңғыл жолына түсуіміз керек. Өйткені дамудың кілті жемісті идеяда. Жемісті идея кемел білімді тұлға бойынан шығады. Кісілік — келбетті иеленгендер ұлттық рухтың қорғаны. Тектілік — келбетті мен кемеңгердің, есті мен еріктінің әлеуметтік жемісі мен жеңісі, ұлағаттылық пен рухани ұстаздыққа кісілік жол. Нағыз тектінің тірегі мол, жұбанышы жетерлік.

3. Тектіліктің бекем ұйытқысы — отансүйгіштік, Отанға деген махаббат. Үлкен азаматтық сезіммен Отанын шынайы сүйген жан елі үшін ерлік жасаудан ешуақытта тайынған емес, тайынбайды да.

Ұлтын сүю — қай халыққа да тән қасиет. Ол — ұлтшылдық емес. Бір халықтың, бір халықтан артық-кемі болмайды. Ұлт — қасиетті ұғым. Демек, ұлттық намыс — ол сол ұлттың барлық жақсы қасиеттерін ардақ тұту, қадірлеп-қастерлеу деген сөз.

4. Қазақтың таным-түсінігінде «жеті ата» ұғымымен қатар, қыз және ұл жағынан аталатын «жеті ұрпақ» ұғымы да кеңінен дәріптеліп келді. Қазақтар бала жағынан ұрпақтарын: бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жүрежат деп атап, ал қыз жағынан туған ұрпақтарын: қыз, жиен, жиеншар, дегеншар, көгеншар деп атаған. Отбасылық тәрбие арқылы туысқандар мен ағайындар арасындағы татулықты, жылдан-жылға қалыптасып отыратын тектілікті, бір атадан тараған тұтастықты, бауырмашылдықты сақтауға бағытталған салт-дәстүрлері ұлттың бірлігін нығайтуға да негіз болғанын атап өткеніміз абзал.

Сонымен, тектілік — ұлттық рухтың қуаты, мемлекеттіліктің іргетасы. Себебі нағыз текті тұлға өзінің Отан алдындағы перзенттік борышын адал орындайды. Ал адамның адамдығы өзіне, отбасына, ұлтына, Отанына қызмет ету деңгейімен анықталады.

Кітапта автор діл дінгегі — дін мәселесін зерттей келіп, ҚР Президенті Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Саясат күнде өзгереді. Ал, дін мәңгілік... Біз Исламға қарызбыз. Өйткені, Ислам қазақ халқының бірлігін сақтап қалған, — деген ұлағатты сөзін қаперімізден шығармауымыз керектігін айтып, қолымызға келіп қонған бақ құсы — дербес елдігіміз бен тәуелсіздігіміздің іргесін шайқалтпай ұстап тұру үшін шарият шарттарына сай келетін ұлттық дәстүрлерімізді берік ұстана білуіміз керек», — деген сөзін келтіре отырып, қалың жұртшылықты мұсылманшылыққа шақырады.

Кітаптағы «Ата-ананды тірісінде сыйла!» деген әңгімеде өскелең ұрпақ үшін көптеген өсиет сөздер бар:

1. Халқымызда қалыптасқан дәстүр бойынша бала тәрбиесінде баланың әкесі мен шешесінің, әжесі мен атасының, өскен ауылы мен қоршаған ортасының жеке-жеке өз міндеті бар. Оны халықтың

өзі «Балаға: ана — мейір, әке — айбар, әже — қамқоршы, ата — ақылшы, ауыл — тез» деп өрнектейді.

2. Біздің ата-бабаларымыз қыз баланы алақандарына салып әлпештеп, еркелетіп, қонақ деп қараған. Ал, ұл баланы әулеттің ізбасары, ұрпағын жалғастырушы деп сезінген. Сондықтан «Әке — асқар тау, ана — мөлдір бұлақ, бала — жағасындағы құрақ» екендігін ешқашан естен шығармағанымыз жөн. Ата-аналарымызды қадірлеу — ең басты парызымыз.

3. Балаларымызды тәрбиелемес бұрын ата-ана мына ережені жақсы білуі керек: «Егер балаларымыздың кемшіліксіз болғанын қаласақ, өзіміз кемшіліксіз ата-ана болуымыз шарт».

4. Ата-ананың міндеті мыналар: балаға ат қою, дұрыс тәрбие беру, білім беру, мамандық беру, үйлендіру, баспана дайындау, отанға қызмет етуге үйрету.

5. Жақсы тәрбие көрген бала мыналарды орындауға тиісті: ата-ананың тапсырысын орындау, олар мақұлдамаған нәрсені орындамау, ата-ана ұнатпағанды істемеу, ата-анасына ұнайтындай болып өмір сүру, ата-аналарын жылы шыраймен қарсы алу, ата-ананың тағы бір үлкен арманы — балаларының өз алдына отбасын құрып, бала сүюі.

6. Өмір тоқтаусыз аққан өзен сияқты. Мұхитқа қарай ағылған өзен суының бастауы оның ағысына әсер етеді. Біздің анамыз, анамызға деген махаббатымыз дамылсыз сарқыраған өзен ағысының бастауы сияқты. Оған деген сүйіспеншілігіміз, ақ тілегіміз осы бастаудан нәр алады.

Монографияда ұлт денсаулығы кеңінен сөз болып, жастарға мынандай пікірлер айтылған:

1. Ислам дініміздің қағидаларының денсаулыққа ешбір зиян жері жоқ екенін, қайта зор пайдасы барын айту керек. Ең бастысы, ол денсаулыққа зиян келтіретін әдеттерге қарсы. Әсіресе арақ-шарап ішімдіктерінен аулақ болуы талап етіледі.

2. Мамандардың айтуынша, маскүнемнің балалары көбіне ауру, кеміс, ақыл-есі кем болып туады екен. Мына статистикаға қараңыз: ішкілікті аз да болса ішетін әйелдердің өмірге әкелетін сәбилерінің 80–90 пайызы әлсіз болады, олар болашақта психикалық қиындықтарға ұшырайды, сөйлеу мүшелерінде кемістік байқалып, терісінде түрлі аурулар болады екен.

3. Қандай ауру болмасын, соның алдын алу шараларына діни тұрғыдан зор мән берілген. Мысалы, не болса соны ішіп-жей беру де күнә саналады. Қолды жумай, тамақ ішу дұрыс емес. Ал намаз оқу тәртібінің керемет қасиетін айтпаса да түсінікті.

4. Денсаулығы көтере алатын адамдарға ораза ұстау да — бес парыздың бірі. Оның да мүмкіншілігі бар адамдарға пайдасы бар екені күмәнсіз. Ол, әсіресе, зат алмасу үрдісі нашарланған, денесі толып кеткен және кейбір ауруларға бейімді адамдарға пайдалы.

5. Тағам туралы сөз болғанда, қазіргі уақытта жиіленіп кеткен кейбір аурулардың негізгі себеп-салдары туралы көп айтылып жүр. Әсіресе жүрек-қан, тамыр аурулары, семіздік және сусамыр аурулары туралы айтылады. Бұл ғылыми дәлелденген шындық.

6. Бақыт та, байлық та, береке де, бірлік те — иманда. Имансыз иба болмайтынын 7 жасар баладан 70 жастағы шалға дейін айтады.

Кітапта рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші, өз бойындағы асыл қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жанашылдықтың бастаушысы, жүрегі — жылы, көңілі дарқан адам — ұстаз жайында, оның қоғамдағы рөлі туралы кең көлемде пайымды пікірлер айтылған. «Ұстаз — киелі мамандық, оның қадірін білгеннен қасиетің артады» дей келе, Сәтекең былайша ой бөліседі:

1. Білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Бұл мәселені шешудің кілті ұстаз қолында. Өйткені ұстаз елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу — ұлы міндет. Ол міндетті атқарушы — ұстаз. Ұстаздың негізгі құралы — сабақ.

2. Сабақ скрипка аспабы секілді: онымен жай гаммаларды ойнауға немесе Паганинише саусақ ұшын сымға жеңіл тигізіп, одан ғажайып үн шығаруға да болады. Әрбір сабағы ғажайып әуенге толы нағыз ұстаз болуы кімнің де болса арманы.

3. Ұстаздан дәріс алмаған адам қазір жер бетінде жоқ десе де болар. Бұл мамандық содан да киелі. Жан-Жак Руссоның: «Ұстаз болу — өз уақытыңды аямау, басқаның бақытын аялау» деген нақыл сөзі жаныма өте жақын.

4. Ұстаз білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі. Шәкірті өзінен озған ұстаз — еңбегі ақталған ұстаз. Өйткені өмірдің заңы даму, ілгерілеу, озу. Өзінен озған шәкірт тәрбиелейтін шебер ұстаз

үздіксіз ізденісте болып, қоғам сұранысына сай білімді, шығармашыл, өзін-өзі дамытып, жетілдіре алатын болуы қажет.

Монографиядағы «Ана тілім — асыл қазынам» айдарымен айшықталған әңгімеде адам мен адамды, халық пен халықты жақындастыратын айрықша құрал — тілге деген шынайы құрмет, әркімнің өз ана тілінде білім алуына жағдай туғызу, ұлттық мәдениетті дамыту жекелеген адам үшін де, ұйымдар мен мекемелер үшін де, мемлекет үшін де аса маңызды құндылық екендігі дәріптелген. Сондай-ақ тіл тіршіліктің күретаыры іспеттес қастерлі де қасиетті қазына екендігі, тіл туралы ұлы ойшылдар, қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар сынды зиялы қауым өкілдері, тіпті қарапайым жандар да ой толғап адамзат атаулыға бұйырған осынау баға жетпес байлықты ардақ тұтқандығы пайымдалып, тұщымды тұжырымдар жасалған:

1. «Туған тілінді қорғау — туған Отаныңды қорғаудан да маңыздырақ. Отаныңды жау басып алса, оны ерте ме, кеш пе, әйтеуір азат етеріңе сенесің. Ал тілің жауланса — бітті», — деген екен бір ғұлама.

2. Қазақ халқы өз тілін айрықша құрметтеген, ерекше зер салған. Қазақ сөз қадірін — өз қадірім деп білген халық. Кеңдігін де, елдігін де, кеменгерлігі мен көсемдігін де сөзге сыйғызған жұрт. Оның тарихы да, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, даналығы мен дала көңілі де сол сөздерде жатыр.

3. Тіл шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы.

4. Амал не, осындай әдемі туған тіліміз бола тұра, өзге тілде сөйлейтіндер әлі көп. Тіпті, туған тілден безетін сорақыларды да көргеніміз бар. Төл тілде сөйлеуден безу ақ сүт беріп, асыраған анадан ұмытумен бірдей. Осы кезде Паустовскийдің: «Туған тіліне жаны ашымаған адам — жәндік», — деп ашына айтқаны ойға келеді... Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

5. Егер біз жер бетінде ұзақ та бақытты өмір сүреміз десек, бұған тек тіліміздің арқасында қол жеткіземіз. Тілсіз бақыттың бір бүйірі кем. Халықтың күні қараң. Ұлттық бет-бейненді, қасиетінді, ділінді сақтаймын десек, алдымен тілінді сақта. Ал тілді сақтау үшін сол тілде сөйле, жаз, хат-хабар алмас. Кейбір ұлттар сияқты тілімді тірілтемін деп қиналмас үшін оны жойып алма. Тілді сақтауға әр қазақ міндетті!

Монографиядағы «Қазақ мемлекеті қалай болу керек?» деген мәселеге берілген ауқымды жауап адамды терең толғанысқа ұшыратады. Қазақ мемлекеті қалай болуы керек? Алаш қозғалысы, Алашорда, Алаш партиясы соның негізін қалап, негізгі біртұтас идеясын соқырға таяқ ұстатқандай анық жасап кетті. Біз сол жолмен жүрсек, адаспаймыз. Күнделікті қарым-қатынас, алыс-беріс, саясат уақыт өткен сайын дами түседі. Бірақ Алаш көсемдерінің ұстанымы біздің елдік қағидамыздың өзегі, тамыры, тірегі болуы керек еді. Алаш көсемдері қазақты жанымен жақсы көрді. Қазақ үшін жанын берді. Алаш арыстарын бірін-бірінен бөле-жара қарауға болмайды. Олардың мақсаттары, мүдделері бір болатын. Ол халқымыздың ояну кезі еді. Мемлекеттікке ашық ұмтылған кезі еді. Сол кездегі идеология, бағдарлама дәл қазір де біздің шамшырағымыз, бағыт-бағдарымыз болуы керек еді. Сонда біз төрт аяғымыздан тең тұрар едік. Халықтың бойында Алаш рухы өшкен жоқ. Оны ары қарай дамыту керек» деп, Алаш рухын мәңгілік етуге шақырады автор.

Сөз соныңда айтарымыз, оқырман қауымға жол тартқан зерделі ғалымның бұл еңбегі өскелең ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор, жастарды елжандылық рухында тәрбиелеу үшін бағдар беретін құндылығы мол шығарма.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Abduov, M.I.** — Dean of faculty of Philology, Doctor of Philology, Professor of chair of Kazakh literature, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Akhmetova, A.A.** — Undergraduate, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Amanbayeva, G.Yu** — Doctor of Philology, Professor, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Amanova, G.M.** — Senior lecturer, Kyrgyz Academy of Education, Bishkek.
- Baigash, A.** — Master of Linguistics, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana.
- Iskakuly, S.** — Professor, Ile Pedagogical University, China.
- Kadina, Zh.Z.** — Associate professor of a practical course of the Kazakh language, Candidate of Philology, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kalybekkyzy, G.** — Undergraduate, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Karenov, R.S.** — Professor of marketing, Doctor of Economy, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kasenova, G. B.** — Undergraduate, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Kazanbayeva, A.Z.** — Candidate of Philology, Associate professor of the Kazakh linguistics, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Naukenuly, B.** — Professor, Ile Pedagogical University, China.
- Primbetov, T.T.** — Candidate of Philology, Associate professor of the Kazakh linguistics, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Sagyndykova, Zh.** — Associate professor at the English department, Sh.Ualikhanov Kokshetau State University.
- Tileubek, Zh.E.** — Teacher of the Kazakh language and literature, A.Kunanbayev school of gymnasium No. 5, Abai, Karaganda region.
- Tursunova, M.A.** — Candidate of Philology, Associate professor of the Kazakh linguistics, Ye.A.Buketov Karaganda State University.
- Shaubin, Chi** — Professor, Ile Pedagogical University, China.
- Zhumagulova, E.V.** — Senior lecturer of German philology and foreign languages, Sh.Ualikhanov Kokshetau State University.
- Zhumagulova, N.S.** — Candidate of pedagogical sciences, Associate professor, Head of Foreign Languages and Translation business, A.Myrzahmetov Kokshetau University.

**2015 жылғы «Қарағанды университетінің хабаршысында»
жарияланған мақалалардың көрсеткіші.
«Филология» сериясы**

№ б.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Адилова А.С., Смаилова А.Ш.</i> Көркем фантастика мәтіндерінің лексикасы (А.-Х.Ф. Мархабаевтың «Жұлдыздар жарығы жерге жетеді» романы бойынша)	2	4
<i>Кадина Ж.З., Қабанов М.Ш., Сатеева Б.С.</i> Толғау поэтикасының ерекшелігі	2	39
<i>Купаева А.Қ.</i> Туынды сөз семантикасының қалыптасу ерекшеліктері	2	32
<i>Қабанов М.Ш., Кадина Ж.З.</i> Толғау жанрындағы сөйлемдердің өзара байланысы	1	11
<i>Қазанбаева А.З., Қалыбекқызы Г.</i> Батырлар жырындағы этномәдени лексиканың танымдық сипаты	4	17
<i>Мажитаева Ш., Садуақасова А.</i> Семантикалық окказионализмдер	1	3
<i>Насыритдинова Ә.Н.</i> Техникалық терминологиядағы омоним-терминдер және олардың қолданыс ерекшеліктері	2	15
<i>Пірімбетов Т.Т., Ахметова А.А.</i> Қазақ тіліндегі шылаулардың морфологиялық тұлғасы мен лексика-грамматикалық мәні	4	11
<i>Рапишева Ж.Д., Жүнісова М.Қ., Сейдахметова З.Қ., Кишенова А.Ю.</i> Терминологиялық лексиканың бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылу ерекшеліктері	2	9
<i>Тұрсынова М.А., Тілеубек Ж.Е.</i> Түркі тілдеріндегі жабайы аңдарға қатысты атаулардың тарихи-салыстырмалы сипаты	4	4
<i>Түйте Е.Е.</i> Паралингвистикалық амалдардың коммуникативтік қызметі	1	18
<i>Шортанбаев Ш.А.</i> Махамбет поэзиясындағы сөздердің стильдік-мағыналық қолданысы	2	22
<i>Ыбырайым Ә.О.</i> Қазақ тіліндегі ресми-іскерлік стильдің қалыптасу, даму кезеңдері	2	27

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛ БІЛІМ

<i>Аманбаева Г.Ю., Балабекова М.А.</i> Қазіргі таңда Қазақстандағы мультилингвалды жағдайды дамытуға бағытталған жағдайлар	2	47
<i>Аманбаева Г.Ю., Қасенова Г.Б.</i> Орыс тілін кәсіби бағдар бере отырып оқытуда заманауи технологияларын қолдану	4	23
<i>Аманбаева Г.Ю., Төлеубекова Ә.Т.</i> Ғылыми дискурсты зерттеудің интеграциялық модельдері	2	53
<i>Ажарбекова Э.Н.</i> Вариант фразеологизмдердің көркем шығарма тілінде қолданылуы	3	4
<i>Зенеров В.Н., Щепина А.А. У.С.</i> Моэмның «Театр» романындағы паралингвистикалық амалдар ролі	2	64
<i>Қуанышева Ә.Б.</i> Орыс тіліндегі әлемнің тілдік суретіндегі «күйеу» концептінің өлшемі	2	58
<i>Наджи Енико.</i> Мектепке дейінгі оқытуда ІТ қолдану	1	29
<i>Рахымберлина С.Ә.</i> Қазақ бейресми есімдері тарихы: бірінші кезең	3	10
<i>Тимошенко В.</i> Заманауи тіл білімінде библеизм түсінігі	3	15
<i>Фрешли М.</i> Ежелгі орыс әдебиетіндегі шарап	2	74
<i>Харитонова Л.М., Богомолова Т.Л.</i> Қазақстанның баспа стратегиялары	1	24

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

<i>Әбдиманұлы Ө.</i> Өлеңдегі сезім мен өрлік тоғысы	1	50
<i>Әбдуов М.І., Алдамұратова А.К.</i> Тұрмыс-салт ертегілеріндегі дәстүрлі сарындардың көрінісі	1	34
<i>Әбдуова Н.М.</i> Мазмұн мен формадағы сабақтастық	3	43
<i>Әбілқасов Ғ.М., Жақан Ә.Қ.</i> Жоғары техникалық оқу орнында жастардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру	3	76
<i>Әлімақынұлы Д.</i> Ақын Зият Көбегенұлының өмірі мен шығармашылығы	3	69
<i>Жақан Ә.Қ.</i> Қос шығармадағы ортақ ой, ортақ образдар	1	55
<i>Жарылғапов Ж.Ж.</i> Бұқар жырау шығармаларындағы романтизмнің бейнелеу принциптері	2	80
<i>Жұмагелдин Ж.Ш.</i> Төлен Әбдікұлының прозасындағы адам және қоғам мәселесі	1	77
<i>Каренов Р.С.</i> Әбу Насыр әл-Фараби: өмірі, шығармалары, жаһандық ғылым мен мәдениетке қосқан үлесі	3	48

<i>Каренов Р.С.</i> Кенесары Қасымұлы басқарған ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан атақты қазақ батырлары	1	66
<i>Каренов Р.С.</i> Кенесары ханның халық әдебиетіндегі және тарихи зерттеулердегі бейнесі	2	88
<i>Каренов Р.С.</i> Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны» — халық даналығының айғағы	2	112
<i>Каренов Р.С.</i> Ұлы ғұлама әл-Фараби мұрасының әдебиетке, поэзияға қатысты қырлары	3	26
<i>Каренов Р.С.</i> Ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин — көрнекті ақын, жаңашыл жазушы (туғанына 175 жыл толуына орай)	4	36
<i>Каренов Р.С.</i> Хан Кененің сенімді серігі, сайын даланың қаһарман сардары — Мәнжі батыр (туғанына 200 жыл толуына орай)	1	39
<i>Каренов Р.С.</i> Іргелі жазушы, халқымыздың асыл перзенті Ілияс Есенберлиннің әдебиетімізде алатын орны (туғанына 100 жыл толуына орай)	4	54
<i>Кенжебекова Ж.А.</i> Сал-серілердің ұлттық рухани мұрасы	3	37
<i>Қалыбекова Қ.С., Хамзина Қ.М.</i> Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» романындағы тартыс пен характер	3	81
<i>Нәукенұлы Б.</i> Балаларға арналған қазақтың халық ойындарының Қытайдағы тарихи даму барысы ..	4	28
<i>Рахымов Б.С., Утешева А.М.</i> Махамбет поэзиясындағы фольклорлық дәстүр көрінісі	1	61
<i>Такиров С.У.</i> Сәбит Мұқанов және кеңестік сын	3	62
<i>Такиров С.У., Шәмшиева Ж.Н.</i> Асқар Алтай прозасының сюжеттік ерекшелігі	3	20
<i>Шaubиң Чи, Ысқақұлы С.</i> Қытайдағы таяу заман қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен даму үрдісі (XIX ғ. – XX ғ. алғашқы жартысындағы әдебиет мысалында)	4	45
<i>Ысқақұлы С.</i> Таңжарық ақынның табиғат лирикасы	2	108

КӨПТІЛДІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Аманбаева Г.Ю., Әмірханова С.Т.</i> Көптілділікті зерттеудің көкейкесті бағыттары	1	84
--	---	----

ЖУРНАЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Абишева В.Т.</i> Мысқыл дүниетанымдық ұстанымды білдіру тәсілі ретінде	3	101
<i>Абишева В.Т.</i> Отандық журналистика жүйесінде толеранттылық тұжырымдамасы қалыпты норма ретінде	3	90
<i>Асанов Қ.Д., Еркін Ж.Ж.</i> Сөз өнерін меңгеру — болашақ журналистер үшін басты міндет	2	122
<i>Демьянова Ю.А.</i> Очеркист Жуковский: сөздік портреттің кескіні	3	96

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Аманова Г.М.</i> Сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруда қырғыз мектебі оқушыларын сөйлеу іс-әрекеті түрлеріне оқыту	4	71
<i>Байгаж А., Кадина Ж.З.</i> Өзге тілде ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда компьютерлік презентациялар мен бейнефильмдерді қолдану	4	63
<i>Балапанова Қ.Ж., Мизанбаева Г.Ш., Сатеева Б.С.</i> Қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияның қолданылуы	3	122
<i>Жумагулова Н.С., Жумагулова Е.В.</i> Қазақстандағы үш тұғырлы тіл: pros and cons	4	78
<i>Құрман Н.Ж.</i> Қазақ тілін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту негіздері	3	107
<i>Масақова Г.А., Айтбаева Б.М.</i> Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда ақпараттық технологиялардың тиімділігі	3	114
<i>Сағындықова Ж.</i> Шетелде оқыту арқылы мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту	4	67

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

<i>Әбдуов М.І., Қазбеков Т.Б.</i> Асқар таудай әке мұрасын зерттеу	4	84
<i>Әбдуов М.І., Қазбеков Т.Б.</i> Кенесары көтерілісінің қаһарманы Мәнжі батыр туралы зерттеу	3	127

МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІ

<i>Адилова А.С.</i> Мерейтой иесі туралы сөз	2	127
--	---	-----

**Указатель статей, опубликованных
в «Вестнике Карагандинского университета» в 2015 году.
Серия «Филология»**

№ с.

КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Адилова А.С., Смаилова А.Ш.</i> Лексика текстов художественной фантастики (по роману А.-Х.Ф.Мархабаева «Лучи звезд доходят до земли»)	2	4
<i>Ажарбекова Э.Н.</i> Использование вариативных фразеологизмов в художественной литературе	3	4
<i>Ибрагим А.О.</i> Этапы формирования и развития официально-делового стиля в казахском языке	2	27
<i>Кабанов М.Ш., Кадина Ж.З.</i> Связь между предложениями в жанре толгау	1	11
<i>Кадина Ж.З., Кabanов М.Ш., Сатеева Б.С.</i> Особенности поэтики толгау	2	39
<i>Казанбаева А.З., Калыбеккызы Г.</i> Когнитивная характеристика этнокультурной лексики в героических эпосах	4	17
<i>Купаева А.К.</i> Особенности формирования семантики производного слова	2	32
<i>Мажитаева Ш., Садвакасова А.</i> Семантические окказионализмы	1	3
<i>Насыритдинова А.Н.</i> Термины-омонимы в технической терминологии и особенности их использования	2	15
<i>Примбетов Т.Т., Ахметова А.А.</i> Морфологическая структура и лексико-грамматические значения предлогов казахского языка	4	11
<i>Рапишева Ж.Д., Жунусова М.К., Сейдахметова З.К., Кишенова А.Ю.</i> Особенности употребления терминологической лексики в средствах массовой информации	2	9
<i>Рахымберлина С.А.</i> История казахских неофициальных имен: первый период	3	10
<i>Туйте Е.Е.</i> Коммуникативные функции паралингвистических средств	1	18
<i>Турсунова М.А., Тилеубек Ж.Е.</i> Сравнительно-историческая характеристика названий диких животных в тюркских языках	4	4
<i>Шортанбаев Ш.А.</i> Использование стилистико-лексических средств в поэзии Махамбета	2	22

ОБЩЕЕ И РУССКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Amanbayeva G.Yu., Balabekova M.A.</i> Conditions for development of multilingualism in Kazakhstan	2	47
<i>Amanbayeva G.Yu., Kasenova G.B.</i> Modern technologies the professional focused studying of Russian	4	23
<i>Amanbayeva G.Yu., Toleubekova A.T.</i> Integrated models of scientific discourse research	2	53
<i>Kuanysheva A.B.</i> Parameterization of concept «husband» in the Russian language picture of the word	2	58
<i>Nagy Ehiko.</i> IT Competences in preschool teachers training	1	29
<i>Timoshenko V.</i> The concept of biblical expression in modern linguistics	3	15
<i>Зензеров В.Н., Щепина А.А.</i> Роль паралингвистических средств в романе У.С. Моэма «Театр» ...	2	64
<i>Фрешли М.</i> Вино в древнерусской литературе	2	74
<i>Харитонова Л.М., Богомоллова Т.Л.</i> Издательские стратегии в Казахстане	1	24

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<i>Abduova N.M.</i> The content and form of succession	3	43
<i>Abilkasov G.M., Zhakan A.K.</i> Formation of Youth Elocution in the Technical Higher Education Institutions ..	3	76
<i>Абдиманулы У.</i> Слияние чувств и возвышенности в стихотворении	1	50
<i>Абдуов М.И., Алдамуратова А.К.</i> Отражение традиционных мотивов в бытовых сказках	1	34
<i>Алимакынулы Д.</i> Жизнь и творчество акына Зията Кубегенулы	3	69
<i>Жакан А.К.</i> Сопоставление взглядов и персонажей в произведениях С.Бакбергенова и А.Кекилбаева	1	55
<i>Жарылганов Ж.Ж.</i> Принципы романтизма в творчестве Бухар жырау	2	80
<i>Жумагельдин Ж.Ш.</i> Проблема человека и общества в прозе Толена Абдикулы	1	77
<i>Искакулы С.</i> Пейзаж в лирике Танжарык акына	2	108
<i>Калыбекова К.С., Хамзина К.М.</i> О романе Рамазана Токтарова «Абайдың жұмбағы»	3	81
<i>Каренов Р.С.</i> Абу Насыр аль-Фараби: жизнеописание, труды, вклад в мировую науку и культуру	3	48

<i>Каренов Р.С.</i> Верный сподвижник хана Кенесары, отважный военачальник непокоренной Степи — Манжи батыр (к 200-летию со дня рождения)	1	39
<i>Каренов Р. С.</i> Грани творчества Ибрая Алтынсарина (к 175-летию со дня рождения)	4	36
<i>Каренов Р.С.</i> Многогранность творчества Ильяс Есенберлина (к 100-летию со дня рождения)	4	54
<i>Каренов Р.С.</i> Знаменитые народные батыры, принявшие участие в народно-освободительной борьбе под предводительством Кенесары Касымулы	1	66
<i>Каренов Р.С.</i> Исследования в области литературоведения, поэзии как составная часть многогранного научного творчества великого ученого аль-Фараби	3	26
<i>Каренов Р.С.</i> Образ хана Кенесары в народной литературе и исторических исследованиях	2	88
<i>Каренов Р.С.</i> «Трактат об излечении от болезней» Отейбойдака Тлеукабылулы — достояние народной мудрости	2	112
<i>Кенжебекова Ж.А.</i> Национальное духовное наследие сал-сери	3	37
<i>Наукенулы Б.</i> Процесс развития казахских народных игр для детей в Китае	4	28
<i>Рахимов Б.С., Утешева А.М.</i> Фольклорные традиции в поэзии Махамбета	1	61
<i>Такиров С.У.</i> Казахская литературная критика 30–40 годов XX века (на примере произведений С.Муканова)	3	62
<i>Такиров С.У., Шамишева Ж.Н.</i> Особенности сюжета в прозе Аскара Алтая	3	20
<i>Шaubин Чи, Ыскакулы С.</i> Формирование и процесс развития современной казахской литературы в Китае (на примере литературы XIX в. — первой половины XX в.)	4	45

ПРОБЛЕМЫ ПОЛИЯЗЫЧИЯ

<i>Amanbayeva G.Yu., Amirkhanova S.T.</i> Essential research trends of multilingualism	1	84
--	---	----

ПРОБЛЕМЫ ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Абишева В.Т.</i> Ирония как способ выражения мировоззренческой позиции	3	101
<i>Абишева В.Т.</i> Концепция толерантности как норма в системе отечественной журналистики	3	90
<i>Асанов К.Д., Еркин Ж.Ж.</i> Овладение искусством речи — основная задача будущих журналистов	2	122
<i>Демьянова Ю.А.</i> Очеркист Жуковский: штрихи к речевому портрету	3	96

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

<i>Sagyndykova Zh.</i> Developing intercultural competency: study abroad experience	4	67
<i>Аманова Г.М.</i> Взаимосвязанное обучение видам речевой деятельности учащихся кыргызской школы. при формировании речевой компетенции	4	71
<i>Байгаж А., Кадина Ж.З.</i> Использование компьютерных презентации и видеороликов для формирования правил устной речи на иностранном языке	4	63
<i>Балапанова К.Ж., Мизанбаева Г.Ш., Сатеева Б.С.</i> Использование информационных технологий в обучении казахскому языку	3	122
<i>Жумагулова Н.С., Жумагулова Е.В.</i> Трехязычие в Казахстане: pros and cons	4	78
<i>Курман Н.Ж.</i> Основы развития функциональной грамотности в изучении казахского языка	3	107
<i>Масакова Г.А., Айтбаева Б.М.</i> Эффективность информационных технологий в преподавании казахского языка как иностранного	3	114

РЕЦЕНЗИИ И БИБЛИОГРАФИЯ

<i>Абдуов М.И., Казбеков Т.Б.</i> Исследование о герое восстания под предводительством Кенесары — Манжи батыре	4	127
<i>Абдуов М.И., Казбеков Т.Б.</i> Исследование о наследии отца	4	84

НАШИ ЮБИЛЯРЫ

<i>Адилова А.С.</i> Слово о юбиляре	2	127
---	---	-----